This article describes the mineral composition we have developed the mineral and saline briquettes for small cattle is grown in former Semipalatinsk nuclear test site and surrounding territories. Since the main activity of East Kazakhstan region animal. Developed mineral and saline briquettes rich in minerals and effective for reducing levels of radiocaesium in sheep

УДК 636.2.082

А.К. Сагинбаев¹, Н.Ж. Ералин¹, А.М.Рахимов^{1,2}

ТОО «Научно-инновационный центр животноводства и ветеринарии»¹, г. Астана,
АО «Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина»², г. Астана.

УЧЕТ ВЛИЯНИЯ ПОСТОЯННОГО ЭФФЕКТА «БОНИТЕР(КЛАССИФИКАТОР)» НА РЕЗУЛЬТАТЫ ЛИНЕЙНОЙ ОЦЕНКИ ЭКСТЕРЬЕРА КОРОВ МОЛОЧНОГО И МОЛОЧНО-МЯСНОГО НАПРАВЛЕНИЯ ПРОДУКТИВНОСТИ

В данной статье приведены результаты исследований влияния постоянного эффекта «бонитер (классификатор)» на результаты линейной оценки и величину частного индекса экстерьера крупного рогатого скота молочных и молочно-мясных пород. Предложено введение корректирующих коэффициентов на бонитеров (классификаторов) в Казахстане.

Ключевые слова: *молочный и молочно-мясной скот, экстерьер, линейная оценка, индекс экстерьера, бонитер (классификатор), корректирующий коэффициент.*

Оценке племенной ценности скота отводится важная роль начиная с момента становления отрасли животноводства. На основании взаимосвязи продуктивности и экстерьера определяются показатели телосложения животных, по которым ведется селекция.

Современные системы определения племенной ценности молочного и молочно-мясного скота по экстерьеру основаны на данных оценки выбранных в случайном порядке дочерей определенных быков производителей. При этом учитывается так называемый эффект влияния отдельных бонитеров (классификаторов) [1].

Данная мера введена в виду того, что несмотря на регулярное проведение обучения специалистов, проводящих оценку коров, зачастую отмечаются различия в результатах их работы по аналогичным коровам. В случае, если расхождения в оценках между бонитерами (классификаторами)

большие, то будут большими и расхождения рассчитываемых в конечном итоге индексов племенной ценности. Таким образом результаты оценки племенной ценности животных будут не корректными.

Поправка на отдельных бонитеров (классификаторов) проводится не только с учетом так называемых величин отклонений в их оценках, но и отклонений: бонитер (классификатор) – среднегодовое значение. [2].

Статистическая модель оценки племенной ценности животных молочно-мясных пород по экстерьеру выражается следующей формулой(1).

$$Y_{ijklmnopqr} = m + \mathbf{BJ}_i + JS_j + Kn_k + Ak_l + Ab_m + Eka_n + Betr_o + \mathbf{VJ}_p + Tier_p + e_{ijklmnopqr}(1),$$

где, $Y_{ijklmnopqr}$ – значение оценки признака Y ;

m – среднее по всем животным для данного признака;

\mathbf{BJ}_i – постоянный эффект **бонитер (классификатор)*год** оценки;

JS_j – постоянный эффект сезона года;

Kn_k – постоянный эффект счета отела матери;

Ak_l – постоянный эффект длительности межотельного периода;

Ab_m – постоянный эффект длительности периода между дойками;

Eka_n – постоянный эффект возраста коровы при первом отеле;

$Betr_o$ – постоянный эффект предприятия или региона * стадо * год;

\mathbf{VJ}_p – случайный эффект предприятия * год;

$Tier_p$ – случайные эффекты индивидуальных характеристик животного;

$e_{ijklmnopqr}$ – ошибка влияния случайных эффектов неучтенных факторов[1].

Статистическая модель расчета племенной ценности коров голштинской породы по экстерьеру выглядит следующим образом (2).

$$Y_{ijklmn} = EKA_k + Lakt.Stad._1 + (\mathbf{Beur} * \mathbf{Jahr}_i * \mathbf{T} \ddot{o}chterart_t) + (\mathbf{Herde} * \mathbf{Jahr}_j) + a_m + e_{ijklmn}(2),$$

где, Y_{ijklmn} – значение оценки признака;

EKA_k – постоянный эффект возраста коровы при первом отеле;

$Lakt.stad._1$ – постоянный эффект стадия лактации;

$\mathbf{Beur} * \mathbf{Jahr}_i * \mathbf{T} \ddot{o}chterart_t$ – постоянный эффект **бонитер (классификатор) * год * дочери** конкретного быка;

$\mathbf{Herde} * \mathbf{Jahr}_j$ – постоянный эффект стадо*год при мин. пяти оцененных коров в год,

(*sonstRegion*Jahr – или регион*год*);

a_m $Zuchtwert$ – случайный эффект величина показателя племенной ценности;

e_{ijklmn} $Resteffekt$ – случайный остаточный эффект [3].

Для возможной корректировки влияния эффекта отдельных бонитеров (классификаторов) необходимо, чтобы потомство одного быка было оценено большим числом специалистов. Минимальное поголовье, рекомендованное для этого Ассоциацией племенного скотоводства Германии (ARD) составляет 200 голов в год на одного оценщика [4].

Таким образом, в ходе проведенных исследований было установлено, что в странах с развитым животноводством методики по оценке племенной ценности животных молочных и молочно-мясных пород учитывают постоянный эффект «бонитер (классификатор)». Суть такого подхода заключается в учете отклонений в сравнительных оценках различных бонитеров (классификаторов). Поправочные коэффициенты используются в методиках расчета индексов племенной ценности животных. В Инструкции по оценке телосложения молочного скота, используемой на данный момент в Казахстане, не предусмотрен аналогичный подход.

На основании проведенных исследований нами начаты работы по введению в Казахстане поправочных коэффициентов на бонитеров (классификаторов) скота молочного и молочно-мясного направления продуктивности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Dr. Dieter Krogmeier. Zuchtwertschätzung für Exterieurmerkmale // Bayerische Landesanstalt für Landwirtschaft Institut für Tierzucht, 2010. – 1-11 S.
2. Dr. Christian Fürst. Zuchtwertschätzung beim Rind. Grundlagen, Methoden und Interpretationen. // ZuchtData, 2015.– 56 S.

3. Beschreibung der Zuchtwertschätzung für Milchleistungsmerkmale, Zellzahl, Exterieurmerkmale, Nutzungsdauer und Zuchtleistungsmerkmale // Vereinigte Informationssysteme Tierhaltung w.V. (vit), August 2015. – 56 S.
4. ADR-Empfehlung 3.1. Leistungsprüfung für funktionale Merkmale bei Bullen und Kühen (Gesundheit, Reproduktion, Nutzungsdauer, Exterieur, Melkbarkeit). // Arbeitsgemeinschaft Deutscher Rinderzüchter e.V. // Bonn, 12.04.2016 / RL 3.1– 8 S.

**СҮТТІ ЖӘНЕ СҮТТІ-ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ ЭКСЕРЬЕРІН
СЫЗЫҚТЫҚ БАҒАЛАУЫНӘТІЖЕЛЕРІНЕ ТҰРАҚТЫ «БОНИТЕР (СЫНЫПТАУШЫ)»
ӘСЕРІ ҰҚПАЛЫҢ ЕСЕПКЕ АЛУЫ
А.Қ.Сағынбаев, Н.Ж.Ералин, Ә.М.Рақымов**

Бұл мақалада сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың эксерьерің сызықтық бағалау нәтижелеріне және экстерьерлік жеке индекстеріне тұрақты «бонитер (сыныптаушы)» әсерінің ұқпалың есепке алуы келтірілген. Қазақстанда бонитерлер (сыныптаушылар) үшін түзету коэффициенттерін енгізуі ұсынылған.

**THE INFLUENCE OF A 'CLASSIFIER' CONSTANT EFFECT ON THE RESULTS OF THE
LINEAR ESTIMATION EXTERIOR ON DIARY AND DIARY-BEEF COWS
A.K.Saginbayev, N.Zh.Eralin, A.M. Rakhimov**

This article presents the results of studies of the effect of a "classifier" constant effect on the results of the linear estimation and size of the private index for exterior dairy and dairy-beef cattle. It has been proposed the introduction of correction factors to classifiers in Kazakhstan.

ӘОЖ: 619:614.31:637.12.04/07

А.О Истханова, А.С. Қойгелдинова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

**ХЛОРЕЛЛА СУСПЕНЗИЯСЫН ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕСІНДЕ АЛЫНҒАН
СҮТТІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ**

***Аннотация:** Берілген мақалада сиыр сүтінің биологиялық құндылығын зерттеу жұмыстары және нәтижелері ұсынылды. Жай сүттің және хлорелла суспензиясымен азықтандырылған сиырдың сүтінің биологиялық құндылықтары анықталынып, хлорелла суспензиясының маңызы зор екендігі дәлелденді.*

***Түйін сөздер:** сүт, дәрумендер, ауыр металдар, хлорелла суспензиясы, биологиялық құндылығы.*

Қазақстанда ауыл шаурашылығын дамыту үшін жаңа стратегиялық жобалар қолға алынып, осыған қатысты іргелі жұмыстар өткізілуде.

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселеге қатысты арнайы тұстары көп.

Ал мал шаруашылығын дамытудың кез-келген деңгейінде жануарлар басын көбейту үрдесі оны ұдайы өндіру, санитарлық тұрғыдан таза, жарамды өнімдер шығаруына қатысты жұмыстарымен тікелей байланыста өтуі тиісті екені түсінікті [1].

Сүт – басқа ешқандай азық-түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Олай болатын реті де бар. Өйткені организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 проценті сіңеді. Сондай-ақ сүт амин қышқылдарының, макро және микроэлементтердің, дәрумендердің таптырмайтын көзі.

Сүттің тағы бір қасиеті - түрлі азық-түлікпен керемет үндесіп, адам тағамының биологиялық құндылығын көтереді. Өйткені сүт организмге түсетін қоректік заттардың көлемін арттырып қана қоймай, сонымен бірге май, белок, углевод, минералды заттар, тағы басқалармен бірлесе отырып, қоректік заттардың организмге сіңімділігін жақсартады.

Сиыр сүтінің химиялық құрамы үнемі бір қалыпты болмайды. Сүт құрамы мал тұқымына, бағып-күту жағдайына, сауын маусымына және көптеген факторларға байланысты өзгеріп тұрады.

Сүтте А, В1, В2, В6, С, Д, Е2, Е1, F, К, Р, РР, Н және В12 дәрумендері бар. Сүтте қандай дәрумендердің қанша мөлшерде болуы сиырға берілетін азықтардың құрамындағы дәрумендерге байланысты. Қысқа қарағанда жазды күні сауылған сүтте дәрумендер көп болады.

Сүт белогы табиғаттағы ең толық бағалы белок болып есептеледі. Организмде сүт белогы 100% ке дейін қорытылады, сіңімділігі 98% ке дейін барады.

Сүтте адам организміне жететін барлық минералды заттар бар. Минералды заттар организмде ферменттердің жұмысын реттеуге, клеткаларға керекті заттардың алмасуына көмектеседі [2].

Бесқарағай ауданындағы «Балке» шаруа қожалығында малдың өсіп-жетілуі үшін және сапалы өнім алу оларды азықпен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету басты міндет болып табылады. Малдың азығының құнарлығы, құндылығы, дәмділігі малдан алынатын өнімнің сапасына тығыз байланысты. Сондықтан малшаруашылығын дамыту үшін берік жем-шөп қорын жасау, азықтандыру кезінде хлорелла суспензиясын қолдану және сүтті ветеринариялық – санитариялық сараптама жүргізу қажет.

Хлорелла біржасушалы жасыл балдырларға жатады. Жасыл түс беріп тұратын хромофоры жазық астау тәрізді. Хлорелла тек жыныссыз – жасушасындағы цитоплазма бірнешеге бөлініп, әрқайсысынан талшықсыз споралар түзіп көбейеді. Әр спора ұлғайып өсе келе, ересек хлореллаға айналады. Пайда болған хлорелла бір тәулік өткен соң көбейе алады. Тез көбейетін болғандықтан, хлорелланы соңғы кезде ірі қара мен құстың жеміне қосып береді. Хлорелланы өсіру өндірістік жолға қойылған [3].

Зерттеу жұмыстың мақсаты: Шығыс Қазақстан облысы, Бесқарағай ауданы, «Балке» шаруа қожалығындағы сиырларды хлорелла суспензиясымен азықтандыру нәтижесінде алынған сүттің биологиялық құндылығын зерттеу.



Жұмыстың міндеттері:

- хлорелла суспензиясын қолдану алдында сүтке ветеринариялық санитариялық сараптама жүргізу және биологиялық құндылығын анықтау.

- хлорелла суспензиясын қолдану нәтижесінде алынған сүтке ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу және биологиялық құндылығын анықтау.

Зерттеу жұмыстары «Ветеринариялық санитария» кафедрасында, «Балке» шаруа қожалығында және «Радиоэкологиялық зерттеулердің ғылыми орталығы» инженерлік бейіндегі аймақтық сынақ зертханасында жүргізілді.

Алдымен «Балке» шаруа қожалығындағы сиырлардың сүті сауып алынды және де сүттің биологиялық құндылығы анықталынды. Ары қарай арнайы қондырғы арқылы өсірілген хлорелла балдырларымен сиырлар азықтандырылды. Нәтижесінде алынған сүттің биологиялық құндылығы зерттелінді. Зерттеу барысында жаңа замануи қондырғылар қолданылды. Сүттің физика-химиялық құрамы «Клевер-2М» аспабымен анықталды (1 сурет), сүттің құрамындағы ауыр металдар Австралия еліндегі «VARIAN» фирмасында жасалынған индуктивті байланысқан плазмалы масс-спектрометрінде зерттелінді ал дәрумендер Жапония еліндегі «SHIMADZU» фирмасының сұйықтық хроматографында зерттелінді. Зерттеу нәтижелері 1-6 кестелерде берілген.



Сурет 1 – Сүттің физика-химиялық құрамын зерттеу

Кесте 1 – Хлорелла суспензиясын қолдану алдындағы сүттің физика-химиялық құрамы

Өнім атауы	Майлылығы, %	Ақуыз саны, %	СОМО, %	Тығыздығы, кг/см ³
Сүт n=10	4,43	3,18	8,04	1027
FAO/ВОЗ	2,5 тен аз болмау керек	3,0 тен аз болмау керек	100 ден көп болмау керек	1027-1029

Кесте 1- нәтижелері бойынша сүттің майлылығы - 4,43%, ақуыз саны - 3,18%, сүттің майсыз құрғақ қалдығы - 8,04%, тығыздығы - 1027 кг/см³ болды.

Кесте 2 – Хлорелла суспензиясын қолдану алдындағы сүттегі дәрумендердің мөлшері

Өнім атауы	В1 (тиамин), мг/100г	В2 (рибоф-лавин), мг/100г	В6 (пиридоксин), мг/100г	С(аскорбин қышқылы), мг/100г
Сүт n=10	0,035	0,082	0,039	0,862

Кесте 2 - де сүтте В1, В2, В6 және С дәрумендері анықталған. Нәтижесінде 100 г сүттегі В1 дәрумені 0,035 мг, В2 дәрумені 0,082 мг, В6 дәрумені 0,039 мг, С дәрумені 0,862 мг көрсетті.

Кесте 3 – Хлорелла суспензиясын қолдану алдындағы сүттегі ауыр металлдар мөлшері

Өнімнің атауы	Қорғасын, мг/кг	Мышьяк, мг/кг	Кадмий, мг/кг	Сынап, мг/кг
Сүт n=10	-	0,0002	0,01	-
ШРК, мг/кг	0,1	0,05	0,03	0,005

Кесте 3 - нәтижесінде сүттің құрамында қорғасын, мышьяк, кадмий және сынап ауыр металлдары анықталынды. Нәтижесінде қорғасын және сынап металлдары мүлдем болған жоқ, мышьяк мөлшері 0,0002 мг-ды, ал кадмий мөлшері 0,01 мг-ды құрады, яғни ШРК-дан төмен мәндерді көрсетті.

Хлорелла суспензиясын қолдану нәтижесінде алынған сүтті зерттеу барысында физика-химиялық құрамы келесі мәндерді көрсетті (Кесте 4).

Кесте 4 – Хлорелла суспензиясын қолдану нәтижесінде алынған сүтті зерттеу барысында физика-химиялық құрамы

Өнім атауы	Майлылығы %	Ақуыз саны, %	СОМО, %	Тығыздығы, кг/см ³
Сүт n=10	6,71	3,38	8,33	1028
ФАО/ВОЗ	2,5 тен аз болмау керек	3,0 тен аз болмау керек	100 ден көп болмау керек	1027-1029

Кесте 4 - нәтижесінде сүттің майлылығы - 6,71%, ақуыз саны - 3,38%, сүттің майсыз құрғақ қалдығы - 8,33% және тығыздығы 1028 кг/см³ болды.

Кесте 5 – Хлорелла суспензиясын қолдану нәтижесінде алынған сүттегі дәрумендер құрамы

Өнім атауы	В1 (тиамин), мг/100г	В2 (рибофлавин), мг/100г	В6 (пиридоксин), мг/100г	С (аскорбин қышқылы), мг/100г
Сүт n=10	0,041	0,132	0,051	1,256

Кесте 5 - зерттеу нәтижесінде 100 г сүттегі В1 дәрумені 0,041 мг, В2 дәрумені 0,132 мг, В6 дәрумені 0,051 мг, С дәрумені 1,256 мг көрсетті.

Кесте 6 – Хлорелла суспензиясын қолдану нәтижесінде алынған сүттегі ауыр металдар мөлшері

Өнім атауы	Қорғасын, мг/кг	Мышьяк, мг/кг	Кадмий, мг/кг	Сынап, мг/кг
Сүт n=10	-	0,00018	0,0082	-
ПДКмг/кг	0,1	0,05	0,03	0,005

Кесте 6 - да зерттеу нәтижесінде хлорелла суспензиясын қолдану нәтижесінде алынған сүттің құрамында қорғасын және сынап металдары табылған жоқ, мышьяк мөлшері 0,00018 мг-ды, ал кадмий мөлшері 0,0082 мг-ды құрады, яғни ШРК-дан төмен мәндерді көрсетті.

Қорытынды: қорытылай келгенде хлорелла суспензиясы дәрумендерге мол болғандықтан сүтінде биологиялық құндылығын жақсартқанын алынған зерттеулер нәтижелерінен байқап отырмыз. Яғни жай шөппен және жеммен азықтандырылған сиырдың сүтінің майлылығы 4,43%, ақуыз саны 3,18 %, сүттің майсыз құрғақ қалдығы 8,04% ал тығыздығы 1027 кг/см³ болса, хлорелла суспензиясымен азықтандырылған сиыр сүтінің майлылығы 6,71%, ақуыз саны 3,38 %, сүттің майсыз құрғақ қалдығы 8,33% ал тығыздығы 1028 кг/см³ тең болды.

Дәрумендер құрамын жай сүтпен салыстырғанда хлорелла суспензиясымен азықтандырылған сиыр сүтінде В1 дәрумені 17% өскен, В2 дәрумені 61%, В6 дәрумені 30,7%, С дәрумені 45,7% өскен, яғни малды азықтандыруда хлорелла суспензиясын қолданудың маңызы зор екенін дәлелденді.

Бекишева Ж.С. **ӘДЕБИЕТ**

1. Сиырлардың төлдеуден кейінгі кезеңіндегі сірі желінсауын диагностикалау және емдеу әдістерін құрастыру // Философия докторы PhD дәрежесін алу үшін жасалған диссертация. Астана, 2015 - 9 б.
2. Барақбаев Б. Сүт және сүт тағамдары. Алматы Қайнар, 1989. - 6 б.
3. Балдырлар. [электронды ресурс] URL: http://itest.kz/lekciya_iii_tarau_baldyrlar (Қаралған күні 02.12.2016ж)

ИССЛЕДОВАНИЕ БИОЛОГИЧЕСКОЙ ЦЕННОСТИ МОЛОКА ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ СУСПЕНЗИИ ХЛОРЕЛЛЫ

А.О. Истханова, А.С. Койгельдинова

В данной статье приведены исследования и результаты биологической ценности молока коров. Исследована биологическая ценность молока до и после применения суспензии хлореллы, так же доказана эффективность применения суспензии хлореллы.

STUDY BIOLOGICAL VALUE MILK BY SUSPENSION OF CHLORELLA

A.O. Istanova, A.S. Koygeldinova

This article describes the study and the results of the biological value of milk cows. Investigated the biological value of milk before and after application of a suspension of Chlorella, as well proved the effectiveness of a suspension of Chlorella.

БРУЦЕЛЛЕЗ БОЙЫНША ҚОЛАЙСЫЗ ОШАҚТАРДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

***Аннотация:** Мақалада Шығыс Қазақстан облысы жануарлары, оның ішінде мүйізді ірі қара және мүйізді ұсақ малдары арасында бруцеллез ауруы байқалған қолайсыз ошақтарда жүргізілетін ветеринариялық - санитариялық іс - шаралар жайында жазылған.*

***Түйін сөздер:** Шығыс Қазақстан облысы, бруцеллез, қолайсыз ошақ, шектеу, диагностикалық тексерістер, ветеринариялық - санитариялық іс-шаралар.*

Жануарлар арасында бруцеллез өте өзекті мәселелер қатарында, өйткені ауру қоздырғыштары бір болған соң адамдарға жұғып, ауру тудырады. Сондықтанда, қазіргі кезеңде бруцеллезге қарсы аурудың алдын алудың тиімді шараларын жасауға мәжбүрміз.

Бруцеллез өте ертеден белгілі, біздің эрамызға дейін 460-337 жылдарда Гиппократ осы ауруды сипаттап жазған. Кейіннен XV11 – XV111 ғасырларда дәрігерлердің жазбаларында бруцеллез жайлы деректер ұшырасады, ал 1861 жылы бруцеллез туралы толық ақпарат болды. XIX ғасырдың алғашқы жартысында бруцеллездің зерттелуінің жаңа дәуірі болды деп саналады, өйткені Жер орта теңізінің жағалауларында және аралдарында алғашқы рет бруцеллездің қоздырғышын дәрігер Брюс 1886 жылы ашты [1]. Бруцеллезбен тек жануарлар ауырады деген ұғымды теріске шығарып, адамдар мен жануарлардың бруцеллез ауруының қоздырғышы бір қоздырғыш екенін дәлелдеді.

Бруцеллездің алдын алу ветеринариялық – санитариялық ережелердің талаптарын орындай отырып, шаруашылықтағы жануарларға ауру қоздырғышын жұқтырмауға бағытталған. Ол мақсатта қолданылатын әртүрлі вакциналар бар. Ауруды болдырмау мақсатында қолдағы ауылшаруашылығы малдарын, оның ішінде сатып алынғанын да тіркеуге алып, номерлеу; сатып алу, сату, сою тек ветеринария қызметкерлерінің рұқсатымен іске асыру; сатып алынған жануарларды 30 күн карантинге қою; бруцеллез ауруына күдіктенген (түсік тастау, эмбрионның өлі шығуы) барлық жағдайда ветеринария қызметкерлеріне хабарлау; малдарды азықтандырып, күтетін адамдардың жеке басының тазалығын сақтау; ауру ошақтарында дезинфекция жүргізу; ауру малдарды сою; шикі сүтті ішпеу; ветеринариялық санитария дәрігері рұқсат етпеген орындардан ет және сүт өнімдерін сатып алмау және т.б. іс-шаралар қарастырылған [2].

Бруцеллез бойынша қолайсыз ошақтарда жалпы шектеу қою, жануарларды номерлеу, карантиндік шараларды жасау, қоздырғышты таратпау жайлы іс-шаралар жасалады.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарына 16 бруцеллездің өтпелі ошақтары болса, төртеуі Тарбағатай ауданына тиесілі. 2016 жылы 21 бруцеллез бойынша қолайсыз ошақ ашылған. Бұрынғы бруцеллез бойынша қолайсыз ошақтарды қосып санағанда 2016 жылы 22 ошақ жабылды. Қазіргі таңда бруцеллез бойынша жұмыс атқарылып жатқан қолайсыз ошақтар саны 14 (кесте 1).

Шектеу жайында жариялау туралы шешім қабылданғаннан кейін қызмет көрсету аумағына бруцеллез бойынша қолайсыз пункт кіретін ЖАО бөлімшесінің ветеринариялық – санитариялық дәрігері ұйымдастырушылық - шаруашылық, ветеринариялық – санитариялық және арнайы ветеринариялық шаралары енетін сауықтыру іс - шараларының жоспарын әзірлейді. Сауықтыру іс шараларының жоспарын әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының келісімі бойынша ЖАО бөлімшесі бекітеді.

Бруцеллез бойынша қолайсыз ошақтарда жүргізілетін іс-шараларды іске асыру жөніндегі ветеринариялық – санитариялық іс-шаралар «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» РММ ұйымының күшімен Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі. Эпизоотиялық ошақтарды табу және бруцеллез бойынша қолайсыз ошақтардың аумағын анықтау мақсатында шектеу орнатылады [3].

Кесте 1 - Көкпекті, Тарбағатай аудандары бойынша бруцеллез ауруы ошақтарында атқарылып жатқан жұмыстары (2015,2016 жылдар)

№	Шаруашылықтар	Мал түрі (соңғы қан алынған мал басы саны)	Әкім шешімінің шыққан күні	Сараптама шыққан күні	Шешім №	«РЭО» РММ келген күні	«РЭО» РММ келу ұзақтығы	Жабылуы бойынша болжам	Жабылғаны
Көкпекті ауданы (2015 жыл)									
1	Бастаушы а/о Көкжота ауылы	ІҚМ 525 бас	10.07.2015 ж №164 шешім	29.04.15 ж	№274	28.07.2015 ж	90 күн	15.022 015 ж	жабылды
2	Қоқжайық а/о «Рустам» ШҚ	ІҚМ 833 бас	27.07.2015 ж № 178 шешім	18.06.15 ж	№308	19.08.2015 ж	61 күн	15.12.2015ж	жабылды
Тарбағатай ауданы (2016 жыл)									
3	Сәтбаев а/о «Тоғасбай» қыстағы	ІҚМ 245 бас	30.09.2015 ж №582 шешім	18.06.15 ж	№391	26.11.15 ж	160 күн	0910.2 016ж	жабылды
4	Сәтбаев а/о «Ақсиыр» қыстағы	ІҚМ	30.09.2015 ж №582 шешім	18.06.15 ж	№392	26.11.15ж	160 күн	22.062 016 ж	жабылды
5	Екпін а/о «Бекнұр» қыстағы	ІҚМ	30.09.2015 ж №585 шешім	18.06.15 ж	№389	26.11.15ж	160 күн	12.03 2016 ж	жабылды
6	Құмкөл а/о «Кеңесбай» қыстағы	ІҚМ	30.09.2015 ж №584 шешім	18.06.15 ж	№390	26.11.15ж	160 күн	20.032 016 ж	жабылды
7	Екпін а/о Күйгенқор а учас-і	МҰМ 397 бас	08.01.2016 ж №4 қаулысы	02.12.15 ж	№26	29.02.16 ж	88 күн	25.07 2016 ж	жабылды
8	Қызыл-кесік а/о «Әбділда» қыстағы	МҰМ 378 бас	30.12.2015 ж №728 қаулысы	11.11.15 ж	№27	29.02.16 ж	110 күн	24.122 016 ж	жабылды
9	Кіндікті а/о «Болсынбек» қыстағы	МҰМ 773 бас	30.12.2015 ж №727 қаулысы	11.11.15 ж	№30	29.02.16 ж	110 күн	2016 ж	жабылды
10	Көкжыра а/о «Мұздысай» қыстағы	МҰМ 581 бас	30.12.2015 ж №726 қаулысы	11.11.15 ж	№31	29.02.16 ж	110 күн	05.062 016 ж	жабылды
11	Құмкөл а/о «Қызылжұлдыз» елді мекені	ІҚМ 986 бас	01.04.2016 ж №154 қаулысы	14.03.15 ж	№79	13.05.16 ж	45 күн		

Ветеринариялық – санитариялық және арнайы ветеринариялық – гигиенелік шаралар жабдықтарды, үй, қора – қосықты, ауру малдарды тасымалдаған көліктерді дезинфекциялай отырып, жем-шөп, сойыс өнімдері қалдықтарын залалсыздандырып, бруцеллез бойынша қолайсыз ошақтарда жоғары деңгейде санитариялық ахуал қарастырады. Бруцеллез бойынша қолайсыз ошақтарда ветеринария қызметкерлерінің, жұмысшылардың, бақташылардың жеке басының гигиенасына басты назар аударылады. Ауру малдарды қабылдау, тасымалдау, сою және оны өңдеуден өткізетін, олардан алынатын қосымша өнімдерді өндейтін адамдардың медициналық кітапшасы болуы қажет. Ол құжатта оның індетті аурулармен ауырмайтыны жайлы деректер болуы қажет, арнайы вакцинацияланған, тексеруден өткен адамдарға ғана рұқсат етіледі.

Шектеу жайында жариялау туралы шешім қабылданғаннан ауылдық округінің әкімімен білесе отырып жергілікті ветеринариялық – санитария дәрігері «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» РММ мамандарымен бірлесе отырып ұйымдастырушылық - шаруашылық, ветеринариялық – санитариялық және арнайы ветеринариялық шаралары енетін сауықтыру іс - шараларының жоспарын әзірлейді.

Одан әрі қолайсыз ошақтарда тұратын тұрғындар арасында үгіт – насихат, түсіндіру жұмыстарын өткізеді. Ветеринариялық – санитариялық және ветеринариялық – гигиенелік ережелер жайлы, адамдардың жеке басының тазалығы туралы, бруцеллезге қарсы іс – шаралар жайлы жұмысшылар мен ауылшаруашылығы нысандарының иелеріне, бақташылар арасында міндетті нұсқама (инструктаж) өткізіледі.

Бруцеллез ауруы шыққан малдардың иелері мен олардың отбасы мүшелерін медициналық тексерістен өткізу ұйымдастырылады.

Қора – жайларда жануарлармен жұмыс істеу ережесін толықтай сақтау және жұмысқа тартылған жұмыскерлерді арнайы киіммен (халаттар, резеңке колғап, резеңке етік) және басқа да жеке қорғаныс аспап – құралдармен қамтамасыз етіледі.

Шектеу қойылған аумақтан және сол аумақ арқылы жануарларды тасымалдауға, шектеу жайында жарияланған аумаққа сау малдарды енгізуге, арнайы көліктермен (кузовы жабық, еденінен сұйық өтпейтін темір жол, су және автокөліктер) союға жіберілген малдан басқа малды шығаруға рұқсат етілмейді.

Бруцеллезбен ауырған малдарды және олардың төлдерін тез арада сау малдардан бөліп алып, жеке оқшаулау қажет. Жауарлардың етке тапсырудан экономикалық тұрғыдан тиімсіздігіне, асыл тұқымды жануар екендігіне, өнім беру құндылығына, семіздігіне, жасына және физиологиялық күйіне қарамай, 15 күннің ішінде арнайы жабдықталған санитариялық қасапханада сойылуы тиіс.

Бруцеллезбен ауырған малдарды тасымалдау аса сақтықпен ветеринариялық – санитариялық және ветеринариялық – гигиенелік ережелердің қатаң орындалуымен іске асырылуы тиіс. Ауру малдарды тасымалдаудың ұйымдастырушылық – шаруашылық шаралары ауылдық округінің әкімінің, ветеринариялық – санитариялық шаралар ветеринариялық – санитариялық инспектордың қатаң қадағалуында болуы керек.

Мал қоралары мен аулаларды механикалық әдіспен тазарту күнделікті және керек жағдайда үнемі жүргізіліп отыруға, ауру малдар ұсталынған қоралардағы төсеніштер мен жем – шөп қалдықтары өртелуге, қи-тезектері арнайы арнайы орындарда биотермиялық залалсыздандырудан өтуге тиісті. Мал қоралары мен аулаларды механикалық әдіспен тазартудан соң дезинфекция жұмыстары атқарылуға тиісті.

Қолайсыз ошақтарда арнайы іс – шаралардың арасынан диагностикалық шараларды өткізгенде, ауру малдарды оқшаулағанда , ауру малдарды сою кезеңдерінде, ауылдық округтерде, елді мекендерде және шаруашылық нысандарында жүргізілетін жұмыстарды қамтитын сауықтыру шараларын жүйелі түрде іске асыру қажет. Ауру шыққан ауылшаруашылығы нысандарынан әр 15-30 күн сайын екі мәрте теріс нәтиже алынғанға дейін РБП және КБР бойынша серологиялық тексеруді ұйымдастыру қажет. Шектеу аймағындағы малдардан екі рет теріс нәтиже алынғанша қан алу жұмыстары жалғасады.

Оң нәтиже берген әр малды және олардың төлдерін тез арада сау малдардан бөліп алып, жеке оқшаулаулауып, 15 күннің ішінде арнайы жабдықталған санитариялық қасапханада сойылуы тиіс. Ауру анықталған мал қоралары мен аулаларды механикалық әдіспен тазартудан соң дезинфекция жұмыстары атқарылады.

Бруцеллезге қолайсыз ошақтарда, аурудың тиылғаны байқалып, эпизоотиялық жағдай жақсарған кезеңде қорытынды залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі, қорытынды залалсыздандыру жұмыстарының сапасы зертханалық тексерумен және арнайы құқықты құжатпен расталады.

Соңында сауықтыру шаралары бойынша жүргізілетін кешенді ұйымдастырушылық - шаруашылық, ветеринариялық – санитариялық және арнайы ветеринариялық шаралары орындалған соң ғана шектеу шаралары жергілікті әкімнің шешімімен алынады. Жануарлар мен адамдарға ортақ бруцеллез ауруын болдырмау және бруцеллезге қолайсыз ошақтарда ветеринариялық – санитариялық шараларды дер кезінде және жоғары деңгейде өткізгенде бруцеллезді таратпауға толықтай мүмкіндік туындайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Студенцов К.П. Бруцеллез сельскохозяйственных животных // Алма-ата, Кайнар. - 1965. - С. 6-11
2. Иванов Н.П. . Основные мероприятия по борьбе с бруцеллезом сельскохозяйственных животных в Казахстане // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. - 1981.- №7. - С. 64-72
3. Ветеринарное законодательство // Астана – 2010. - т. 2 - С. 42

МЕРОПРИЯТИЯ В НЕБЛАГОПРИЯТНЫХ ОЧАГАХ ПО БРУЦЕЛЛЕЗУ

С. Жуматаев, С.Т. Дюсембаев

В данной статье приведены ветеринарно-санитарные мероприятия, проводимые в неблагоприятных очагах по бруцеллезу крупного рогатого скота в Восточно-Казахстанской области.

ADVERSE EVENTS IN FOCI OF BRUCELLOSIS

S. Zhumataev, S.T. Dyuyssembaev

This article provides veterinary-sanitary activities in adverse foci of brucellosis of cattle in East Kazakhstan region.

УДК 6.37.12.045

К.С. Сулейменов, Б.Ж. Кожебаев, А.М. Токенова, Л.Б. Муканова

Государственный университет имени Шакарима города Семей

БЕЛКОВЫЙ СОСТАВ МОЛОКА КОРОВ МЯСНЫХ ПОРОД РАЗВОДИМЫХ НА ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация: В статье приведены результаты исследований пробы молока симментальской, казахской белоголовой, герефордской и аулиекольской пород разводимых в крестьянских хозяйствах на Востоке Казахстана. Исследования показали, что в отличие от молока молочных пород в молоке мясных коров содержится больше казеина и напротив, меньше сывороточных белков. Породные особенности в наибольшей степени выражены у симментальских коров и казахской белоголовой породы. Их молоко отличалось высокой белковостью наивысшим содержанием казеина, коровы казахской белоголовой породы, кроме того, имели повышенную концентрацию сывороточных белков, а симментальские, напротив, низкую концентрацию этих белков. По белковому составу молока наиболее сходными оказались породы герефордская и аулиекольская.

Ключевые слова: молоко, мясные породы скота, белок, казеин, белки сыворотки.

Известно, что одним из факторов будущей продуктивности животных является правильное кормление молодняка, для которого важное значение имеет молочная продуктивность матери и состав ее молока. Главным компонентом молока являются белки. Именно они оказывают существенное влияние на увеличение пропорций тела, состав и объем мышечной ткани. В настоящее время в молоке коров выявлено до 20 белковых компонентов, содержание которых у крупного рогатого скота мясных пород слабо изучено. В научной литературе весьма скудны данные о влиянии белкового состава молока на рост и развитие мясного молодняка. Исследования, направленные на решение этих вопросов, имеют важное значение для повышения сохранности молодняка, его жизнеспособности и увеличения интенсивности роста[1].

В настоящее время в Казахстане районированы такие мясные породы как казахская

белоголовая, герефордская, лимузинская, абердин-ангусская, симментальская мясного типа и аулиекольская. Как известно, одним из факторов будущей продуктивности животных является правильное кормление молодняка, для которого важное значение имеет молочная продуктивность матери и состав ее молока.

Главным компонентом молока являются белки. Именно они оказывают существенное влияние на увеличение пропорций тела, состав и объем мышечной ткани. В настоящее время в молоке коров выявлено до 20 белковых компонентов, содержание которых у крупного рогатого скота мясных пород слабо изучено. В научной литературе весьма скудны данные о влиянии белкового состава молока на рост и развитие мясного молодняка. Исследования, направленные на решение этих вопросов, имеют важное значение для повышения сохранности молодняка, его жизнеспособности и увеличения интенсивности роста.

Существенную роль играет и качественные показатели мяса (калорийность, содержание жира в тушах и т.д.). В отдельных регионах и странах значение говядины как продукции убоя домашнего скота неодинаково, что связано не только с рекомендациями диетологов, но и с кулинарными традициями, особенностями этнического состава населения, религией. Поэтому не исключается влияние некоторых из этих факторов на динамику валового производства говядины.

Повышение эффективности производства говядины является одной из важных задач продовольственной программы. Она должна решаться комплексно, с учетом конкретных хозяйственных и экономических возможностей, а также более полной реализации генетического потенциала продуктивности молодняка и внедрением ресурсосберегающих технологий содержания и кормления животных. Производство говядины в нашей стране на 97% осуществляется за счет скота молочного и комбинированного направления продуктивности, что является мало эффективным и при этом мясо имеет пониженное качество. Поэтому уже на ближайшие годы предусмотрено ускоренное развитие мясного скотоводства на основе разведения специализированных мясных пород скота[2].

Материалы и методики исследования: Целью исследований являлось проведение комплексного исследования белкового состава молока коров мясных пород. Пробы молока брали у четырех наиболее распространенных пород коров мясной продуктивности - симментальской, казахской белоголовой, аулиекольской и герефордской пород. От каждой породы были взяты по 30 проб молока.

Результаты исследования: В результате проведенных исследований установили, что в молоке мясных коров содержатся аналогичные белковые фракции как у молочных пород, разводимых в Восточном Казахстане. В молоке коров мясных пород обнаружено, как у молочного скота, 16 белковых фракций, из них 9 казеиновых, 7 сывороточных, они оказались идентичными у пород обоих направлений продуктивности. Различия между породами выявлены по концентрации этих фракций. В молоке мясных коров содержалось больше общего белка, казеина и, напротив, меньше сывороточных белков. Поэтому структура молочного белка у мясного скота была несколько иной, нежели у молочного; у них доли соотношений казеина и сывороточного белка составило соответственно 81:19 % и 79:21 %.

Таблица 1 - Содержание белков в молоке коров мясного и молочного направлений продуктивности

Белки	Содержание белков в молоке по направлениям продуктивности			
	мясное, n=143		молочное, n=378	
	М±m, г/100 мл	%	М±m, г/100 мл	%
Общий белок	3,513±0,032	100	3,352±0,026	100
Казеины:	2,850±0,031	81,1	2,654±0,024	79,2
Белки сыворотки:	0,663±0,003	18,9	0,698±0,009	20,8

Следовательно, молоко коров мясного направления продуктивности по белковому составу существенно отличается от молочных коров. В отличие от них в молоке мясных коров содержится больше казеина и, напротив, меньше сывороточных белков. Эти различия главным образом обусловлены соответствующей концентрацией следующих белковых фракций в молоке: αS0 -, β -, κ -, γ -, s - казеинов, F - фракции сыворотки, β - лактоглобулина и α - лактальбумина.

Изучали межпородные различия по содержанию белков в молоке коров у исследованных мясных пород (таблица 2). Прежде всего следует отметить, что все они превышали молочных пород

по белковости молока. Среди них наибольшей белково-молочностью отличались коровы казахской белоголовой породы - 3,617 г/100 мл ($P < 0,001$). Им было характерно повышенное содержание как казеинов (2,896 г/100 мл), так и белков сыворотки (0,721 г/100 мл; $P < 0,05 \dots 0,001$).

Таблица 2 - Содержание белков в молоке коров мясных пород

Белки	Содержание белков по мясным породам, г/100 мл							
	герефордская, <i>n</i> =30		аулиекольская, <i>n</i> =30		казахская белоголовая, <i>n</i> =30		симментальская, <i>n</i> =30	
	М±т	%	М±т	%	М±т	%	М±т	%
Общий белок	3,42±0,037	100	3,48±0,048	100	3,617±0,045	100	3,52±0,038	100
казеины	2,76±0,031	80,9	2,78±0,039	80,0	2,896±0,034	80,1	2,94±0,025	83,5
белки сыворотки	0,65±0,028	19,1	0,69±0,030	20,0	0,721±0,032	19,9	0,58±0,018	16,5

Другой отличительной породой оказалась симментальская. Ей была характерна несколько иная структура молочного белка, у которой в молоке содержалась наивысшая доля казеина (83,5 %) и напротив, наименьшая доля белка сыворотки (16,5 %).

Наиболее сходными по белковому составу молока оказались породы герефордская и аулиекольская. Они имели почти равное содержание общего белка (3,421 и 3,482 г/100 мл), казеина (2,769 и 2,786 г/100 мл), белка сыворотки (0,652 и 0,696 г/100 мл).

Заключение. Таким образом, исследование белкового состава молока коров мясных пород показало наличие между ними существенных различий. Породные особенности в наибольшей степени выражены у симментальских коров и казахской белоголовой породы. Их молоко отличалось высокой белковостью наивысшим содержанием казеина, коровы казахской белоголовой породы, кроме того, имели повышенную концентрацию сывороточных белков, а симментальские, напротив, низкую концентрацию этих белков. Для коров последней породы характерно несколько иное соотношение казеина и белка сыворотки (93,5:17, 5%), нежели у других пород (80:20 %). По белковому составу молока наиболее сходными оказались породы герефордская и аулиекольская.

ЛИТЕРАТУРА

1. Федосеева Н. Связь межотельного периода с молочной продуктивностью коров // Молочное и мясное скотоводство.- 2007.-№7.-С. 25-26
2. Сакса Е. И., Барсукова О. Е. Влияние уровня молочной продуктивности на плодовитость коров // Зоотехния. – 2007 - № 11. – с. 23 – 26.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫТІН ІРІ ҚАРА МАЛ ТҰҚЫМЫНЫҢ СҮТІНДЕГІ БЕЛОК ҚҰРАМЫ К.С. Сулейменов, Б.Ж. Кожебаев, А.М. Токенова, Л.Б. Муканова

Бұл мақалада Шығыс Қазақстанның шаруа қожалықтарында өсірілетін симментал, қазақтың ақбас, герефорд және ауликөл тұқымдарының сүтінің үлгін зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей ет бағытындағы сиыр тұқымдарының сүтінің құрамында казеин мөлшері сүтті бағыттағы сиыр тұқымдарына қарағанда көбірек болып, сарысулы ақуыздар аз кездескен. Тұқымдық ерекшеліктері бойынша симментал сиырлары және қазақтың ақбас тұқымды малдарында жоғары дәрежеде көрінді. Бұлардың сүттері мол көлемді белокты казеинмен ерекшеленеді, қазақтың ақбас тұқымды сиырлары сарысулы ақуызының үлесі көп болды, ал симментал сиырларында төмен екендігі көрсетілген. Герефорд және ауликөл тұқымдарында сүт құрамында ақуыздық құрамы бірдей болған.

PROTEIN COMPOSITION OF MILK OF COWS OF MEAT BREEDS BRED IN THE EAST OF KAZAKHSTAN

K.S. Suleimenov, B.Z. Kozhebaev, A.M. Tokenova, L.B. Mukanova

The article presents the results of research samples of milk Simmental, Kazakh white, Hereford and auliekolskoy breeds bred in farms in the East Kazakhstan. Studies have shown that unlike milk in the milk of dairy breeds of beef cows casein and contains more contrast, less of serum proteins. Breed characteristics are most pronounced in the Fleckvieh cows and Kazakh white breed. Their milk is characterized by high protein content highest content of casein, cow Kazakh white breeds, moreover, have an increased concentration of serum proteins and Simmental, on the other hand, a low concentration of these proteins. According to the protein composition of milk were the most similar breed Hereford and auliekolskaya.

ӘОЖ: 619:616.98:579.852.11-036(574.25)

Ш.А.Тастемирова, Е.О.Омарбеков, А.Н. Байғазанов

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университеті

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ТОПАЛАҢ ІНДЕТІНІҢ ЭПИЗООТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация: Бұл мақалада Шығыс Қазақстан облысында топалаң індетінің эпизоотологиялық жағдайы туралы сипаттама берілген. Топалаң індетінің өлекселерін көмген орындар негізінде мал қорымдарының картасы құрастырылған. Топалаң індетіне қарсы іс-шараларды күшейтудің маңыздылығы жайлы айтылған.

Түйін сөздер: топалаң, мал қорымы, індет ошағы, координаттар

Топалаң (антракс) – жануарлардың және адамдардың аса қауіпті жұқпалы індеті. Қоздырушының топырақта ұзақ уақытқа дейін сақтала алатын және онда көбейе алатын, сонымен қатар жоғары патогендік қасиеттерінің арқасында, бір рет індет өршіген аймақта бірнеше рет қайталана алады. Қазақстан аумағында топалаңның жиі тіркеліп отыруына байланысты індеттің аса қауіпті екендігіне негіз береді. Жерді қазу және табиғи апаттардың нәтижесінде ертеде індет ошағы болған, індеттен сау емес аймақтарда топалаңның қайта тууы қазіргі статистиканы жаңартып отыр. Бұрын тіркелген белсенді емес ошақтар қазіргі статистикамен есепке алынбайды. Олар туралы мәліметтерді сібір жарасының кадастрынан, есептерден, эпизоотиялық журналдардан және эпизоотиялық карталардан алуға болады. Бірақта, мал өлекселері көмілген орындар қауіпті болып қала береді.

Қазіргі таңда, Қазақстанда метеорологиялық және экологиялық факторлар картографиялық жағдай сонымен қатар індеттің болжамы топалаң індетінің мал қорымдарына сай бір жүйеге келтірілмеген. Осыған орай топалаң індетінің эпизоотологиялық мониторингі және дифференциальды диагностикасы ветеринария ғылымы және тәжірибесі үшін өзекті мәселе болып табылады[1].

Қоздырушысы 70 жылға дейін сақтала алатын адамдар мен жануарларға аса қауіпті топалаң індетінің вакцинопрофилактикасының ашылуы арқылы, індеттің таралу қаупінің төмендеуі адамзат үшін үлкен жетістік болып келеді.

ХЭБ мәліметтеріне сүйенсек, Азия және Африка мемлекеттерінің (Пәкістан, Ангола, Эфиопия, Монғолия Қытай және т.б.) көбінде жыл сайын жануарлар арасында топалаң індеті тіркеліп отырады. Орта Азия елдерінде Қазақстанмен шекаралас немесе экономикалық байланыс бар елдер (Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей) соның ішінде Тәжікстанда 1000-нан аса індеттен таза емес аймақтар бар. СЭС мәліметтеріне сәйкес, тек қана Душанбе қаласында зақымдалған еттен адамдар арасында топалаңның туындауына себепші болған 338 жағдай тіркелді.

Жергілікті аудандарда індеттің қайталануы кез келген мемлекетте топалаң ауруының пайда болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Жетекші инфекционисттердің пайымдауынша, індет қоздырушысына иммунитеті жоқ жануарлар арасында аурудың өршуі жоғары болғандықтан, індетке қарсы жаңа бақылау және іс-шараларды ұйымдастыру өзекті мәселе.

B.anthraxis қоздырушысының химиялық және физикалық факторларға, ұзақ уақыт бойына сақталу қасиеті алдын алу шаралар жиынтығына қарамастан мамандардың аса мұқият көңіл бөлуін талап етеді[2].

Топалаң індетінің толық зерттелуіне қарамастан ауылшаруашылық малдарының арасында және адамдардың арасында ауру әлі де көп таралуда[3]. Осыған орай мал қорымдарының орналасқан жерлерін анықтау және оларды тіркеу аса маңызды.


Малдарға ғана емес адамдарға жұғатын өте қауіпті аурудың Шығыс Қазақстан облысындағы эпизоотиялық жағдайы зерттелінді (кесте 1). Топалаң індетінің өлекселерін көмген орындар негізінде көмілген орындар картасы құрастырылды. Шығыс Қазақстан облысында ветстатистикалық деректер бойынша жер кадастрындағы 275 топалаң ауруынан өлген мал өлекселері көмілген ошақтан 257 ошақтың мал қорымдары табылды (сурет 1) және бұл көрсеткіш жер кадастры бойынша көрсетілген санның 93% - ын құрайды. Сонымен қатар Зайсан ауданындағы 16 мал қорымдарымен 11 ошақтың нақты орындары белгілі болып, 5 ошақтың орындары күмәнді болып отыр.

Кесте 1 – Топалаң індетінің Шығыс Қазақстан облысындағы эпизоотиялық жағдайы


№	Аудан	Сібір жарасы өлекселері көмілген орындардың тіркелгендер саны	Анықталған ошақтар саны	Анықталмаған ошақтар саны
1	Семей қаласы	34 ошақ	34 ошақ	---
2	Өскемен қаласы	1 ошақ	---	1 ошақ
3	Риддер қаласы	2 ошақ	1 ошақ	1 ошақ
4	Абай ауданы	4 ошақ	4 ошақ	---
5	Аягөз ауданы	15 ошақ	15 ошақ	---
6	Бесқарағай ауданы	14 ошақ	14 ошақ	---
7	Бородулиха ауданы	13 ошақ	12 ошақ	1 ошақ
8	Глубоковский ауданы	9 ошақ	7 ошақ	2 ошақ
9	Жарма ауданы	35 ошақ	35 ошақ	---
10	Зайсан ауданы	16 ошақ	16 ошақ	---
11	Зырян ауданы	5 ошақ	3 ошақ	2 ошақ
12	Қатон-Қарағай ауданы	6 ошақ	5 ошақ	1 ошақ
13	Күршім ауданы	21 ошақ	14 ошақ	7 ошақ
14	Тарбағатай ауданы	10 ошақ	10 ошақ	---
15	Ұлан ауданы	17 ошақ	14 ошақ	3 ошақ
16	Үржар ауданы	42 ошақ	42 ошақ	---
17	Шемонаиха ауданы	9 ошақ	9 ошақ	---



Сурет 1 – Сібір жарасы өлекселері көмілген орындардың тіркелгендер саны



Сурет 2 –Анықталмаған ошақтар саны



Сурет 3 –Анықталған ошақтар саны

Қорытындылай келе, біздің зерттеулердің нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысында жалпы барлығы 17 ауданнан 275 топалаң мал қорымы тіркелген (сурет 3). Дегенмен Өскемен, Риддер қалаларындағы және Бордулиха, Глубоковский, Зырян, Қатон-қарағай, Күршім, Ұлан аудандарындағы мал қорымдарының орналасқан жерлері табылмады (сурет 2). Сондықтан топалаң індетінің шығу қаупі жоқ емес деген ойға келеміз. Бұл өз кезегінде алдағы уақытта топалаң індетіне қарсы іс-шараларды мұқият және қатаң түрде орындауды талап етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Шакиров М.С. Эпизоотический потенциал сибирезвенных захоронений в районах Закамья Республики Татарстан [автореферат]. - Уфа 2009.
2. Наврузшоева Г. С. Эпизоотологический мониторинг и совершенствование мер специфической профилактики сибирской язвы в Республике Таджикистан [автореферат]. – Москва 2005
3. Васильев П.Г. Актуальные проблемы сибирской язвы: биология и индикация возбудителя, клиника, патоморфология и диагностика заболевания [электрон.ресурс].–2001.– URL:<https://dvs.rsl.ru/semgu/>(дата обращения:12.11.2016)

**ЭПИЗООТОЛОГИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ СИБИРСКОЙ ЯЗВЫ
В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Ш.А.Тастемирова, Е.О.Омарбеков, А.Н. Байғазанов**

В работе описана эпизоотологическая ситуация сибирской язвы в Восточно-Казахстанской области. Составлена карта скотомогильников павших от сибирской язвы. В статье подчеркивается важность профилактических мероприятий направленных против сибирской язвы.

**EPIZOOTIC SITUATION ANTHRAX IN EAST KAZAKHSTAN REGION
Sh.A. Tastemirova, E.O. Omarbekov, A.N. Baygazanov**

The paper described the epidemiological situation of anthrax in East Kazakhstan region. Mapping cattle cemetery fallen from anthrax. The article emphasizes the importance of preventive measures against anthrax.

ӘОЖ: 619:616.98:578.824.11

У.А.Чушеков, С.Т. Дюсембаев, Е.С.Сахариев

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

**ҚҰТЫРУ АУРУЫ КЕЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ – САНИТАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР**

Аннотация: Мақалада Шығыс Қазақстан облысында 2016 жылы тіркелген ошақтары туралы мәлімет берілген және құтыру ауруына қарсы іс-шаралар туралы жазылған.

Түйін сөздер: Құтыру, ошақ, вакцина, эпизоотология, жануар, қоздырушы, жасуша, вирус.

Құтыру (*Rabies*, бешенство) – орталық жүйке жүйесін зақымдап, шашырынды полиэнцефаломиелит арқылы ерекшеленетін, жіті өтетін жұқпалы ауру. Құтырумен барлық жылы қанды үй және жабайы жануарлар, сонымен бірге адамдар ауырады. Жас жануарлар ересектерінен гөрі құтыру вирусына сезімтал келеді. Құтыру табиғи ошақты жұқпалы аурулардың қатарына жатады, оның қоздырушысының табиғатта сақталатын қорламасы үй және жабайы ет қоректілер, ал кейбір өлкелерде – жарқанат. Қазақстанның жағдайында құтырудың ең басты таратушысы – түлкі, ал үй жануарларының ішінде бұл ауруға ең жиі шалдығатыны – мүйізді ірі қара малы [1].

Ауру жануар тістегеннен соң вирус сол тістеген орындағы бұлшық ет ұлпасында көбейеді, содан кейін тамырлар арқылы орталық жүйке жүйесінің жасушаларына жетеді. Вирус көп мөлшерде ми қыртысында, мишықта, сопақ мида болады. Вирустар нейрондардың цитоплазмасында өсіп жетіледі. Мидан вирус орталық тепкіш жүйкелер арқылы сілекей бездеріне түседі, содан кейін сілекейде, көздің мөлдір қабығында, бүйрек безде шоғырланады. Құтыру вирусы зақымдалған нерв жүйке жасушаларында арнамалы цитоплазмалық қосындыларды Бабеш-Негри денешіктерді құрайды [2].

Құтыру ауруының жасырын кезеңі бірнеше күннен бір жылға дейін, кейде одан да артыққа созылады, әдетте 2-3 апта аралығындай болады. Оның ұзақтылығы құтырған жыртқыштың тісінен болған жарақаттың шамасы мен түскен орнына, вирустың мөлшері мен уыттылығына және таланған малдың төзімділігіне байланысты [1].

Жеке және заңды тұлғалар құтырудың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге (жануарлар иелерінің) мынадай шараларды сақтауы керек:

- өздеріне тиесілі иттер мен мысықтарды ауданның (қаланың) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының немесе мемлекеттік ветеринариялық дәрігерінің ұсынымы бойынша клиникалық тексеру және антирабиялық вакцинамен сақтандыру екпелері үшін ветеринариялық емдік-профилактикалық ұйымдарға жеткізу;

- құтыруға қарсы егілмеген иттерді жеке аулаларға, фермаларға, үйірлерге, отарларға және табындарға жіберуді шектеу;

- ауыл шаруашылығы және үй жануарларын жабайы жыртқыштар, иттер немесе мысықтар тістеген жағдайда, ауруға күдікті немесе тістелген жануарларды оқшаулауға қажетті шаралар қабылдау [3].

Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттер, мысықтар және басқа да жануарлардың (құтырудың айқын белгілері бар жануарлардан басқа) иелері немесе қараусыз қалған иттер мен мысықтарды ұстайтын арнайы бригада оларды ветеринария мамандарының 10 күн ішінде оқшаулауы мен бақылауы үшін тез арада жақын ветеринариялық емдеу ұйымына жеткізеді. Жеке және заңды тұлғалар өз жануарларын құтыруға қарсы уақтылы вакцинациялауды және диагностикалауды қамтамасыз етеді. Профилактикалық егулерді жүргізу туралы актіге олардың иелерінің деректерін (аты-жөнін, мекен жайын) көрсете отырып, вакцинацияланған иттер мен мысықтардың тізімдемесі міндетті түрде қоса беріледі. Жануардың паспортына тиісті белгілер қойылады. Құтыру бойынша эпизоотологиялық қолайсыз аймақтарда ауыл шаруашылығы жануарларын (ірі қара мал, ұсақ мал, жылқы, түйе), иттер мен мысықтарды құтыруға қарсы жоспарлы профилактикалық иммундеу жүргізіледі. Жекелеген жағдайларда, ветеринариялық емдеу ұйымының рұқсаты бойынша адамдарды немесе малдарды тістеген жануар оны 10 күн ішінде оқшауланған үй-жайда ұстауға және оны ветеринариялық дәрігерге тексеруге беруге жазбаша міндеттеме берген иесінде қалдырылады. Оқшауланған жануарларды бақылау нәтижелерін осы аумаққа қызмет көрсететін ветеринария дәрігері арнайы журналда тіркейді және бақылау нәтижелері туралы ақпарат бақылау аяқталғаннан кейін 2 күннен кешіктірілмей жазбаша түрде зардап шеккен адамға егу жүргізетін ұйымға және зардап шегушінің тұрғылықты жері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы орган (ЖАО) ветеринариялық бөлімшесіне, тиісті аумақтың ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомстволарының аумақтық бөлімшесіне хабарланады. Оқшаулау мерзімі аяқталғаннан кейін клиникалық сау малдар алдын ала вакцинацияланғаннан кейін оларды 30 күнтізбелік күн ішінде оқшаулап ұстау шартымен иелеріне қайтарылады. Құтырумен ауырған жануарларды жояды [3].

Құтыру бойынша қолайсыз елді мекендерде иттер мен мысықтардың көрмесін өткізуге, иттерді шығаруға және баулуға жол берілмейді. Жануарларды сату тоқтатылады, иттер мен мысықтарды қолайсыз пункттен тыс шығаруға және шектеу қойылған аумақ пен қауіп төндіретін аймақта жабайы жануарларды аулауға (хайуанаттар паркіне апару үшін, басқа аудандарға орналастыру мақсатында) тыйым салынады.

ЖАО ветеринариялық бөлімшелері және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері құтыру бойынша қолайсыз пункттерде мынадай іс-шараларды ұйымдастырады:

- тұрғындар арасында құтыру ауруының қауіптілігі және оның алдын алу шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- құтыруға қарсы егулерді қажет ететін адамдарды анықтау үшін қолайсыз пункттің үй-үйлерін (пәтерлерін) аралау, ит, мысық және басқа да жануарларды ұстау жағдайын тексеру, құтырумен ауыратын науқастарды, ауруға күдіктілерді және құтыруды жұқтыруға күдікті жануарларды анықтау;

- адамдар мен жануарларды тістеген, оқшауланатын және бақылауда ұсталатын жануарлардан басқа құтырумен ауыратыны анықталған иттерді, мысықтарды және басқа жануарларды өлтіріп, кейіннен өртеу;

- жабайы жануарлардың құтыру жағдайлары анықталған кезде жергілікті атқарушы органдар (ауылдық округтердің, аудандардың, қалалардың, облыстардың әкімдері) жабайы жануарларды, иттер мен мысықтарды аулау және жою бойынша іс-шараларды жүргізеді [3].

Құтырудың эпизоотиялық ошағында құтырумен ауыратын немесе ауруға күдікті малдар бөлініп алынған жануарлардың тобына (ферма, үйір, мал тобы, отар, табын) тұрақты бақылау орнатылады. Бұл малдарды күніне кемінде үш рет қарайды және антирабиялық вакцинаны қолдану нұсқаулығына сәйкес онымен профилактикалық егулер жүргізіледі. Егулерден кейін малдарды міндетті 60 күнтізбелік күн оқшаулау қажет. Жабайы жыртқыш аңдар немесе иттер тістеген клиникалық сау малдарды, құтыруға қарсы егулерге және тұқымдастығына қарамастан, өлтіріп, кейіннен өртейді. Ауыл шаруашылығы малдарын сою құтырумен ауыру жағдайы тіркелген орында жүргізіледі. Құтыру бойынша қолайсыз ферманың (мал тобы, үйір, отар, табын) клиникалық сау малдарының сүтін құтыруға қарсы егулер жүргізілгеніне қарамастан, 30 минут ішінде 80⁰-85⁰ С пастерлегеннен кейін немесе 5 минут бойы қайнатқан соң ғана адамдарға тамаққа пайдалануға немесе малдарға азық ретінде беруге рұқсат етіледі. Құтыру бойынша қолайсыз топтың

клиникалық сау малынан алынған жүнді оның дезинфекциялануға жататынын ветеринариялық ілеспе құжаттарда көрсете отырып, қожалықтан тығыз матадан жасалған ыдыспен қайта өңдеу кәсіпорындарына апарды. Құтыру ауруымен ауырған жануарлар, адамдар және оларға күдікті малдардың болған орындары, күту заттары, сілекейлермен және басқа бөлінділермен ластанған киім мен басқа заттар дезинфекциялануы тиіс. Құтыру вирусын жұқтыру тәуекеліне ұшыраған адамдарды анықтаған медицина қызметкерлері олар туралы халықтың санитариялық – эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне және ветеринариялық қызметке шұғыл хабарлайды [4].

Жұмыстың мақсаты: 2016 жылға Шығыс Қазақстан облысы бойынша құтыру ауруы тіркелген ошақтарды анықтау.

Шығыс Қазақстан облысында 2016 жылдың 01 – ші қаңтардан бастап құтырыққа 5 ошақ тіркелген. Семей қаласы бойынша 1 ошақ, Жарма ауданы бойынша 1 ошақ, Көкпекті ауданы бойынша 1 ошақ, Тарбағатай ауданы бойынша 2 ошақ тіркелген (1 кесте).

Тапсырма: Құтыру ауруынан сауықтыру жұмыстары кезінде атқарылған жұмыстарын сараптау.

Кесте – 1; 2016 жылғы ҚР Бас Мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының ШЕШІМІ негізінде ШҚО ауылшаруашылық малдары арасында құтыру ауруының тіркелген ошақтары мен атқарылған жұмыстарының көлемі

Р/с	Шыққан ошақтың орналасқан жері	Шектеу қою	Ауылшаруашылық малының түрі	Егілген мал басы	Залал-ру препаратының атауы	Залал-ру жұмыстарының көлемі	Шешім № шыққан күні	Шектеу алу	сынама
1	Семей қаласы. Алматы тасжолы 3 км. "Еденбаева К"	31.12.15 №2197	МҰМ. етқоректі	387	Дезостерил-лайт	9000	№2 11.01.16	22.01.16 №80	10
2	Жарма ауданы. Қаратөбе а/о. Аюлы учаскасы. "Қайни" ш/қ	09.11.15 №5	Жылқы	0	Дезостерил-лайт	2000	№3 15.01.16	03.02.16 №06	10
3	Тарбағатай ауданы. Қызыл Кесік а/о. Қызыл Кесік ауылы. жеке аула КБайтилеуова	08.02.16 №02	ІҚМ	243	Дезостерил-лайт	200	№25 29.02.16	26.04.16 №14	10
4	Тарбағатай ауданы. Құмкөл а/о. "Байқан" қыстағы	05.04.16 №07	ІҚМ	100	Дезостерил-лайт	2000	№62 15.04.16	15.06.16 №08	10
5	Көкпекті ауданы. Көкпекті а/о. Ұзынбұлақ ауылы мен "Маңырақ" ш/қ	07.06.16 №151	ІҚМ	1180	Глак	10000	№150 13.06.16	08.09.16 №280	30
				910		23200			0

1. Семей қаласы Еденбаева К жеке ауласында 11.01.2016 жылы шыққан №2 шешімінегізінде «РЭО» РММ Шығыс Қазақстан филиалының мамандары сауықтыру жұмыстарын жүргізді. Сауықтыру жұмыстары кезінде К.Еденбаеваға тиесілі 387 бас мүйізді ұсақ малын құтыру ауруына қарсы «Raksharab» вакцинасымен егіп, 9000 шаршы метр жеріне «Дезостерил – лайт» залалсыздандыру преапаратымен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді.

2. Жарма ауданы Қаратөбе ауылдық округіне қарасты Аюлы учаскесі «Қайни» шаруа қожалығында 15.01.2016 жылы шыққан №3 шешімі негізінде «РЭО» РММ Шығыс Қазақстан филиалының мамандары сауықтыру жұмыстарын жүргізді. Сауықтыру жұмыстары кезінде шаруа қожалыққа тиесілі 2000 шаршы метр жеріне «Дезостерил – лайт» залалсыздандыру преапаратымен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді.

3. Тарбағатай ауданы Қызыл Кесік ауылының тұрғыны К.Байтилеуованың жеке ауласында 29.02.2016 жылы №25 шешімі негізінде «РЭО» РММ Шығыс Қазақстан филиалының мамандары сауықтыру жұмыстарын жүргізді. Сауықтыру жұмыстары кезінде 14 бас ірі қара малы, 225 бас мүйізді ұсақ малы, 2 бас жылқы, 2 итін құтыру ауруына қарсы «Raksharab» вакцинасымен егіп, 200 шаршы метр жерге «Дезостерил – лайт» залалсыздандыру преапаратымен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді.

4. Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты «Байқан» қыстағында 15.04.2016 жылы шыққан №62 шешімі негізінде «РЭО» РММ Шығыс Қазақстан филиалының мамандары сауықтыру жұмыстарын жүргізді. Сауықтыру жұмыстары кезінде 90 бас ірі қара малы, 10 бас жылқыларын құтыру ауруына қарсы «Raksharab» вакцинасымен егіп, 2000 шаршы метр жерге «Дезостерил – лайт» залалсыздандыру преапаратымен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді.

5. Көкпекті ауданы Көкпекті ауылдық округіне қарасты Ұзынбұлақ ауылы мен «Маңырақ» шаруа қожалығында 13.06.2016 жылы №150 шешімі негізінде «РЭО» РММ Шығыс Қазақстан филиалының мамандары сауықтыру жұмыстарын жүргізді. Сауықтыру жұмыстары кезінде 479 бас ірі қара малы, 447 бас мүйізді ұсақ малы, 2016 бас жылқы, 32 ит, 16 бас мысық құтыру ауруына қарсы «Raksharab» вакцинасымен егіп, 10 000 шаршы метр жерге «Глак» залалсыздандыру преапаратымен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді.

Қортындылай келе, құтырық-бұл орталық нерв жүйесінің ауыр зақымдалуымен өтетін және өлім-жітіммен аяқталатын ауру. Құтырмамен ит, мысық, сиыр, жылқы, түйе, қой-ешкі, кеміргіштер, жабайы жыртқыш аңдар-қасқыр, түлкі т.б. және адам ауырады. Сондықтан, барлық адамдар өз қауіпсіздігі үшін құтыру ауруының алдын алу іс-шараларына белсене қатысып, мал дәрігерлеріне көмектесуі керек, яғни барлық малдарын және үй жануарларын (ит, мысық) жыл сайынғы вакцинациялаудан өткізіп отыру керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Сайдуллин Т. «Индеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары». Алматы 2009 жыл. 169 – 176 бет
2. Мырзабекова Ш.Б. «Ветеринариялық вирусология» Алматы 2012 жыл. 264 – 267 бет.
3. "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық -эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 136 бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасының «Ветеринариялық заңнамасы» II том. Астана 2005 жыл. 29 – 33 бет.

ВЕТЕРИНАРНО – САНИТАРНЫЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПРИ БЕШЕНСТВЕ

С.Т. Дюсембаев, У.А. Чушеков, Е.С. Сахариев

В статье даны сведения о зарегистрированных очагов в 2016 году в Восточно-Казахстанской области и мероприятие проводимые против бешенства.

VETERINARY – SANITARY EVENTS AT THE RABIES

S.T. Duysembaev, U.A. Chushekov, E.S. Sahariev

The article gives information about registered foci in 2016 in the East Kazakhstan region and the event held against rabies.

ӘОЖ: 956.102.3

Э.Ө.Зұлпыхарова, Г.Ш.Утепбергенова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЯВУЗ СҰЛТАН СЕЛИМ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН БҰХАРА ХАНДЫҒЫ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Орта Азия мемлекеттері мен Осман мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстар XVI ғасырдан басталып XX ғасыр басына дейін жалғасқан. Орта Азия хандықтары сияқты Бұхара хандығы да Осман мемлекетімен дипломатиялық байланыс орнатқан. Осман мемлекеті Ислам өлкелерінің халифаты (мирасқоры) ретінде танылғандықтан, Орта Азиядан Меккеге баратын әрбір адамның Ыстамбұл арқылы өткендегі мәлім. Бұл жағдай хандықтар мен Осман мемлекетінің арасындағы діни байланыстардың да өрбуіне кең мүмкіндік берді. Мақалада дипломатиялық байланыстардың бағыттары және бұл байланыстардың нәтижелері сияқты мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар мақалада Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстарды растайтын деректердің, жарияланған мұрағат құжаттарының ақпараттарын осы саладағы зерттеулерді пайдалана отырып, Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстарды талдауға әрекет жасалған.

***Түйін сөздер:** Орта Азия, Осман империясы, I Селим, Ыстамбұл, Бұхара хандығы, Шайбани әулеті, Мухаммед Шайбани хан, Убейдуллах Хан, Көшкініші хан*

Осман мемлекетінде Явуз Сұлтан Селим 1512-1520 жылдары билік құрды. Оның билік құрған жылдары Бұхарада Шайбанилер әулетінің билік құрған кезеңіне сәйкес келеді.

Яғни, Бұхара хандығы — Орталық Азиядағы Мухаммед Шайбани хан негізін салған мемлекет болып, XVI ғ-дың екінші жартысында хандықтың астанасы Самарқаннан Бұхара қаласына көшіріледі. Бұхара хандығы деген ат осыған байланысты шыққан. Хандықта алғашында Шайбани әулеті, кейін Аштархан әулеті және Маңғыт әулеті билік жүргізді [1, 171-б]. Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық байланыстардың ортаға шығуында сол сәтте орын алған тарихи процестер аса маңызды.

Бұл кезде Шах Исмаилдың (1501-1524) Иран және Азербайжан негізінде бір мемлекет құрып, он екі Имаммен Шиилікті ресми мәзһаб деп жариялауы және Сүннит Мұсылмандарды бұл мәзһабқа өтуі үшін мәжбүрлеуі Османлылар мен Өзбектер және Мәмлүктер сияқты күшті көршілерінде тынышсыздық туындатады [2, 3-б]. Шах Исмаил бір жағынан Иранның тәуелсіз болуы, екінші жағынан Анадолыдағы түрікмен жұрттарды діни-саяси үгіт-насихатпен ықпалына алды. Османлыларды Еуропаға ысыру және Батыс Анадолыдан Орта Азияға созылған географияда бір Түрік-Иран Императорлығыны құру пікіріде болды.

Ол, батыс көршісі Османлыларға және шығыс көршісі Өзбектерге қарсы жүргізген соғыстарын діни-мәзһаб соғысы сияқты көрсетуге тырысады, шындығында, Хорасан жерімен де байланысты болды. XVI ғасырда Сүнниттер мен Шииттер арасында соғыстар болып өтті. Сұлтан Селим осы себептен Шиит-Сефевилерді ықпалсыз етуді Османлы мемлекетінің және әскерінің ең бірінші мақсаты етті. II Баязид, ұлы Селимды шахзада кезінде Трабзонға губернатор етіп тағайындайды [3, 89-б]. I Селим Трабзон губернаторы екен, Шах Исмаилдың Азербайжан және Шығыс Анадолыда жүргізген үгіт-насихатынан рахатсыз болады. Осы сәттен-ақ, бұл қауіптің ірілігін түсініп, Иран жерлеріне кіріп Ерзурум және Байбуртқа дейін болған жерлерді шығынға ұшыратты. Шах Исмаилдың Анадолы жеріне Шиилікті тарату қызметіне баса назар аударып, әкесі II Баязидтың де назарыны бұл мәселеге аудартуға тырысады.

Шығыс және Батыс Түріктігі арасындағы жақындасу XV ғ-дың соңында шығыс Түркістанда Тимурийлердің үстемдігіне нүкте қойған Мухаммед Шайбани Хан (Әбілхайырханның Шах Будақ атты ұлынан туылған немересі) басшылығында Өзбектер кезеңінде тағыда нығайып саяси салада іс бірлігіне ұласады. Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы ынтымақтастық ерекше Шиит-Иранға қарсы болды. Өйткені Иран, Сүннит болған Шығыс және Батыс Түріктігіні бір-бірінен айырды және әр екеуіне де зиян берді. Хаммердың айтқандығы сияқты бұл жағдайда: «Өзбектер түбі,

адамдық орны, географиясы және дін ерекшелігімен Османлылардың шартты одағы болатын» [3, 94-б]. Османлылар тарапынан жүргізілген арандатушылықтардың ықпалы мен Сефевилерге қарсы жүргізген соғыс, Өзбектер үшін діни сипат алды. Өзбек Хандары бойынша, Шейхоглу (Сефевилер мемлекеті), Дін және Халық дұшпандығы негізіне сүйенгендігі үшін оларды жоқ қылу керек болды [4, 124-125-б]. Шах қысқа мерзімде Иранды түгелімен өз билігіне алып, Дияр-ы Ирак-ы Араб, Азербайжан, Генже, Ширван, Гилан, Мазендеран, Баберстан, Гуржан және Грузияны жаулап алды, бұл жерлерде саяси беделіні Шиит көзқарасын арттыруға тырысады. Шах Исмаил, Османлылар және Өзбектер үшін ортақ дұшпан ретінде көрініс тапты. Османлы-Өзбек ынтымақтастығы және достығы қашып құтылмайтын бір қажеттілік жағдайына келді. Шах Исмаил, 1510 жылында Мерв маңайында Мұрғаб өзені жағасында жүргізген соғыста Шайбани Ханды жеңіліске ұшыратып, оны өлтіріп терісіні ажыратып ішіне шөп толдырып бұл жасағандарыны және жеңісіні бір хатпен жазып, Османлы Падишахы II Баязидке білдіреді [3, 94-б].

Өйткені Мауереннахр билеушісі мен Сұлтан Баязид ортасында әскери одақ бар болатын [5, 63-б]. Шайбанихан мен II Баязид (1481-1512) Иранға қарсы бірлесіп күресуге келіседі. Дегенмен бұл жөнінде ресми келісім жасалынғандығы белгілі емес [9, 6-б]. Мухаммед Шайбанидың өлімінен кейін Бұхара хандығы тағына Шайбаниханның әкесінің інісі Көшкінші Хан (1510-1530) отырып, оның басшылығында Темір ұрпақтарына қарсы тұрды. Иран басқолбасшысы Нежм-и Сани және Бабыр оларды Гуждуван маңайында қарсы алса да бұл жолы Өзбектер оларды өз жерлерінен қуып шығарды (1512). Орын алған оқиғалар әрине, Сефевилердің Осман мемлекетімен болған қарым-қатынастарының әлсізденуіне себеп болды және нәтижесінде 1514 жылы 23 тамызында орын алған Шалдыран соғысына әкеп соқтырды.

Явуз Сұлтан Селимнің қысқа болған билігінде Османлы мемлекетінің саясатында нақты бір өзгеріс көреміз. Османлы мемлекеті осы кезеңге дейін негізді түрде бір Балқан және Еуропа күші болатын. Падишахтар өздеріне қатысты «Сұлтан-ы Рум» дейілуінен қуанатын. Явуз Сұлтан Селим кезеңінде Османлы мемлекеті алғаш рет шынайы түрде Шығысқа бағыт алды. Азия және Африка аймақтарында жалпы саясаттарды қолға алды. Мемлекет саясатында бұл өзгерісті жартылай, жаңа билеушінің Ислам әлемінің бірлігі түсінігі және жартылай сол кездегі саяси жағдайдың қажетті еткендігінен іздеу керек [3, 95-б].

XVI ғасырдың басынан бастап Шах Исмаилдың Азияда құпия таратқан жаңа мәзһаб, Бүкіл Ислам қауымын, бір-біріне дұшпан екі топқа бөлді. Бірақ Шах Исмаил екі ірі күшпен қарама-қарсы болатын. Біріншісі бір сапар жеңгені кейінгісінде жеңілгені Өзбектер; келесі болса Османлылар болатын. Сефевилер мұриттері арқылы беделге ие болуға әрекет етті. Осы тұрғыдан да болашақ үшін ірі қәтерді құрады. I Селим таққа отыруымен, Шах Исмаил, өзіне паналаған Шахзада Ахмедтың екінші ұлы Мұрадты қол астындағы күшті бір әскермен Османлы өлкесіне шабуыл жасады. Бұл да болса Шах Исмаилдың Түркия жерлеріне байланысты мүдделеріні көрсетеді [3, 96-б]. I Селим, Қызылбас тайпасының Андолада қызметтеріні арттыруына енді шыдамдылық таныта алмады. Билігінің алғашқы екі жылында бауырларыны биліктен алыстатып тез арада Ажем жеріне бағыт алды. Шах Исмаилдың дұшпандық ниеті, Шалдыран соғысына себеп болды. Сұлтан I Селимнің Шалдыран соғысыны жүргізуі тек қана өз территорияларыны қорғау үшін ғана емес, Шах Исмаилдың Түркістанда жүргізген зорлықтары және бұл зорлықтан езілген халықтың жәрдем сұрауларының да ықпалы болды.

Шах Исмаилдың Түрік жерлерінде жасаған зұлымдықтарыны түсіндірген және Сұлтан Селимнен жәрдем талап еткен хаттар келеді. Бұл хат жібергендерден бірі Хожа Молла-и Исфакхани болып, Шах Исмаилдың Хорасанда жасағандарыны, ол жерлерді қалай талан-тараж еткендігіні, қаншама зұлымдық жасағандығыны түсіндіреді, Сұлтан I Селимды Түркістан үшін Шах Исмаилге қарсы көмекке шақырады. Бірақ бұл хат Сұлтан Селимнің қолына Шалдыран соғысынан кейін Амасяда қыста келіп жетеді. Сұлтан I Селим Сефевилерге қарсы жорыққа аттануға шешім қабылдағаннан кейін, сапарға шығу мәселесімен мәжілісті шақырады. Жалпы талқылаулардан кейін Сұлтан Селим 1514 жылы 29 наурыз Эдирнеден жолға шығады. Явуз Сұлтан Селим, Шалдыран соғысында Сүннит болуы себебінен бірлесе дұшпандары болған Шах Исмаилге қарсы одақ құру және бірлесе әрекет ету үшін Көшкінші Ханға парсыша бір хат жібереді. 1514 жылғы наурыздағы бұл хатта Шах Исмаилдың Шығыс аймақтарында адамдарға жасаған қорлық-зорлықтары жөнінде де айтылады. Адамдардың ірі зұлымдық көріп жатқандығыны жазып, жақын арада үлкен әскери күшпен әрекет ететіндігіні: «Алла қорғаушылығының және кешірімділігінің шексіз теңізіне түсірсін. Сізге әкемнің кезеңінен бері сеніміміз бар болатын. Сіздің де бұл істе бізге жәрдемші болуыңыз керек» дей отырып қуантыратын хабар күтетіндігіні жеткізеді. Феридун Бей бұл хаттың Көшкінші ханға емес Убейдуллах Ханға жіберілгендігіні жазады [3,97-б]. Басқада зерттеушілер де Феридун Бейдің

мағлұматтарыны алға тартады. Осыған байланысты кейбір авторлар тарапынан түрліше қарастырылған. Айта кету керек, бұл кезде Өзбек Ханы, Мауереннахр және Түркістан басқарушысы Көшкінші Хан болатын.

Бірақ, Шайбаниханның өлімінен кейінгі Өзектердің, Бабыр және Шах Исмаил одағы қарсысында таралуымен қала әкімдері ықпалды бола бастаған. Бұхара әкімі болған Шайбаниханның жиені Убейдуллах Хан болса әрқашан Сефеві және Бабырмен соғыс жүргізуде алдыңғы қатарға шыққан. Шайбаниханның ұлы Тимур Сұлтанмен бірге бұрынғы күш-қуатыны қайтаруға тырысқан. Сонымен қатар Убейдуллах Хан Шайбаниханның кегін алу үшін Сефевилерге көп күш жұмасағандығы жайлы да пікірлер айтылады. Бәлкім осы күш-қуат Осман Падишахының да назарына түсіп, тұрадан Убейдуллах Ханмен байланысқандықты дұрыс деп тапқан болар [6, 50-6]. Сефеві мемлекетіне қарсы бірлесе күресу үшін Сұлтан I Селим өз хатыны елші Мухаммедбек арқылы Көшкіншіханға жіберген [7, 176-6].

Явуз Сұлтан Селимнің бұл хатына 1514 жылы шілде соңында, Көшкінші Ханның жіберген жауап хаты мынадай: «Халифаттың ең ұлы қызметшісі, Салтанат-ы тұлғасы, Алла аспанының жұлдыздары арасында кезуші, Әлем сұлтандарының Сұлтаны, Хандардың Ханы дұшпанды аяғының астында ұстаған ірі әскерлердің Падишахы, Грек және Рум (Батыс) өлкелерінің Шахиншахы, жеңімпаз Ислам әскерлерінің билеушісі...», «Алла алдында кедейлер және дәрменсіздер қорғаушысы, жеңістер және табыстар әкесі...Сұлтан Селим Шахқа; майданға шыққан күннен бері олармен соғысты бір діни борыш деп білеміз. Алғашқы шабуыл олардан келді. Сексен мыңға жуық Қызылбас Ираннан Тұрандықтарға Амудария өзенінен өтіп шабуыл жасап, олардан қорыққан Кабыл және Кандехар билеушілері де оларға бағынды. Осылайша Исламның күмбезі болған Самарқанд қақпасына дейін келді. Біз де келген күннің екінді яғни бесін мен ақшам арасындағы мезгілде оларға қарсы соғысқа кірістік. Бас қолбасшысы болған Нежми Емир Ахмед Исфакани, ұсталынып тірідей алдымызға әкелінді. Әскерлері толығымен жеңіліске ұшырады. Сіз әрекетке өтуінше біз де әрекетке өту шешімінде болғандықтан елшіңіз Низамеддин Мехмед Бей келген сәттен бастап «Самарқанд» шекарасында, «Ташкент» ке, батырларға, бүкіл әскер басшыларына, Өзбек, Шағатай тайпаларына бағынғандарға, Шыңғыс Хан әулетіне құрылтай құрып Рафиздер маңайына жүрулері жөнінде қарар берулері бұйырылды..... Мехмед Бей алдында қандайда бір кінәміз болса кешірім сұраймыз. Сіздің қызметіңізде оларға лайық болған дәрежеде қызмет ету қиын іс. Осы себептен кешірім сұрау өте қажет». Көшкінші Ханның хатында, одақ жағдайында болатындығы айтылады. Бұл хат алмасулар және жақсы ниет айтуларына қарамастан іс жүзінде Явуздың Шалдыран соғысында Өзбектермен әскери бір одақ құрғандығы жөнінде тарихи бір мағлұмат қолымызда жоқ [3, 98-6].

Тек қана, Зекивелиди Тоган; «Явуздың Шалдыран шайқасы негізінде Қырым және Астрахан тарапынан да Шыңғыс әулеті бұл әрекетке біркез қатысқан» деген. Бұл шартты түрде. Өйткені, Шах Исмаил, бүкіл Сүнниттерді дұшпан деп білді [4, 43-6]. Әрине, екі мемлекет арасындағы әскери одақ құрғандығы жөнінде дерек болмауы, екі мемлекет арасындағы хат алмасулар болғандығын жоққа шығара алмайды. Явуз Сұлтан Селим, Шах Исмаилды Шалдыранда ірі бір жеңіліске ұшыратқаннан кейін Көшкінші Ханға хат жазып жағдайды оған жеткізеді. Аталмыш хат кей деректер бойынша жоғарыда айтқанымыздай Убейдуллах Ханға жіберген болуы да мүмкін. Явуз Сұлтан Селимнің мақсаты; бүкіл Сүннит сеніміні тарату және Шииттік-Сефеві мемлекетіні жоқ қылып Шығыс Түріктері мен Батыс Түріктеріні қайта бірлестіру болатын. Шалдыранда алған ауыр жеңілістен кейін Шах Исмаил, Сұлтан Селимге келісім жасау үшін елшілер жібереді. Осы себептен Шах Исмаилдың келісім ұсынысыны қабылдамайды және елшілеріні тұтқынға алады. Сұлтан Селимнің Көшкінші Ханға Едирнеден жіберген 1515 жылы тамыз хатында, күмәнсіз Сұлтан Селимнің бұл пікірлеріні бізге ең ашық түрінде білдіреді.

I Селим, Шах Исмаилдың «шарттарыны сіздің белгіленіңіз бойынша бір келісім жасайық» ұсынсына, «ешқашан ілтипаттарына мән берместен соғыс алдыңғы жағдайға сәйкес болдым» деп Сефевилерге қарсы әрекетіні, Түркістан Ханына жеткізеді. Сұлтан Селим, өз әскерлеріндегі бүлік, әрі Мәмлүктердің әскери шабуылынан қорқуы себебінен Иранның ішінде ұзақ жерлерге дейін соғыс жүрісіні жалғастыра алмады.

Османлылардың Шалдыран сапарындағы жеңісі, Хазар теңізі шығысындағы Өзбектердің пайдасына жарады. Хорасан және Хератқа шабуыл жасауларын және алға жылжуларын жеңілдетті. Бұл жағдайдан мазасызданған Шах Исмаил Османлаларға өтініш жасағанмен, нәтиже ала алмайды. 1515 жылында шабуылдарыны жалғастырған Өзбектердің Падишахқа берген бір жазбасында Амударияны өтіп, Хератты алғандығы айтылады. Жалпы бұл жөнінде басқа бір дерек бойынша бұл хабарды Осман Сұлтанына Өзбектер емес Осман мемлекетінің тыңшысы болған Мехметтің Сұлтан Селимге жолдаған хабары екендігі айтылады. Бұл хабарда Убейдуллаханның Амудариядан өтіп,

Хератты жаулап алғандығы Мервты бекініс жасап, тұрақтанып қалғандығын Сұлтанға жеткізген. Осылайша Осман мемлекетінің өзіне тиісті болған деректерінен Өзбек хандығы іс-әрекетінің ізіне түскені туралы баяндалатын деректерді көруімізге болады [8, 600-б]. Ал, Хорасанның алынғандығын хабар берумен, Өзбек ханы елшісіні Ыстанбұлға жібереді. Айрықша Өзбек ханы яғни бұл тұста Бұхарада билік жүргізген Убейд Ханның Қорасанның үлкен бөлігін жаулап алғандығын білдіру үшін 1515 жылдың 8 қыркүйегінде Ыстанбұлға келген елшісіне жауап хаты жазылып беріледі және келген жеріне қайтарады. Шалдыран соғысынан кейін Сефеви мемлекетінің қолында болған ең маңызды қалалардан бірі болған Диярбакир 1515 жылында алынуымен Сұлтан I Селимде қала алынғандығын хабардар ету үшін Самарқанд Ханына 1515 жылы 25 қыркүйекте бір хат жолдайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, Хорасанның алынғандығыны білдірген Самарқанд ханының хатына жауап берген бұл хатында Осман Падишахы, Диярбакирдың рафыздық элементтерді таситындығы, алғашқыда елшілер жіберіп бейбітшілік талап еткендігіні, бірақ нәтиже алмағандықтан шииттермен соғысып, Диярбакирды жаулап алғандығыны жеткізеді.

I Селим, Шалдыран соғысында жеңіске жеткеннен соң, Османлы әскеріне басшылық етіп, 1514 жылы 6 қыркүйегінде Сефеви мемлекетінің орталығы болған Тебризге келеді. Сұлтан I Селим қысты осы жерде өткізіп көктемде қайта Иран маңайына жылжуды қалайды. Өйткені оларды жоқ қылуға шешім қабылдаған болатын, алайда янычарлардың шағымдануларына байланысты Ыстанбұлға кері оралуға мәжбүр болды. Жалпы I Селимның басты көздеген мақсаты бүкіл Иранды және Түркістанды, Анадолыға қосып, тіпті соңғы жылдары жаулап алған Мысырды, Сирияны, Иракты және Арабстанды қоса тек бір «Ұлы Сұлтандық» астына топтастыруды қалады. Шалдыран сапары Шииттік Иранды жоқ қыла алмады. Бірақ әлсіретті, бұл арада Өзбектерде Хорасанды қайта Сефевилерден алды [3, 100-б].

Османлы-Өзбек достығының шынайы ынтымақтастығы екі мемлекеттің де пайдасына нәтижелер берді. Сұлтан I Селим, Османлы өлкесіні Хазар теңізі жағалауларына дейін кеңейту үшін қажетті қолайлы уақытты таппады. Бірақ Кануни Сүлейман кезеңінде (1520-1566), шығысқа қарсылығыны кейде жандандырды [4, 132-б]. Шалдыран соғысынан кейін, Анадолыда Түрік бірлігі қамтамасыз етілді. Бір сөзбен, Шайбани хандығының, Осман мемлекеті мен Сефевилерге қарсы одақтарының Явуз Сұлтан Селимнен бастап бастау алғандығыны айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы, энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010., 767 б.
2. Özer Küpeli, Ismail Aka, Osmanlı – Safevi münasebetleri (1612 – 1639). – İzmir: T.C. Ege Üniversitesi sosyal bilimler enstitüsü Yeniçağ Tarihi Anabilim Dalı Doktora tezi, 2009., s.247
3. Remzi Kılıç, Yavuz Sultan Selim devri (1512 - 1520) Osmanlı-Özbek Münasebetleri,-Bişkek-Kırgızistan: Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 2001., ss. 88-102.
4. Togan Zekivelidi, Bugünkü Türk İli ve Türkistan'ın Yakın Tarihi. -İstanbul: Enderun kitabevi, 1981., s.696
5. Херман Вамбери, Бухоро ёхуд Мовароуннахр тарихи. – Тошкент: Фафур Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти, 1990., 64 б.
6. Gülay Karadağ Çınar, Safevi-Özbek ilişkileri ve Osmanlıların tesiri (1524–1630). – Afyonkarahisar: T.C.Afyon Kocatepe üniversitesi sosyal bilgiler enstitüsü Tarih Anabilim dalı doktora tezi, 2011., s.334
7. «Ўзбекистон миллий энциклопедияси» У харфи, -Тошкент: Давлат илмий нашриёти., 2001-2006., 219 б.
8. Türkler, – Ankara: Yeni Türkiye yayınları., 2002., VIII Cilt, s. 927
9. Носир Мухаммад, Туркистон ва Туркия Маънавий кўприклар. – Тошкент: 2011. 62 б.

ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИЕЙ И БУХАРСКОЙ ХАНСТВОМ В ЭПОХУ СУЛТАНА СЕЛИМА

Э.Зулпыхарова, Г.Ш.Утепбергенова

Дипломатические отношения между странами Центральной Азии и Османской империей начались в XVI в. и продолжались до начала XX века. Бухарское ханство как и все Среднеазиатские государства имела дипломатические отношения с Османской империей. Османская империя была известна миру как преемник исламского халифата и большинство мусульман из Средней Азии проезжали в Мекку через Стамбул. Такое положение дало

возможность усилению религиозной связи между Среднеазиатскими государствами и Османской империей. В этой статье рассматриваются основные направления и результаты дипломатических отношений, а также попытка проанализировать данные и опубликованные архивные документы, подтверждающие дипломатические отношения между Османской империей и Бухарского ханством.

THE DIPLOMATIC RELATIONSHIP BETWEEN OTTOMAN EMPIRE AND BUKHARA KHANATE IN THE ERA OF SULTAN SELIM

E.U.Zulpykharova, G.SH.Utepbergenova

The Diplomatic relationship between Central Asian countries and Ottoman Empire began in the 16th century and continued until the beginning of the 20th century. As all Central Asian khanates Bukhara khanate had the diplomatic relationship with Ottoman State. The Ottoman State was known as Islamic caliphate (successor) and all the Muslims from Central Asia go to Mecca though Istanbul. This situation gives an opportunity to strengthen the religious relationship between the Ottoman Empire and the Khanates. In this article is considered the directions and the results of diplomatic relationships. As well as attempted to analyze the data and published archive documents confirming the diplomatic relationship between Ottoman State and Bukhara khanate.

ӘОЖ 930.85

А.С.Сарсенов, Ш.Н.Нагимов

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ГУРЬЕВ ОКРУГЫНДА БАЙЛАРДЫҢ МАЛ-МҮЛКІН ТӘРКІЛЕУ ШАРАЛАРЫ

Мақалада ХХ ғасырдың 30-жылдарында Гурьев округінде бай-феодалдарға қарсы жүргізілген тәркілеу және оларды басқа өңірлерге жер аудару шаралары туралы нақты мұрағаттық деректер арқылы баяндалады. Сана-сезімі кеңестік коммунистік идеологиямен уланған қарапайым кедей бұқараның тәркілеуге белсене атсалысқаны, елге беделді ауқатты адамдардың үстінен арыз жазып, ағайынға таратқан малдарын айтып берген фактілері жан-жақты көрсетілген.

***Түйін сөздер:** кеңестік идеология, бай-феодалдар, қазақ шаруалары, мал-мүлікті тәркілеу, қазақ қоғамы.*

Кеңестік дәуірде коммунистік идеологияның ықпалымен қазақ жұртшылығының әлеуметтік құрамына байланысты шешімдер бүкіл Ресей мемлекетінде қалыптасқан стереотиптер шеңберінде қабылданды. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мүлде ескерілмей, жұртшылықты үстем тап пен қанаушы тапқа бөліп қарастырды. Ал шындығында Қазақ қоғамында Европа мен Ресейдегідей кедейлерді сүліктей сорған бай-феодалдардың болмағандығын орыс зерттеушілері профессор Кушнер мен Полочанский 20-жылдары атап көрсеткен болатын. Мәселен, Кушнер қазақ ауылында тап күресі өршіп тұр дегенге қарсы өз пікірін былай деп жазды: «Мен тап күресін және әлеуметтік таптарды босқа іздепін, нақты тап түсінігіне сәйкестікті іздедім, бірақ таппадым» [1,67]. Қазақ қоғамындағы ауқатты мен қара шаруаның тұрмыстағы айырмашылықтарының шамалы екенін, ал бұл олардың өзара қарым-қатынасында елеулі рөл атқаратынын 1926 жылы Е.Полочанский де жазған еді.

Қазақ ауылындағы байлар мен ауқаттылардың үлкен ұйымдастырушылық беделін байқаған ол былай дейді: «Бұқарада таптық сананың мүлде болмауы жағдайында, ол (бай), жайылымдық мал шаруашылығы жағдайында, ешқандай қанаушы ретінде емес, керісінше шаруашылықтың рулық негізде қалыптасқан қоғамның орны толмас және пайдалы мүшесі ретінде құрметтеледі» [2, 38].

Қазақ зиялылары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтарда бай мен кедейдің арасында таптық қайшылық жоқ, оларда рулық мүдде немесе жалпы қазақтық мүдде таптық мүддеден басым түсіп жатады» - деген пікірлері кейіннен большевиктер тарапынан «реакциялық теория» [3,47- 49] ретінде өткір сынға алынды. Соның кесірі бай-феодалдарды тәркілеу кезінде айқын көрініс тапты.

Өткен жылы желтоқсан айында еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніне 25 жыл толады. Бұл шын мәнісінде қазақ халқы үшін теңдесі жоқ маңызды оқиға болып табылады. Өйткені, Кеңес үкіметі жылдары қазақ халқы өте ауыр жағдайларды басынан өткізді. Олардың арасында ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық, одан ілі-шала ірі бай-феодалдарды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру, қазақ зиялыларын саяси қуғын-сүргінге ұшырату және т.б. ауыр жағдайлар болды. Республика көлемінде барлығы 696 бай-феодалдар тәркіленді. Гурьев округінде 24 адам тәркіленді. Қазақ қоғамында ірі байлардың көп болмағанын 1928 жылғы кәмпескелеу кампаниясы көрсетіп берді. Яғни, қазақ қоғамы сол кездегі елдердің арасында ең гуманистік қоғам болды. Большевиктер қақсағандай ешқандай таптар да, тап күресі де болған жоқ.

Атырау облыстық мұрағатында 1928 жылы округте жүргізілген ірі байларды тәркілеу шаралары туралы мәліметтер сақталған. Гурьев округінде бай-феодалдарды кәмпескелеу шаралары 1928 жылдың 6 қазанында округте кәмпеске шараларын өткізу жөнінде комиссияның құрылуымен басталды. Оның құрамы 6 адамнан тұрды:

1. Округтің төрағасы – Мыңбаев Ж., комиссия төрағасы.
 2. МСБ-нің ұйымдастыру бөлімі бастығы- Мартынов, мүше
 3. Округтік жер басқармасының бастығы- Жиенбаев.
 4. Қосшы одағының бастығы- Сағындықов.
 5. Рабземлес Қоғамының төрағасы-Төрешов.
 6. Округтік прокурор-Дауылбаев, кеңестік дауыс беру құқығымен.
- Жергілікті жерлерде кампанияны жүргізу үшін төмендегі құрамда уәкілдер белгіленді:

Р/с	Аудандардың аты	Уәкілдер немесе көмекшілер	Фамилиялары	Атқаратын қызметтері
1	Теңіз	Уәкіл Көмекші	Орынтаев, Үмбеткалиев	Округтің жауапты хатшысы Қосшы одағы
2	Новобогат	Уәкіл Көмекші	Қарнықов Измаилов	БКП (б) округ инструкторы Агроном
3	Есбол	Уәкіл Көмекші	Досымов, Келімбетов	РКИ төрағасы Окрово инспекторы
4	Жаманқала	Уәкіл	Баймұратов	Окружком инспекторы
5	Қызылқоға	Уәкіл Көмекші Көмекші	Жиенбаев Едігенов Төлегенов	Округтің жерком.төрағасы Госстрах инспектор Страховком төрағасы
6	Доссор	Уәкіл Көмекші	Ақжанов Хангереев	Рыбаксоюз төрағасы Эмбанефть басқармасы

[4]

Уәкілдер арнайы жиналыста нұсқаулар алып, басқару және үгіттеу жұмстары бойынша барлық қажетті материалдармен қамтамасыз етілді. (Осындай материалдар аудандық атқару комитеттеріне де берілді)

Уәкілдер жергілікті жерлерге 10-қыркүйекте аттанды. Шындығында дайындық жұмыстары жергілікті жерлерде 11 қыркүйекте басталды (Ол аудандардың округ орталығынан қандай қашықтықта орналасуына байланысты болды).

Округтің атқару комитетінің уәкілдері жергілікті жерлерге келгеннен кейін шұғыл түрде БКП (б) нің аудандық комитеттерінің, аудандық атқару комитеттерінің мәжілістерін, актив және ауылдық Советтердің жиналыстарын өткізіп, кәмпескелеу шарасының мәні мен маңызын жеткізді.

Бұл жиналыстарда төмендегі құрамда аудандық кәмпескелеу комиссиялары құрылды:

Р/с	Аудандар аты	Ком-я мүше саны	Фамилиялары	Қызметі	Партиялығы
1	Теңіз	6	1.Орынтаев 2.Дүйсебаев 3.Ядинков 4.Дүйінов 5.Досмаилов 6.Хайруллин	Округ-өкілі Ауд.ат.ком.төраға Инструктор Жер бөлімі Қосшы Жер орман бөлімі	БКП (б) мүшесі

2	Новобогат	6	1.Карпыков 2.Дүйсекенова 3.Богаутдинов 4.Алдоңғаров 5.Өміралиев 6.Шалқаров	Округ өкілі Ауд.атқ.ком.төрайымы Қосшы одағы Жер бөлімі Қосшы Қаржы бөлімі	БКП (б) мүшесі
3	Есбол	6	1.Досымов 2.Даулетбаева 3.Лукпанов 4.Құлбатыров 5.Дошанов 6.Қашауов	Округ өкілі Ауд.атқ.ком.төрайымы Қосшы одағы Жер бөлімі Жер бөлімі Батрақ ком.төр	БКП (б) мүшесі Комсомол мүшесі
4	Жаманқала	5	1.Баймұратов 2.Котов 3.Максина 4. Сүйналиев 5.Шарапов	Округ өкілі Ауд.атқ.ком.төраға Батрақ ком.төр Қосшы одағы Ауд.карт.ком	БКП (б) мүшесі
5	Қызылқоға		1.Жиенбаев 2.Үмбетияров 3.Әлиғұлов 4.Досқарин 5.Әмбенев 6.Нұрманов	Округ өкілі Ауд.ат.төраға Партия ұясы Қосшы оқ. Жер бөлімі Батрақ ком.төр.	БКП (б) мүшесі Партияда жоқ
6	Доссор		1.Акжанов 2.Таипов 3.Есенбергенов 4.Титов 5.Есентаев 6.Шевелев	Округ өкілі Райком хат Ау.ат.ком.төр ОГПУ өкілі Қосшы оқ. Батрақ ком.төр	БКП (б) мүшесі

Кәмпескелеу комиссиясына ең жауапты қызметкерлер, олардың ішінде коммунистер ғана тартылған. Бұдан біз кеңес Үкіметінің бұл науқанға үлкен мән бергенін көреміз. Жоспарланған жұмысты жүзеге асыру үшін аудандық комиссиялар кәмпескелеу жүргізілетін ауылдардың бәріне арнайы өкілдер бөліп, оларды қажетті басшылық және үгіт материалдары мен қамтамасыз еткен.

Ол кезде аудандардағы ауылдар өте шағын болған, жұртшылық ата кәсібімен айналысып, көшіп қонып жүрген. Отырықшылықты әлі де болса мойындай қоймаған еді.

Ауылдарға бөлінген өкілдер арнайы жиналыстарда дайындықтан өтіп, кәмпескелеуге қажетті нұсқаулармен қамтамасыз етіледі. Әсіресе аталған нұсқау жүретін ауылдарға баратын қызметкерлердің дайындығына ерекше мән берілді. Дайындалған жеткілікті қызметкерлердің аздығынан әрбір ауылға тек бір өкілден ғана бөлуге тура келеді. Кәмпескелеу туралы декретке сай көмек комиссиялары құрылды.

Комиссия құрамына тек кедейлер мен батырақтар, кей жағдайда орташалар енгізілді.

P/c	Аудандар аты	Ауылдар саны	Көмек комиссиялар	Барлық мүшелер	Олардың ішінде			
					Кедейлер	Батырлар	Орташалар	Әйелдер
1	Теңіз	17	11	191	147	44	-	9
2	Қызылқоға	34	4	84	68	2	4	-
3	Доссор	14	12	67	67	-	-	-

4	Есбол	27	16	240	180	50	10	-
5	Жаманқала	14	8	15	7	8	-	1
6	Новобогат	14	4	80	61	6	13	-
	Барлығы округ бойынша	120	48	677	530	121	26	10

Бұл таблица бізге сол кездегі қоғамдық өмірдің кейбір жайттарынан хабар береді. Кейбір аудандарда үкіметтің байларды кәмпескелеу туралы тапсырмасын орындау үшін жергілікті шолақ белсенділер құлшына кіріссе, кейбір аудандарда «әліптің артын бағып» дегендей, онша белсенділік таныта қоймапты. Оны комиссиялардың және олардағы мүшелерінің санынан көреміз.

Үгіт-насихат жұмыстары округтің барлық елді мекендерінде, оның ішінде адамның аяғы баспаған жерлерде де жүргізілді. Барлық ауылдарда болған өкілдер жұртшылықтың жалпы жиналыстармен бірге жекелеген кедейлер мен батырақтардың отырыстарын өткізді.

Барлығы округ бойынша 374 жалпы жиналыс өткізіліп, олар аудандарда былай бөлінеді.

P/c	Аудандар	Жиналыстар саны	Қатысқандар	% қатыс	Олардың ішінде					
					Ерлер	Әйел	Кедей	Бағырақ	Орташа	Орыс
1	Қызылқоға	125	8519	25,1	7241	1218	5921	1074	1524	-
2	Новобогат	59	3246	15,9	2873	373	1405	235	1606	-
3	Жаманқала	20	1785	15,6	1550	235	1075	337	296	77
4	Теңіз	72	4670	12,2	4001	669	2706	1211	753	
5	Есбол	45	4187	22,3	3718	469	3383	247	567	
6	Доссор	53	1049	7,8	865	184	841	72	136	
	Барлығы округ бойынша	374	23456	16,3	20248	3208	16331	3176	4872	77

Бұл таблица мәліметтері сол кезде әлі де болса округ жұртшылығының басым көпшілігі аудан орталықтарынан, Жайық өзені бойындағы ауылдардан өте қашықта орналасқанын көрсетеді. Халық мал шаруашылығымен айналысып, құмды жерлерде (Мәмбет, Бәйет, Қарой, Орпа, Бекетай, Мыңтөбе, Жалаңшағыл, Тума т.б) көшіп-қонып жүрген. Соған байланысты Кеңестік белсенділер өз жиналыстарына халықтың тек 16-17 пайызын ғана жинай алған. Соған қарамастан кәмпескелеуге ұшырауға тиісті байлардың бәрін дерлік қамтыған.

Кедейлер мен батырақтарды кәмпескелеу науқанына дайындау мақсатында аудандық және топтық конференциялар өткізілді.

1. Қызылқоға ауданында 2 конф-ға 95 адам қатысты.
2. Теңіз ауданында -39 адам
3. Доссор ауданында -21 адам
4. Есбол ауданында -193 адам
5. Жаманқала ауданында - 39 адам
6. Новобогат мәлімет көрсетілмеген.

Барлық округ бойынша 7 Конференция өткізіліп, оларға 387 адам қатысты. Конференциялардың мәселесінде Совет үкіметінің ауылды кеңестендіру ісіндегі кезекті міндеттері тұрды.

Олардан басқа шабындық жерлерді қайта бөлу мен ауыл шаруашылығы объектілеріне салық салу мәселелері қаралды. Мұрағат деректері көрсеткендей, конференциялар қызу түрде өтіп жүрді, өкілдер кедейлер мен батырақтардың осал жерлерін дәл тауып, «Заман сендердікі, сендердің күндерің туды, байлардың мал-мүлкін ортақтандыруға бар күштеріңді салыңдар» деген сияқты сөздерді олардың санасына барлық жиындарда әбден сіңіре беруге тырысты. Сондай-ақ ол жиындарда ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, кеңестік аппаратты жат, дұшпан элементтерден тазарту сынды мәселелер де қойылды.

Кәмпескелеу кезінде Округтік басқару органдарына жергілікті жерлерден құттықтау телеграммалары келіп түсті. Олардың бірінде: «Гурьев округтік партия комитеті мен округтік атқару

комитетіне Теңіз аудандық кедейлер конференциясы биліктің кедейлерді экономикалық феодалдық бұғауынан босату жолындағы шараларын құптайтынын мәлімдейді. Конференция байлар мен феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу бағытындағы ауқымды жұмысын аяғына жеткізетініне уәде бере отырып, байларға қарсы күресте кедейлер мен орташалардың одағын қамтамасыз ететінін хабарлайды. Конференция барлық кедейлердің атынан Советтердің округтік Комитетіне ауылдың барлық жұртшылығын социалистік құрылысқа жұмылдыратынына уәде береді», - делінген.

Кейбір жағдайларда ауыл кедейлері өз ынтасымен өздерінің байларын ашкерелей отырып, оларды декреттің шеңберінде жазаға тартуға шақырды. Кедейлер мен батырақтар конфискацияға ұшыраған тұлғалардың және бөтен элементтердің өткендерін бұлтартпайтын «дәлелдермен» жеткізіп отырды.

Байларды қорғау немесе конфискациялау шараларына наразылық бірлі жарымды жағдайларда болмаса кездескен жоқ.

Ауылдық жұртшылықтың сол кездегі көңіл-күйін кедейлердің жиналыстарда сөйлеген сөзінен білуге болады.

Новобогат ауданының Новобогат ауылында Жармағанбетов Ерғали есімді байды кәмпескелеу туралы жиналыста, оған қатысушылардың бәрі бір ауыздан оны кәмпескелеуді жақтап дауыс берді. Кедей Жақып Жантазиев өз сөзінде Жармағанбетовтің «зиянды элемент» екенін, старшина болған кезде кедейлерді жәбірлегенін айтты.

1916 жылы қазақтарды тыл жұмыстарына жинақтаған кезде, Жармағанбетов оны, яғни Жантазиевті де тізімге енгізгенін, бірақ кейін бір бұқа мен 6 сом пара бергеннен кейін тізімнен алып тастағанын айтып, ағынан жарылды.

Сол жиналыста орта шаруа Бекмұханбетов те Жармағанбетовті «зиянды элемент» ретінде сипаттады. Сол ауданға қарасты Қаңбақты ауылында өткен жиналыста кедей Көпбосынов өз сөзінде Кәмпескеге іліккен бай Смағұлов Смадиярды қатыгез қанаушы ретінде сынай отырып, 1916 жылғы қазақтарды тыл жұмыстарына алу кезінде сол кездегі үкіметке барынша көмектескенін жария етті. Қызмет бабын пайдалана отырып, өзіне мал жинады деп айыпталды. Қазір де, сол кезде де кедейлерді аяусыз қинады деп айыптай отырып, өзінің 9 жыл бойы бірге тұрған «еншілесін» малсыз қалдырғанын айтты. Өзінің малын әркімге жазып, кәмпескеден құтылудың амалын іздеді деп жазғырды. Сол ауданның орта шаруасы Аюпов Сұлтан кімпескелеуге іліккен Омаров Майран туралы сөйлегенде, оның ауыл старшинасы болған кезінде болыс Жоламанов пен тығыз байланыста болғанын айтты. Өзінің қызметтік бабын пайдалана отырып, бір қойын сойып жеген батырақ Қалиды 6 жыл бойы тегін жұмыс істеткенін бетіне басты. Рулық бөліске белсене араласа отырып, өзінің малын жасыру үшін әркімге уақытша таратып жіберді. Бұл жерде ескере кететін бір жайт: Округтік, аудандық өкілдердің дем берушілерінің нәтижесі болуы керек, кедейлер мен батырақтар күні кеше жергілікті жерлерді бүкіл ел-жұртқа, ағайын-тумаға, кедей-кепшікке қарасқан ауқатты адамдарды жерден алып, жерге салып сынай отырып, сол кездегі биліктің өз мақсаттарын түбегейлі түрде орындауын қамтамасыз етіпті. Бұны біз сол кездегі елге сыйлы азамат, дәрігер, ағартушы Мәмековке байланысты айыптардан аңғардық. Мысалы, Әлқасымов Қайыр өз сөзінде кәмпескеге іліккен бай Мәмековтің оба эпидемиясы кезінде фельдшер болып істеп жүріп байығанын айтты. Біз білетін Мәмеков Қажығали тек фельдшер ғана емес, сонымен қатар өзінің тұрған Новобогат ауданының бірқатар елді мекендерінде алғашқы зайырлық мектептердің ашылуына да үлес қосқан кісі. Мысалы, XX ғасырдың 20-жылдары Тұщықұдық ауылында жұмыс істеген орталау мектепке Мәмеков Қажығалидың үйін пайдаланған. Онда белгілі ұстаз Жұмабай Мырзағалиев еңбек еткен.

Таптық идеямен саналары әбден уланған Қызылқоға ауданының кедейлері мен батырақтары кәмпескелеу туралы декретке өздерінше «жаңалық» енгізуге тырысқан. Олар өз ауданында 300 бас малы бар ірі феодалдардың аз екенін көлденең тарта отырып, жоғары басшылықтан кәмпескелеуге, одан аз малдары бар байларды жатқызуды сұрап, өтініш білдірген. Бұған не айтуға болады? Асылы «шаш ал десе, бас алады» деген мәтел осындай жағдайға байланысты айтылған болар. Жаманқала ауданы бойынша №7 ауылда өткен кедейлер жиналысында бай Биғалиевтің мал-мүлкін кәмпескелеу туралы бір ауыздан шешім қабылданды.

Есбол ауданында өткен кедейлер жиналыстарында сөйлегендер байлардың озбырлығын, ірі рулардың кіші руларға қысымшылығын және т.б. келеңсіздіктерді қозғады.

№1, №2 ауылдардың кедейлері Имашев пен Берешев өз сөздерінде тәркілеу кезінде кездесетін қиыншылықтарға қарамастан үкімет пен партияның декретін толықтай орындауды қамтамасыз етіп, ғасырлар бойы кедейлерді қанап келген қанаушыларды, байларды және олардың құйыршықтарын құртуға шақырды.

Есболдық кедейлердің идеялық сауаттылығына таңданбасқа болмайды. №12 ауылдың азаматы Қарбаев Қаржаубай ірі «Беріш» руының өкілі, бұрынғы алашордашыл Әлжанов Ибраштың өз пікірінше зиянды әрекеттерін жариялады.

№11 ауылдың тұрғыны Тастайбеков Қаржау өз сөзінде шабындық жерін тартып алған бай Өтешев Есекенді жауапқа тартуды сұрады. Округтің аудандарында өткен кедейлердің жиналыстарында көпшілік жағдайда байларды кәмпескелеу туралы мәселеден өзге сол кезде қазақ қоғамында орын алған жер дауы, шабындық дауы, жесір дауы сияқты мәселелер көтерілген.

Сол кездегі кәмпескелеу құжаттарын оқып отырғанда кәмпескелеу науқанын тек сылтау етіп қана пайдаланған сияқты болып көрінеді. Сол кездегі материалдармен танысқанда байқағанымыз: Кеңес үкіметінің жүргізген саясатына сай діни адамдарға деген салқындық пен сенімсіздік елде орын ала бастады. 1928 жылы екі үлкен саяси науқан басталған. Олар азаматтардың сайлау құқығын айыру және бай-феодалдарды тәркілеу.

Соның екеуінің де құрығына молдалар мен басқа діни қызметкерлер іліккен.

Солардың бірі Есбол ауданы №13 ауылдың молдасы Дүйісов болатын. Ол өзінің зиянды элементтердің қатарына жатпайтынын айтып, қанша шағымдansa да, ауылдың кедейлері де, батырақтары да ішінара шаруалары мен ауылдық Кеңес пен Қосшы одағы да құлақ аспай, молданың арызын қанағаттандырмай тастаған.

Есбол ауданының тұрғыны Тайниязов Қазан төңкерісінен кейін 10 жыл уақыт өтсе де байлар мен атқамінерлердің әлі де болса кедейлерді қанап отырғандығын, ауылдағы ауқаттылар Шайқы Мәлкешев пен Қожар Қодаровты мысал қылып айтты.

Сөзінің соңында ол: «Совет үкіметі мен Коммунистік партияның бізге тапсырған міндетін адал атқарамыз»- деп сендірді. Компания барысында бұл жұмысқа орта шаруалар толықтай жұмылдырылды. Олар барлық жиналыстарға қатысты, үгіт жұмыстарында барлық өкілдер орташаларға Совет үкіметінің тиіспейтінін, қайта оларға кедейлер мен батырақтар сияқты шаруашылықтарын нығайтуға көмектесетінін айтты. Бірақ уақыт көрсеткендей бас-аяғы 3-4 жылдан кейін орташалар да басқалар сияқты барлық малдарын ортаға, колхозға салып, бір күнде кедейлер болып шыға келді. Ол жөнінде орыстың ұлы жазушысы М.Шолохов өзінің атақты «Көтерілген тың» атты романында суреттеген еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абылғожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации. (1920-1930-е гг.).- Алматы: 1991. - С.67
2. Алланиязов Т. О некоторых вопросах методологии и историографии коллективизации в Казахстане // Мысль.- 2002.- №5. - С.38
3. Козыбаев М.К., Алдажұманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия.- Алматы: 1997. - С.47-49
4. Атырау облыстық мұрағаты. № 3 қор, 4 тізім, № 1 іс.

КОНФИСКАЦИЯ СКОТА И ИМУЩЕСТВ БАЕВ В ГУРЬЕВСКОМ ОКРУГЕ

А.С. Сарсенов, Ш.Н.Нагимов

В статье рассматриваются вопросы конфискации скота и имущества баев-феодалов, выселения их за пределы округа и области в 30-ые годы XX в. в Гурьевском округе. На основе архивных материалов, извлеченных из фондов Атырауского областного архива, подробно описывается, как отравленная советской коммунистической идеологией бедняцкая масса принимала активное участие в конфискации.

CONFISCATION OF THE CATTLE AND BELONGING OF BAYS (RICH PERSON) IN GURIEV REGION

A.S.Sarsenov, Sh.N. Nagimov

This article regards the process of confiscation of the cattle and belongings of bays, eviction out of region in the 30th of XX century in Guriev region. On the base of Atyrau archive, materials from the region fonds describe the active participation of pauper mass, poisoned by soviet communistic ideology, in the confiscation.

ИЗМЕНЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНО-КУЛЬТУРНОМ УРОВНЕ НАСЕЛЕНИЯ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА

Аннотация: Система образования в 20-30-е годы XX века включала широкий спектр нововведений, подчиненных цели всеобщего обучения. Особое место в этой связи отводилось культурно-просветительной работе, которая, в свою очередь, предусматривала складывание сети просветительных учреждений, профтехническое образование и связанную с ним коренизацию государственного аппарата.

Ключевые слова: образовательный уровень, культурная революция, учебные заведения, казахский язык, начальные школы, Южный Казахстан, неграмотность, образование.

Одним из важнейших социальных показателей является образовательный и культурный уровень населения, без развития которого невозможно говорить даже о каких-то намеках на уровень, а тем более качество жизни. В начале 20-х годов повсеместно образовательный уровень населения был очень низким. Поэтому одним из основных приоритетов социалистической модернизации явилась культурная революция, основной целью которой были ликвидация неграмотности и значительное повышение культурно-образовательного уровня. Проводя культурную революцию, большевистская партия окончательно закрепила конечные цели модернизации. Аналогичными методами, что и в экономике, то есть путем фундаментального разрушения прошлого, игнорированием преемственности поколений и прямым диктатом центра, решались вопросы и национально-культурного строительства. В качестве проводника модернизации была использована не жизненная школа казахов, а привнесенная культурно-цивилизационная русская модель. По политическим соображениям режим не устраивало этническое многообразие форм приспособления к индустриальному обществу, и их унификация стала зиждаться на конформистских и строго детерминированных тенденциях централизации.

Реализация положений культурной революции разворачивалась по ряду направлений. Расширение учреждений народного образования и улучшение качества их работы, мобилизация общественности с целью ликвидации неграмотности людей среднего и старшего поколений, развертывание сети клубов, домов культуры, театров для пропаганды в массах лучших творений отечественной и мировой сцены, поэзии, кино, литературы, музыки. В рамках обеспечения деятельности упомянутых направлений культурного строительства расширялась сеть библиотек, издательств и других учреждений.

Первостепенным вопросом культурной революции являлась широкомасштабная кампания по ликвидации неграмотности и введение всеобщего обучения. С этой целью в основу деятельности были поставлены вопросы развертывания сети школ I ступени и школ повышенного типа, а также открытие пунктов по ликвидации неграмотности. Ликвидация неграмотности проводилась ударными темпами. В целом по республике поход на неграмотность, предпринятый в мае 1929 г. по специальному постановлению ЦК ВКП(б), сначала охватил до полумиллиона взрослых, а к 1936 г. позволил уже говорить о 65% населения, овладевших письменностью и началами арифметики [1, с.18].

В Южном Казахстане также активно развернулась кампания по ликвидации неграмотности. Так, в 1923 г. во всех волостях были организованы вечерние группы численностью 30-35 человек по ликвидации неграмотности взрослого населения. Только Нарынской Инспекцией народного образования было организовано 47 вечерних школ по ликвидации безграмотности [2, с.7]. В результате уже к середине 30-х гг. были достигнуты определенные успехи в деле ликвидации неграмотности.

Формирование новой, более масштабной сети школ с самого начала осложнилось проблемой катастрофической нехватки кадров. До революции такая проблема решалась за счет выпускников старших классов прогимназии и вузов центральных районов страны. Теперь же стояла задача самообеспечения силами педагогических техникумов. Но они покрывали только около 10% потребности. Большую сложность для казахского педтехникума и казахских школ составляло применение арабского алфавита. Лишь в 1924 г. выдающийся представитель казахской

национальной интеллигенции А. Байтурсунов создал новый, отвечающий требованиям дня, особенностям казахской речи алфавит. Его внедрение шло медленно. А в 1928 г. по решению союзных, местных властей начался перевод национальных школ на латинскую графику. Она просуществовала до 1940 г., когда стала действовать нынешняя графика, построенная на русском алфавите. Эти постоянные изменения в алфавите заметно затрудняли развитие письменного казахского языка и осложняли деятельность школ и результативность обучения на казахском языке.

В 20-е гг. школьная система базировалась на широкой сети начальных школ, призванных оперативно подготовить подрастающее поколение к более производительному профессиональному труду. Это позволило почти в пять раз поднять процент охвата обучаемых детей и довести его с 18% в 1923 г. до 96% — в 1935 г. Наряду со школами общеобразовательную подготовку молодое поколение получало в школах фабрично-заводского ученичества (ФЗУ), училищах, на краткосрочных курсах, хотя это лишь смягчило остроту проблем, но не снимало ее.

Наибольшее ускорение в решении задач народного образования было отмечено во второй половине 30-х гг., когда были преодолены последствия трудности начального этапа индустриализации, коллективизации и голодной эпопеи 1931-1932 гг.

Помимо ликвидации неграмотности среди взрослых важнейшим направлением культурной революции было массовое развитие школ и вовлечение в них всех детей школьного возраста. Надо признать, что в этой работе результаты были весьма значительными. К примеру, уже в 1921 г. в Туркестанском уезде действовало 17 школьных учреждений [3, с.6].

Таблица 1 – Количество детских учреждений Туркестанского уезда на 5.12. 1921 г.

Наименование школ	Место нахождения	Время открытия	Число учащихся
Русская школа им. Чехова № 1	г. Туркестан	1918 г.	8
Казахская школа им. Абая № 2	г. Туркестан	1895 г.	2
Казахская школа № 7	г. Туркестан	1913г.	2
Казахская школа № 14	г. Туркестан	1920 г.	1
Мусульманская женская школа № 6	г. Туркестан	1918 г.	3
Узбекская школа № 8	г. Туркестан	1918 г.	1
Узбекская школа с интернатом № 15	с. Карнак	1918 г.	4
Узбекская школа № 35	с. Карнак	1907 г.	5
Школа-коммуна № 3	с. Карнак		
Школа-коммуна № 5	г. Туркестан	1921 г.	1
Детский дом № 4	г. Туркестан	1918 г.	3
Детский сад № 1 (русский)	г. Туркестан	1919 г.	4
Детский сад № 2 (мусульманский)	г. Туркестан	1921 г.	-
Районная мастерская с обучением школьников ремеслам	г. Туркестан	1919 г.	2
Музыкальный класс	г. Туркестан	1920 г.	1
Метеорологическая станция	г. Туркестан	1919 г.	3

Как мы видим, количество детских учреждений уже в 1921 г. значительно выросло по сравнению с дореволюционным периодом, возникли новые виды учреждений образования, такие как школы-коммуны, детские сады, появились первые прообразы будущих ремесленных училищ и специализированных школ. В то же время численность учащихся была очень низкой, в 1921 г. во всех учреждениях образования Туркестанского уезда насчитывалось всего 48 учащихся.

Быстрый рост школьных учреждений и увеличение численности учащихся в них отмечается в 30-гг., когда во всех областях Казахстана произошел своего рода «бум» образования.

В таблице 2 приведена динамика количества школ и численности учащихся в 1939/1940 г. по сравнению с 1914/1915 г. [4, с.1].

Таблица 2 - Развитие сети школьных учреждений и количества учащихся в них в разрезе областей

области	Число школ (ед.)		Количество учащихся (чел.)	
	1914	1939	1914	1939
Алма-Атинская	155	709	7505	109628
Джамбулская	55	345	3331	56863
Кзыл-Ординская	45	329	3655	54306
Южно-Казахстанская	104	869	5336	128253
Всего по Казахстану	2011	8381	105239	1132326

Приведенные данные свидетельствуют о действительно массовом развитии сети школьных учреждений, как в целом по Казахстану, так и по отдельным областям. Наибольший процент прироста наблюдался в Южно-Казахстанской и Джамбулской областях, что связано, на наш взгляд, прежде всего, с большой численностью населения. По абсолютной численности учащихся в 1939/1940 г. также лидировали южные области - Южно-Казахстанская и Алма-Атинская.

В реальности же ситуация выглядела не столь благополучно. В 1930 г. в г. Чимкенте имелось 25 школ 1-й ступени, из них 3 – казахских, 10 – узбекских, 9 – русских, 1 татарско-башкирская и 1 еврейская. В 25 школах обучалось 2035 учащихся, из них 2119 мальчиков и 1849 девочек. В школах 1-й ступени обучалось 11101 узбеков, 340 казахов, 134 татар, 2209 русских. В двух школах 2-й ступени – казахской семилетке и узбекской школе обучалось 656 чел. [5, с.33]. Кроме того, в городе функционировали профтехшкола, хлопкотехникум, кооптехникум, совпартшкола, ФЗУ при сантонинном заводе и одна девятилетняя школа. Немного улучшилась ситуация через несколько лет. В 1934 г. в г. Чимкенте с населением более 60 тыс. человек действовали всего 8 начальных школ, 4 неполные средние школы, 3 средние школы, 3 школы ФЗУ, 3 техникума [6, с.21]. В других же городах, а тем более в сельской местности, ситуация с образованием обстояла еще хуже, нежели по отчетным данным. К примеру, в 1927 г. в г. Туркестане, насчитывающем свыше 5 тыс. жителей, имелось только 15 школ, из которых 2 школы 11 ступени, 8 школ 1 ступени, 1 школа подростков, 2 детских дома, профтехучилище и казахское общежитие при школе им. Ленина, в которых обучалось 2442 человек [7, с.203]. В г. Казалинске в 1932 г. действовало 24 школы 1-ой ступени и 2 школы-семилетки.

При этом казахских школ было меньше, нежели русских и смешанных. Как мы видим, школ было явно недостаточно, особенно казахских, узбекских и других национальностей, проживающих в регионе. Кроме того, казахские школы являлись в основном школами 1 ступени, следовательно, казахским детям было гораздо сложнее дальше продолжить свое образование.

К тому же, поскольку практически во всех учебных заведениях, особенно готовящих рабочие кадры и инженерно-технических работников, обучение велось на русском языке, то для получения образования и работы на производстве требовалось хорошее знание русского языка. В этих целях 5 апреля 1938 г. было принято постановление ЦИК и СНК Казахской ССР «Об обязательном изучении русского языка в казахских школах». Однако, в решении отсутствовал пункт об изучении казахского языка в русской школе. Это делало процесс односторонним и снижало роль казахской школы, сужало сферу применения казахского языка. Все это выразилось в тенденции к сокращению числа национальных (прежде всего казахских) школ. Так, в 1938 г. 66 из них были переведены на программы русских школ [8, с.40].

Кроме того, крайне низкой была материально-техническая база школьных учреждений в Южном Казахстане и весьма неблагоприятно обстояло дело с педагогическими кадрами, для

подготовки которых не хватало возможностей. К примеру, в г. Чимкенте в 1934 г. существовала 21 школа, но здания школьного типа имели только 6. Большинство школ занималось в 2-3 смены. Школьные помещения были плохо приспособлены для занятий, практически не были оснащены оборудованием и инвентарем.

Уже в середине 20-х годов отмечалось широкое вовлечение в профтехническое образование казахского населения. Но одновременно появилось опасение за возможное дальнейшее сокращение притока казахов и нацменьшинств. Это было связано с тем, что имевшиеся кадры, отвечавшие требованиям к поступлению, оказались исчерпанными, а низовая школьная сеть не могла пополнить этот кадр. Для этого стали создаваться при некоторых краевых учебных заведениях подготовительные отделения с 2-х годичным сроком обучения на государственные средства; на рабфаках - одногодичные отделения. Однако, несмотря на принятые меры, положение оставалось критическим. Из-за слабой организованности подготовительных отделений и, в результате тяжелым усвоением учебного материала в техникумах и других учебных заведениях, в особенности среди казахского населения шла большая текучесть учащихся.

Поэтому в положениях Бюро Казкрайкома ВКП(б) от 1925, 1927 гг. говорилось о развертывании сети начального обучения для подготовки в средние профтехнические учебные заведения. Был разработан 5-летний план по обслуживанию нужд коренного населения, который предусматривал:

1. Создание новой системы исключительно в соответствии с потребностями в работниках той или иной квалификации.

2. Объединение более близких по специальности учебных заведений в политехникумы [9, с.18].

В соответствии с декретом СНК РСФСР 29 января 1920 года был образован Государственный Комитет по профессиональному образованию. Согласно системе Народного Образования профтехническое имело следующую структуру: 1) сельскохозяйственное; 2) индустриальное; 3) педагогическое; 4) промышленно-экономическое, которые, в свою очередь, включали целый ряд учебных заведений.

В целом же можно говорить о том, что этот период стал временем довольно значительных успехов в борьбе с неграмотностью. Это - то, чем можно и нужно гордиться. Система ликвидации безграмотности (ЛИКБЕЗ) позволила приобщить к делу образования и очагам культуры более полумиллиона человек. Ликвидация неграмотности стала главной задачей созданной в этот период широкой сети культурно-просветительных учреждений - народных домов, клубов, изб-читален, красных уголков и красных юрт.

Список использованной литературы:

1. ГАЮКО, Ф.83, Оп.1, Д. 37, Л. 18.
2. ГАЮКО, Ф.83, Оп.1, Д. 54, Л. 7.
3. ГАЮКО, Ф. 93, Оп. 1,Св.2, Д. 20, Л 6.
4. ГАЮКО, Ф.1236, ОП.1. СВ.1, Д.1, Л.1.
5. ГАЮКО, Ф.147, Оп.3, Св.2, Д.20, Л.33.
6. АП РК, Ф. 141, Оп.1, Д. 5667, Л. 21.
7. Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. Алма-Ата, 1962, с. 203.
8. АП РК, ф. 141, ОП.1, Д. 10205, Л. 40.
9. АП РК. Ф. 141. Оп. 1, Д. 1267, Л. 18.

XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ-МӘДЕНИ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Э.Е.Альжанова

Аннотация: XX ғасырдың 20-30 жылдары білім беру жүйесіне жалпыны бірдей оқыту мақсаттарының негізінде кең ауқымды жаңалықтар енгізілді. Осыған байланысты ерекше орынмәдени-ағартушылық жұмысқа берілді. Бұл өз кезегінде білім беру мекемелерінің желісін біріктіру, кәсіптік білім және осыған байланысты мемлекеттік аппаратты жергіліктендіруді көздеді.

CHANGES IN THE EDUCATIONAL-CULTURAL LEVEL OF SOUTH KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY

E.Alzhanova

Annotation: The education system in 20-30 years of the twentieth century, included a wide range of innovations, subordinates the goal of universal education. A special place in this regard was given to the cultural and educational work, which, in turn, provided storage network educational institutions, proftechnic education related with the indigenization of the state apparatus.

ӘОЖ 94 (574)

А.К.Булгынбаева

Өскемен қаласының С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20 - ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕҢЕСТІК ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Аннотация: Ғылыми мақалада Шығыс Қазақстанның XX ғасырдың 20 жылдарындағы әлеуметтік құрылымдарының ұйымдастырылуы мен қызметтері мұрағат деректері мәліметтерімен сұрыпталып, талдау жасалынған. Жаңа орнаған кеңестік үкіметтің халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға тырысу әрекеттері, соның ішінде сауатсыздықты жою мен денсаулық сақтау салаларында жасаған жұмыстары сарапталды.

Кіл сөздер: Шығыс Қазақстан, Кеңестер, үкімет, әлеумет, халық, сауатсыздықты жою, денсаулық сақтау.

Шығыс Қазақстанның XX ғасырдың 20- жылдарындағы ашылмай жатқан ақтаңдақтары мен әлі де толық зерттеулер мен сараптамалар қажет тұстары көп. Сондықтан Шығыс өлкесіне Кеңестік өкіметтің орнауы мен оның жүргізген саясатының қазақ ауылдарына әсері мен ықпалын талдау жаңа тұрғыда зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

1920 жылдар өзгерістерге толы болды. 1919 жылы желтоқсандағы ХКК-ның «Сауатсыздықты жою туралы» декретіне орай, 1920 жылы қыркүйекте Қырғыз (Қазақ) революциялық комитеті, қазақ өлкесіндегі сауатсыздықты жоюдың жобасын бекітіп, қаулы шығарды. Осы қаулыға сәйкес, Қазақстанның барлық түкпірлерінде сауатсыздықты жою жұмыстары қолға алына бастайды. 1917 жылға дейін, Күршім аумағында 7 бастауыш мектеп болып, сауаттылар 3% құраса, Шемонайхадағы 39 елді мекенде, 4 бастауыш мектептегі 220 бала, 12% халықтың сауаттылығын көрсетті [1, 11].

Жергілікті жерлерде халықтың сауатсыздығын жою жөнінде, жалпы білім беретін мектептердің жүйесін құру туралы және бастауыш, орталау, орта мектептер және арнаулы орта оқу орындарының қызметтері бойынша көптеген шаралар қолға алынды. Халыққа білім беру ісіндегі ең маңыздысы, біртұтас жүйенің құрылуы және дамуы, мектеп жасындағы балаларды оқуға қамту болды. Кеңестер жаппай сауатсыздықты жою, бастауыш мектептерді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, барлық жастағы жұртшылықты қамтыды. Ағартушылық және мәдени-тәрбие жұмысының түрлері, сауат ашу, курстар, кешкі мектептер, өз бетімен білім алу үйірмелері құрылды [2, 5].

Арнаулы нұсқаулар алған жергілікті өкімет, партия орындарының, орталық үкіметтің алдында өздерін көрсету мақсатында, сауаттылықты жоюдың орындалуы жөнінде әріп қана танитын, ежіктеп оқи алатындарды да сауаттылар қатарына қосып, асыра белгіленген, жалған мәліметтер берді. «Халық арасында сауатсыздықты жою» туралы декретте 8-50 жас аралығындағы оқи, жаза білмейтіндер ана тілінде, не орыс тілінде қалауымен сауаттылыққа үйренуі көрсетіліп, облыстық білім беру бөлімдерін және сауат ашу орындарын ашу көзделді [3,57].

Көшпелі және жартылай көшпелі өмірлік жағдай, территорияның шашыраңқылығы, материалдық базаның болмауы, білім беру жүйесін құруды қиындатты. Мұндай жағдай өмірге арнайы жылжымалы мектептер, қызыл отау, қызыл бұрыштар, басқа да мәдени-ағарту мекемелерінің ашылуына әкеліп, сол жылдардағы сауатсыздықты жоюды көздеді. Отырықшыландыру процесінің аяқталуына байланысты, көптеген осы үлгідегі мектептер жойылып, олардың орнына мектеп үйлері, клубтар, оқу-ағарту мекемелері пайда бола бастады.

1920 жылғы 9 қыркүйектегі Түркістан АКСР-нің ХКК «Түркістан республикасындағы халықтың арасында сауатсыздықты жою жөніндегі» декретті бекітті. 1920 жылы 28 қыркүйекте

Қырревкомның «Өлкедегі сауатсыздықты жою шаралары жөніндегі» бұйрығы шықты. Осыған байланысты, барлық оқыта алатын сауаттылар, осы жұмысқа тартылды.

Ұлттық аймақтағы еңбекші бұқарасының мәдени артта қалушылығын жоюдың нақты жолдары РКП(б)-ның X және XII съездерінде анықталды. Партияның X съезінде «орыс емес халықтарға көмектесу; олардың өзінде баспасөз, мектеп, театр, клуб ісі және ана тіліндегі мәдени-ағарту мекемелері, курстар және білім беретін мектептер қатарын кеңейту көзделді. Осыған байланысты, жергілікті кеңестерде халыққа білім беруге көңіл бөлінді. 1923 жылғы желтоқсанда Шығыс Қазақстан өңірінде, Өскемен уездік кеңесінің білім беру бөліміне қарасты мектептерде 13 мұғалім, 118 қызметкер болған [4, 216].

Осының негізінде, 1923-1924 жылдары 1-ші дәрежелі 4,7 жылдық орыс, қазақ мектептерімен мұғалімдер даярлайтын педтехникум ашылып, жұмыс істеді. Осы кезеңде Өскемен уезіндегі халыққа білім беру мекемелерінің қатары: 1-ші дәрежелі 4 жылдық 3 орыс, қазақ мектептерінде 31 мұғалім-тәрбиеші, 735 оқушы; 1-ші дәрежелі 7 жылдық 1 орыс, 1 қазақ мектептерінде 31 мұғалім-тәрбиеші 326 оқушы, педтехникумда 14 мұғалім-тәрбиеші, 127 оқушы, балалар үйінде 4 мұғалім-тәрбиеші, 72 оқушы; балалар бақшасында 3 тәрбиеші, 42 оқушы болды. Жалпы уездегі 1-ші дәрежелі 4 жылдықта 71 орыс, 36 қазақ мектебінде, 170 мұғалім, 6347 оқушы, 1-ші дәрежелі 3 жетіжылдықта 15 мұғалім, 390 оқушы білім алды [5, 175].

Мемлекеттің сауатсыздықты жою және халықтың мәдени артта қалушылығын жою шараларына орай, 1924-1927 жылдардағы Өскемен уезіндегі жергілікті кеңестердің үкімет нұсқауларын орындау шараларының негізіндегі оқу-ағарту мекемелер қатарының сандық көрсеткішінің жағдайы төмендегі кестеден көрінеді(1 - кесте):

1 -кесте 1924-1927 жылдары Өскемен уезіндегі оқу-ағарту мекемелері

Мекемелердің атауы	1924-1925 жж.	1925-1926 жж.	1926-1927 жж.
Ідәрежелі мектеп мұғалімі Қаладағы	13	25	29
Уездегі	91	171	183
Қаладағы II дәрежелі мектеп	7	10	14
Қаладағы 7 жылдық мектеп	-	4	7
Риддердегі 7 жылдық мектеп			7
Уездегі жас қызметкер мұғалімдер		7	7
Қаладағы ликпункттер		7	6
Уездегі ликпункттер		26	34
Жартылайсауаттылар мектебіқалада			3
Уезде		1	4
Аз сауаттылар мектебі		3	
Жао пионерлер клубы		1	1
			1
Балалар оқу үйі Қалада Уезде	13	13	15

Кестеден байқалғандай, 1924-1927 жылдары II дәрежелі және 7 жыл-дық мектептердің, ликпункттер және жартылай сауаттылар мектептерінің қатарының болмағанын, сол сияқты жас қызметкер мұғалімдер даярлау шараларының іске аспағандығы көрінеді. Ал, 1925-1927 жылдары бұл тізбек қатары біршама ілгерілегендігі байқалып, жергілікті кеңестер тарапынан сауатсыздықты жою шараларының қолға алынғандығын аңғаруға болады.

Соның негізінде, 1924-1925 оқу жылында уездегі 46 мектептегі 96 мұғалімнің орташа еңбек ақысы 25 сом болса; 1925-1926 жылдары 136 мектептегі 187 мұғалімнің еңбек ақысы 30 сомға өсіп, 1926-1927 жылдары 35-40 сом болды. Мектептердегі 8269 оқушының, мектепжасындағылары 32%, болыстарда 20-60%-ға дейін, 8 орыс болыстарында 34%, 5 қазақ болысында 24% болған. Осы уақыт шеңберінде жергілікті кеңес тарапынан оқу ағарту ісіне 150345 сом қаржы жұмсалған. Ал, Риддерде 7 жылдық мектептерге 2599848 сом қаржы жұмсалып, 26 сауатсыздықты жою орындары, 17 оқу үйі, шаруа жастар мектебі ашылды [6, 115].

Шығыс Қазақстандағы денсаулық сақтау саласында кеңестер ісінде, Өскемен уезінде 1923 жылы 1 емхана, 4 дәрігерлік амбулатория, 4 дәрігерлік, 1 фельдшерлік пункт болды. Ал медициналық

қызметкерлерден: 7 дәрігер, 1 тіс дәрігері, 9 фельдшер, 6 фельдшер-акушер, 2 медбике, 8 қызметші, 22 қасында отырушы, жұмысшы, барлығы 55 адамды құрады [7, 104].

1924-1925 жылдары уездік кеңестердің шешімімен, денсаулық сақтау ісіне 21993 сом қаржы жұмсалып, 7 фельдшерлік пункт, қалада 2 емхана және 2 амбулатория жұмыс істеді. 1925-1926 жылдары медициналық қызмет көрсету барлық болыстарды қамтыды. Онда фельдшерлік пункттер ашылып, 36277 сом жұмсалып, 11% өсті. Амбулаторияда медициналық қызметкерлер көбейді [8, 119].

Зайсан қаласында оба эпидемиясының пайда болуына байланысты, 1920 жылы қарашада Зайсан уездік ревкомы №192 бұйрығында барлық аза-маттар, уездік амбулаториялық емханаға қаралуды хабарлауды тапсырған. Егер бұйрықты орындамаған жағдайда, жауапкершілікке тартылатын болды. 1924 жылы Зайсан уезінде екі бөлімшесімен 20 орындық хирургиялық-терапиялық және жұқпалы ауруларды емдейтін уездік емхана, емханалық амбулатория, дәріхана, Көкпектіде 6 орындық емхана, уездің әр жерінде 6 медициналық пункт жұмыс істеді. Қызмет көрсету әлсіз, өте қиын жағдайда болғандықтан дәрілер, таңу құралдарының мүлде болмауынан, селолық жердің халықтары мүлде көмексіз қалып отырды [9, 15].

1926 жылы Зайсан уездік кеңесінің денсаулық сақтау ісінің меңгерушісі Тайбазаровтың мәлімдеуінше, денсаулық сақтау мекемелері мен ондағы қызмет етушілер санының төмендегідей болғаны көрінеді (2-кесте): [10, 14].

2-кесте Денсаулық сақтау мекемелері мен қызмет көрсетушілер және аурулар саны

Емдеу мекемелерінің атауы	Қызмет көрсетушілер				Барлығы	Аурулар саны
	Орыс және басқа ұлттар		Қазақтар			
	Ерлер	әйелдер	Ерлер	әйелдер		
Қалалық емхана	4	7		1	13	41
Уездік амбулатория	2	3			5	1165
Уездік емхана					11	
Уездік дәріхана					4	
Көкпекті емханасы					5	
Көкпекті фельдпункті	3					338
Нар Зайсан фельдпунк					2	
Максимов фельдпунк	1	1			2	96
Боран фельдпункті	1	1			2	97
Досов фельдпункті				1	1	82
Тарбағатай фельдпунк					1	63
Қызылтас фельдпункт					1	33
Құлындыжон фельдп					1	
Кушаты фельдпункті	2				2	86
Тополев-мыс	1	1			2	34
Қалалық тіс кабинеті		2			2	645
Барлығы	14	13		2	52	2680

Жоғарыдағы мәліметтерден, жергілікті кеңестер тарапынан жүргізілген шаралардың шамалылығы білінеді.

1917 жылға дейін Күршім аумағында денсаулық сақтау ісін Маралиха және Дарствен селоларындағы 2 медициналық пункт іске асырды. Бірақ елді мекендер бір-бірінен алыс болғандықтан, бүкіл ауданды қамтамасыз ете алмады. Сондықтан мұндағы санитарлық жағдай, халыққа қызмет көрсету өте төмен жағдайда болды. Уақытында эпидемиялардың алдын-алмағандықтан, мерез, порша, қышыма ауруларына қарсы күрес жүргізілмей, жүздеген адамдардың өмірін әкеткен. 1920 жылы Маралиха емханасы және Бурабай, Буденовка, Высокогор, Камышенко селолары сияқты елді мекендерде, медпункттар жұмыс істеді [11, 297].

Саяси, әлеуметтік шаралармен қатар, шығыс өңірінің экономикалық дамуында да 20 жылдары бірқатар өзгерістер болды. 1919-1920 жылдары Зайсан уезі алтын, тас көмір, мыс, графит сияқты

қазба байлықтарын өндіруде, жұмыс істеген 29 кооперацияның 1 709 мүшесі болды, онымен қоса 58 кәсіпшілік қолөнер ұсталықтары жұмыс істеді. Тұғылдағы балық кәсіпшілігі, кәсіпкерлер М.П.Минскийдің «Сауырлық бірлестігі», «Кендірлік көмір кені» және Ф.Н.Казариновтың «Сібір - Монғол» бірлестігіндегі сабын қайнататын зауыт, Темірше қажының тері илейтін, жүн жуатын зауыттары уездік ревкомның қаулысымен, мемлекет қарауына алынды. Бұл саясат, олардың еңбекақы ынтасын төмендетіп, сенімсіздік пен күдікке итермеледі. Бір бөлігі, солақай саясаттың құрбаны болды, мүліктері тәркіленіп, Сібірге жер аударылды. Зайсанның кәсіпкерлерінің көпшілігі, шекараға жақын тұрған-дықтан, кеңес өкіметінің «қанды қолынан» құтылып, шетелге кеткен [12, 2].

Зайсанның Казаринов, Собачкин, Хохлов, Титов, Темірше сияқты кәсіпкерлері халықты жұмыспен қамтыды, жалдамалы еңбекті ұйымдастырды. Олар жергілікті халықтың сұранысын қанағаттандыру үшін, Сібір, Орал қалаларынан, Қытайдың Шәуешек, Құлжа қалаларынан, берісі Ертіс бойындағы Омбы, Кереку, Семей, Өскемен жақтан тауарлар әкелді. Әйгілі Ірбіт, Үркіт, Қоянды, Шар, Екатеринбург жәрмеңкелеріне барып, сауда жасады. Осындай іске ұқыпты кәсіпкер адамдарды, «қанаушы бай-қулак» деп, өкімет бір қалыпқа салып, итжеккенге айдатты [13, 2]. Уезде мыңды айдаған ірі алпауыттарда болды. Мысалы 50 мың қой, 12 мың жылқы, жүздеген ірі қара ұстаған «Скотопромышленник» атанған Сорокин, бүкіл Шілікті даласына Шитөбе ойлығына қожалық еткен көпес Рожков Қара Ертіс бойына орналасты. «Ақыш дауалы», «Құрбан қажы мешіті», «Бұтабай бұлағы» аталатын мекендер сол иеліктердің куәсі.

1919-1920 жылдары Зайсан уезіндегі мал басының саны 865455 болса, оның ішінде жылқы 153318, ірі қара мал 140153, қой 478871, ешкі 73408, түйе, 12905, шошқа 6600 болды. Ал, ара шаруашылығында 266 омартаның 1260 рамалық және 1518 құдықтық болды [14., 22].

1920 жылдары Зайсан уезінің Алексеевка мен Николаевка поселкеле-рінде астық өсірген. Қалған поселкелер мен заимкелер мал шаруашылығымен айналысқан. Оған қоса, омарташылық дамып, 284 омартада 2372 ұя болды. 112 марал ұстаған 6 марал өсіру бағы болған [15, 20].

1920 жылдары экономиканың дамуына құрғақшылық, жұттар үлкен әсерін тигізді. Әсіресе, мал шаруашылығының даму деңгейін бірнеше жылдар көлемінде салыстырмалы деңгейде, 1917-1920 жылдарға қарағанда, уездік кеңестің есебі бойынша, мал басының 1922 жылы елдің басқа аймақтарындағы жағдайға және үкіметтің ЖЭС жағдайындағы шараларының барысында, мал басының көрсеткіші 50% азайғаны мына кестеден көрінеді(3-кесте):

3-кесте Өскемен уезіндегі 1917-1925 жж. мал басының саны [112, 115].

Жыл	Жылқы	%	Ірі қара	%	Ұсақ мал	%	Барлығы
1917	171633	100	142462	100	473440	100	787365
1920	128344	75,1	133470	93,8	195757	41,2	453171
1922	83127	48,3	78387	55,2	95498	20,1	257012
1923	100314	58,6	103687	72,9	140353	29,5	344854
1924	108409	63,1	127203	89,4	171553	36,1	407165
1925	150519	87,7	196646	138,9	375823	79,1	722988

Бұл кестеден, 1922 жылға дейін мал басының шамадан тыс азайып, 1925 жылдарға қарай өсуі байқалады.

1923 жылы губерниядағы 23000 жартылай көшпелі шаруашылықтар, егіншілікпен айналыспайтын қазақ шаруашылықтарының 22%-ды құрады. Өскемен уезінде ара шаруашылығымен айналысатын Тархан, Риддер, Красный Октябрь, Мендешев болыстарында ұжымдық серіктестік құрылып, онда 22410 рамалық, 311309 құдықтық, барлығы 53719 ара ұясы болды. 1920 жылдармен салыстырғанда, уездің атқару комитетінің есебі бойынша егістік көлемі десятина есебімен 1917 жылы 140000, 1920 жылы 117351 - 16,2 %-ға 1922 жылы 46003 - 60,8 %-ға азайды. 1923 жылы 73889 - 60,6 %-ға, 1924 жылы 75505 - 7,7 %-ға, 1925 жылы 87613 - 10,2 %-ға, 1926 жылы 122394 -39,6 % өсті [13, 72].

1920-1930 жылдарда азаматтарды сайлау құқығынан айыру, таптып тұрғыдан өте қатаң түрде жүргізілді. Кеңес, сот мекемелері, ауылдар мен де ревняларда 1925-1926 жылдары 20982 адамды сайлау құқығынан айырса 1926-1927 жылдары 94377 адамға жетті. Бұл жазықтылардың 58% қазақтар еді. Ұлт коммунистерінің жергілікті қызметкерлерді Қазөлкекомның басшы органдарына көбірек сайлауы керек деген ұсынысына, БКП(б) Қазақ Өлкелің Комитетінің жауапты хатшысы Голощекин

олар қара басының қамын ойлау шылар деп кінәлады. Көп ұлтты республикаларда 100% жергіліктендіру, асыра сілтегендік еді. Бұл 35 % орыстардың құқығына зиян келтіреді [16, 35].

Денсаулық сақтау ісінде, қарастырылып отырған кезеңде, біршама шаралар іске асырылды. 1920 жылдары медициналық қызмет көрсету қатары барлық болысты қамтыды. Әрбір болыста фельдшерлік пункттер ашылып 11%-ға өсті. Дәрігерлік амбулаториялардың саны және медицина қызметкерлерінің қатары көбейді. Облыстық санитарлық жағдай қанағаттанғысыз болды. Бұл саланың да өзіндік кемшіліктері кездесті. Біріншіден - мамандардың жеткіліксіздігі; екіншіден - бірқатар аудандара; медициналық жүйе тиянақты қаржыландырылмады; үшіншіден - санитарлық жағдай қанағаттанарлықсыз (бөлмелердің жетіспеуі, операция жасау) орындарының жоқтығы, асханалармен жылыту орындарының жұмыс істемеуі); төртіншіден - дезинфекциялау қондырғыларының болғанымен? оның жұмысқа қолданылмауы; бесіншіден - жұқпалы ауруларға қарсы мерзімдік егулердің дұрыс жүргізілмеді. Санитарлық жүйедегі олқылықтар да жетерлік болды. Жекелеген жерлерде моншалардың жоқтығы, ауыз су сапасы зерттелмегендіктен, жұқпалы аурулар көбейді. Балалар ясилері мен бақшаларында медициналық-санитарлық бақылау болмады. Шығыс өңірінде 1920 жылдары 29 емханада 55 дәрігер қызмет көрсетіп, 2680 адам емделді.

1920 жылдары өлкенің экономикасында, өнеркәсіп кәсіпорындарын техникалық жабдықтау өте төмен болды. 1925 жылы Риддер кәсіпорындары қайта қатарға қосылып, онда 2500 адам жұмыс істеді. Өскемен уезінде 344 кәсіпорын жұмыс істеп, онда 4770 қызметкерлер мен жұмысшылар, оның 30 мемлекеттік кәсіпорыны болып, 3720 жұмысшылар мен қызметкерлер, 13 жұмысшыда 682 адам және 172 жеке меншіктікте 368 адам еңбек етті. 192 жылы 1050 жұмыссыздар болса, ал 1926 жылы бұл көрсеткіш 825 адамға қысқарды [8,125].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ШҚОММ. - 37-қор. - 1-тізбек. -110-іс. - 11-парақ.
2. ШҚОММ. - 3-қор. - 1-тізбек. -27-іс. - 5-парақ.
3. Жұрасова А. Сауатсыздықты жою жолында [20-30 жылдар]. // Қазақстан жоғары мектебі. -1988.-№ 2.- Б. 57.-59
4. ШҚОММ. - 13-қор. - 1-тізбек. -49-іс. - 216-парақ.
5. ШҚОММ. - 13-қор. - 1-тізбек. -66-іс. - 175-парақ.
6. ШҚОММ. -13-қор. - 1-тізбек. -127-іс. - 115-парақ.
7. ШҚОММ. - 13-қор. - 1-тізбек. -66-іс. - 104-парақ.
8. ШҚОММ. - 13-қор. - 1-тізбек. -127-іс. - 119-парақ.
9. ШҚОММ. - 279-қор. - 1-тізбек. -9-іс. - 15-парақ.
10. ШҚОММ. - 279-қор. - 1-тізбек. -53-іс. - 14-парақ.
11. ШҚОММ. - 105-қор. - 1-тізбек. -67-іс. - 297-парақ.
12. Жеңсеханұлы М. 1920-1930 жылдардағы ауданның жағдайы (Зайсанауданы) // Достық -1996. - № 16.- 24 қазан. – Б. 4-7
13. Сағатов С. Бесжылдық белестері. // Коммунизм туы, 1979. - 6 сәуір.-Б. 3
14. ШҚОММ. - 13-қор. - 1-тізбек. -127-іс. - 115-парақ.
15. ШҚОММ. - 13-қор. -1-тізбек. -36-іс. -72 -парақ.
16. ШҚОММ. - 105-қор. - 1-тізбек. -67-іс. - 22-парақ.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СОЦИАЛЬНЫХ СТРУКТУР ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА 20 ГОДЫ XX В А.К.Булгынбаева

В статье сделан отбор и анализ архивных данных о службах и организациях социальных структур 20-х годов двадцатого века Восточного Казахстана. Проанализированы проделанные работы недавно созданного советского правительства по улучшению социальных условий населения, в том числе в области здравоохранения и ликвидации безграмотности.

ACTIVITIES OF SOCIAL STRUCTURES OF EAST KAZAKHSTAN in 20 years of the XX B. A.K. Bulgynbaeva

The services and institutions of social structures in 20 years of the twentieth century of Eastern Kazakhstan has been selected and analyzed by archival datas in this article. The done work of the newly created of the Soviet government at improving of the social conditions of the population, including health and liquidation of Illiteracy has been analyzed.

НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Мақалада көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Нәзір Төреқұловтың өмірбаяны баяндалып, оның Түркістандағы қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына жалпы шолу жасалады.

Түйін сөздер: *Нәзір Төреқұлов, Түркістан автономиясы, кеңес үкіметі, ұлт-азаттық көтеріліс, журналист, редактор.*

Нәзір Төреқұлов Түркістанның жетекшісіне айналған қолбасшысы өзін білікті әкім ретінде көрсете білді. Ол жаңа өкіметтің алдынан туындайтын мәселелерінің өзегіне жергілікті жерлерде үнілу үшін республиканың әртүрлі облыстарын жиі аралап тұрды. Съездерге қатысып, сөз сөйледі, жиналыстар мен митингілерге жұмысшылармен, қызыл гвардияшылармен, диқандармен жүздесті. Ол әуелі бастан бұқараның үніне құлақ аса білу, әрбір адамға ықыласпен қарау халық жетекшісінің ең негізгі қасиеттерінің бірі екендігін көкейіне мықтап түйген. Қай жерде істемесін жұртты қабылдауға ерекше мән берген, берген уәдесін бұлжытпай орындаған. Оның сабырлы қалпы, көкіректіктің мүлде болмауы, келгендерді өзіне тартып, шаруасын қысылмай, бүкпей айта беруіне қолайлы ахуал туғызады.

Нәзір Ресей отаршылдығының Түркістан халықтарына қаншалықты қасірет болып жабысканын жан-жүрегімен сезеді. «Түркістан автономиялық республикасы» деген еңбегінде бұл Ресей Түркістанда шикізат өндіретін ел ретінде санап, оның мәдени өркендеуіне зердегі де мүдделі болмағанын, қайта жергілікті халықтардың ұлттық дамуын барынша тежеп отырғанын әшкерелейді. Мәселен, 1915-1916 жылдары Орта Азияда мақта өнімі Ресей тоқыма өнеркәсібіне қажетті шикізаттың тең жарымын өндіргенімен, жергілікті халық әлеуметтік теңсіздік қыспағында қала бергенін, қазақтың ең шырайлы жерлерін тартып алудың тұрпайы зорлықпен жүргізілгенін дәлелді талдайды: «Қазақтардың ең шырайлы жерлерін тартып алып, ондағы шаруашылықты тып-типыл етті. Ақ патшаның әмірін орындаушымыз деген қазақтар мен кулактар күннен-күнге жергілікті халықты талан-таражға ұшыратып, елді тонады, күш көрсетті. Жергілікті әкімшілік орындары кулактардың қолтығынан су бүркіп отырды, жергілікті халықтың жекеменшігіне ешқандай кепілдік болмауының, керісінше отаршылдардың жүгенсіздігін қоштауының салдары 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне әкеліп соқтырды» деп жазды [1, 5 б].

Қазақ халқының біртуар перзенттері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтармен жақын араласып, өзіне ұстаз тұтып, құрметтеген. 1916 жылы патша өкіметінің озбырлық саясаты салдарынан Орта Азия жастарының бір тобы Батыс майданындағы Беларусьқа қара жұмысқа жіберілді. Мәскеудегі оқуын тастап осы жерге келген Төреқұлов «Земсоюз» мекемесінде нұсқаушы болып орналасты. Сол кезеңдері Н. Төреқұлов бір сөзінде: «Сол жылдардағы мендегі түйсікпен социал-демократтар қатарына кіру мүмкін емес. Өйткені, мен саяси-әлеуметтік жолды таңдау үшін ескі және жаңа шаһар ортасында сарсаң болып жүрген едім. Мұсылмандар арасында тәрбие алғандықтан, әлеуметтік тегімді ұмытпағандықтан һәм соңынан 1916 жылғы халық толқуын көрген соң біржола халықтың көзқарас жағына шықтым» - ағынан жарылып мойындапты, содан бастап-ақ патшаның отарлау саясатына әшкерелеу, Түркістан өлкелі еңбекшілерінің ұлт-азаттық көтерілісіне дем беру мақсатымен Минск қаласы маңында «Еркін дала» атты жасырын қоғам құрды [2, 16 б].

Бұл қоғамның атқарған жұмысы үлкен дүние. Осылайша Нәзір Төреқұлов қоғамның саяси өміріне білек сыбана батыр да, батыл түрде кірісіп кетті. XX ғасырдың басында Алаш зиялылары халқының жарқын болашағын ашу жолындағы қапысыз танылған азаматтар. Нәзір солардың бірі ғана емес, бірегейі. Тап осы үшін Төреқұлов ешкімге еліктемей, қайталанбас төл әрекетін сол тұстағы қазақ қоғамының тума болмысына күштеп бөлектеу, Н. Төреқұловтың білек сыбанып, саясатқа араласуы, тағдырдың жазуымен 1916 жылғы оқиғаларына тұспа-тұс келді. Қазақтың әлеуметшіл күрескерлерінің жаңа бір ұрпағы осы бірегей тарихи құбылыстың аясында «тағдыр анасы - себеп» пәлсапасына ұйысып, өсіп жетілді, біртіндеп саяси күрескер ретінде танылды. Нәзір Төреқұловтың бір ерекшелігі осы ұлт-азаттық көтеріліске Батыс майданындағы тыл жұмыстарының бел ортасында

жүрген саяси тәжірибесімен келуі еді.

Н. Төрәқұловтың саяси қызметінің болашағына жол нұсқар ортаны Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерінің арасынан тапқан болатын. Алаштық қайраткерлер Нәзір Төрәқұлов сияқты европалық білімі бар, халықтың ортасынан шыққан аса мәдениетті жастан үлкен үміт күтіп, оған саяси күрестің тәлім-тәрбиесін берді. Яғни Нәзір Төрәқұловты саяси күреске баураған ресейлік социал-демократтар емес, керісінше ұлттық демократияшыл орта – Алаш қайраткерлері болатын. Нәзірдің саяси қызметке тартылуы 1916 жылы патша үкіметі Түркістанның жергілікті халқын тыл жұмысына алу туралы жарлығы бойынша қазақ жастарын майданның қара жұмысына алғанда оларға қызмет көрсету үшін Минск қаласында болашақ алаш қайраткерлері құрған земство одағына нұсқаушы ретінде қызметке кірісуден басталды. «Тыл жұмысына шақырылған түземдік жұмысшыларға көмектесу» ниетімен келген Төрәқұлов өзі үш жыл оқыған Мәскеудегі институтты тастап, тыл жұмысшыларының еліне қайтқанша сол қызметте қала берді [3, 4 б].

1918 жылы Қоқан қаласында төңкеріс комитетінің хатшысы, Қоқан кеңесінің жұмыс атқара жүріп, оның баспасөз органы «Халық газетасын» шығаруға қатысты. Облыстық халық ағарту бөлімінің бастығы қызметін атқара жүріп «Жаңа Шығыс», «Ферғана» газеттерінің редакторы болды. 1918 жылы Төрәқұлов Қоқан кеңес депутаттары революциялық комитеттің секретары, 1918-1919 жылдарда Ферғана облыстық ревкомның төрағасы, Түркістан республикасының ағарту комиссары, «Вестник просвещения коммунистической культуры» журналының редакторы сияқты қызметтерде болды. Бұдан әрі Нәзірдің қызметі Москвада жалғасты. Төрәқұлов-талантты, көпқырлы журналист. Ең алдымен ол еңбектерін қазақ, өзбек, орыс тілінде қатар жариялағанын атап өту керек. Ол Түркістанда жұмыс істеген жылдарында өзбек және орыс тілдеріндегі бірталай газет, журналдардың редакторы және белсенді шығарушылардың бірі болған. Бұған оның «Ынтымақ» журналында «Қызыл байрақ», «Ферғана» газеттерінде басылған алпысқа жуық жарияланған мақалалары дәлел бола алады [4, 20 б].

Оның орыс тіліндегі еңбектерінің маңызы зор. Оның еңбектері алуан түрлі. Бұлардың ішінен саяси шолу да, тіл, дін, мәдениет, дәстүр проблемасын қозғайтын мақалалар, аудармалар, сын кітаптар кездеседі. «Автономияшылдар» қуылғаннан кейін Н. Төрәқұлов Қоқан жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары кеңесінің хатшысы және оқу ағарту комиссары, Скобелев қаласында облревком төре алқасының мүшесі және оқу ағарту бөлімінің меңгеруші қызметтерін атқарған. Бұл кезде ол солшыл әскери қатарында жүріп, осы партияның жергілікті ұйымы төрағасының орынбасары міндетін атқарады.

Журналист өз әріптестерімен жиі кездесіп отырған, әлдебір мақаласын баспаға жөнелтерден алдын редакциядағы жолдастарының материал жөніндегі пікірін жинастырған. Іске байыпты қарау көзқарасы, шалқар білімдардық және сөзге ұсталық басқа іс саласында Н. Төрәқұловтың алдынан кең өріс ашты. Н. Төрәқұлов 1919 жылы Түркістан Республикасы Орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланды.

Ең алдымен Нәзір Төрәқұлов Ресей отаршылдығының Түркістан халқына қаншалықты қасірет болып жабысқанын жан-жүрегімен сезеді. «Түркістан автономиялық республикасы» деген еңбегінде бұл туралы ойлағанын ашық, батыл айтқан. Патша Ресей Түркістанды шикізат өндіретін ел ретінде санап, оның мәдени өркендеуіне мүдделі болғанын, қайта жергілікті халықтардың ұлттық дамуын барынша таптап отырғанын әшкерелейді. Мәселен, 1915-1916 жылдарда Орта Азияда мақта өнімі Ресей тоқыма өнеркәсібіне қажетті шикізаттың тең жарымын өндіргенімен жергілікті халық әлеуметтік теңсіздік қыспағында қала бергені, қазақтың жерлерін тартып алудың тұрпайы зорлықпен жүргізілгені дәлел талданады. «Түркістанның мал өсіретін аудандарының бей берекет басып алуы бой көтере бастады. Мұндай басқыншылық әсіресе Ресейде егін шықпай қалған жылдары күшейе түсетін «Бос жатқан қазақ жерінің» мемлекетіміздің өзі көзін салып, олардың жерін «заңды жолмен» тартып ала бастады». Патша үкіметінің Заң шығарушы орындары өткен ғасырдың 60 жылдарында қазақ жерін түгелімен мемлекет иелігінде деп жариялаған еді. Патша бұл тәсілмен бірге екі қоянды ататын: біріншіден помещиктік Ресейдегі жер тапшылығын шешудің жолын тапса, екіншіден Орта Азиядағы саяси тұрақтылығы [5, 12-14 б].

1920-22 жылдары Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, Түркістан коммунистік партиясының бірінші хатшысы, халық ағарту комиссары сияқты көптеген жауапты қызметтерді атқарды. Н. Төрәқұловтың ел басқару қызметкерінің негізгі арқауы азаттыққа, тәуелсіздікке жетелеу болды. 1921 жылдың 21-25 тамызында Кеңестердің Бүкілтүркістандық X съезінде Нәзір Төрәқұлов есепті баяндама жасап, Түркістан Атқару Комитеті жанынан ұлттық білімін ашуды сұранды. Түркістан мұсылман бюросын құрған кезінде Түркістан Атқару Комитетінің жанында қазақ, өзбек, түркмен бөлімшелерін ұйымдастырып, жергілікті халық мәселесіне айрықша көңіл бөлді.

1922 жылы Нәзір Төрекұлов мемлекет басшылығындағы қыруар жұмысына қарамастан «Төңкеріс» атты журналды ұйымдастырып, оның бас редакторы болды. Ол журналға «Дәруіш» деген бүркеншік атымен материалдар жариялап отырған, онда сол кездегі өзекті мәселелерді өткір түрде қозғап отырып жазған. 1922 жылдың соңынан 1928 жылға дейін Мәскеуге орталық баспасөз бөлімінің бастығы болып істеген қызметімен ерекшеленеді, мұнда халқымыздың тарихы мен тілін зерттеуге көңіл бөлген. Дәл осы жылдың наурыз айында Кремльде В. И. Лениннің қабылдауында болып оған жергілікті халықтардың ана-тілі мемлекеттік тіл білу керектігін көлденең қоя берді. Дәл осы жылы ерекше айта кететін мәселе Төрекұловтың осы кезеңде қазақтың ел ағалары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаевтарды шығармашылық қызметке тартып, қамқорлық көрсеткені мәлім. Ұлтшыл атанып, Кеңес өкіметі басшыларының және қазақтың жандайшап белсенділерінің қырына алып, шеттеліп жүрген ғұлама қайраткерлерді аялап, көңіл бөлуге ол кездегі ондай ерлікке екінші бірі жүрегі дауламайтын еді. Ал Нәзір Төрекұлов олармен араласуға жүрексінебеді, олардың өшпес еңбектерін бағалағаны белгілі еді [6, 5 б].

Н. Төрекұлов қысқа ғұмыры ішінде, халқы үшін жарқын қызмет етіп үлгерді. Оның сол жылдардағы ұлт мүддесіне қатысты ұстанған азаматтық позициясы мен саяси көзқарастары және ұлықтаған құндылықтары қазіргі келде де өз құнын жоғалтпағандығын көреміз. Ол ХХ ғасыр таңымен таласа қазақ халқының, егемендігі жолында күрескен ер, қажымас қайраткер. Биыл еліміздің тәуелсіздігі жолында жалынды қоғамдық-саяси қызметімен және жарқын шығармашылығымен танылған, тоталитарлық биліктің саяси қуғын-сүргініне ұшыраған Нәзір Төрекұловтың туғанына 125 жыл. Осы айтулы датаға орай Нәзір Төрекұловтың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасын зерттеу жаңаша сипат алып, тың деректермен толыға түседі деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Әбдезұлы Қ. Алаш перзенті. // Егемен Қазақстан. 2007. 3 тамыз. 5 б.
2. Мансуров Т. Н. Төрекұлов. Алматы: Қазақстан. 2005. 16 б.
3. Төрекұлов Н. Шығармалар. Шымкент: 1996. 4 б.
4. Тілеуқұлов Г. Жазықсыз жазаланған тұлғалар. Ташкент: 2000. 20 б.
5. Сарыпбекова З. Төрекұловтың қоғамдық саяси қызметі. // Алматы. 2004. 12-14 б.
6. Садырбек О. Ташкент таныған Төрекұлов. // Оңтүстік Қазақстан. 2002 ж. №134-5 б.

ИСТОРИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАЗИРА ТОРЕКУЛОВА Г.Батырбеккызы

В статье рассматривается видный общественный и политический деятель Назир Турекулов, дается анализ его общественно-политической деятельности и творчества.

THE HISTORY OF SOCIAL AND POLITICAL ACTIVITY OF NAZIR TOREKULOV G.Batyrbekkyzy

The article is concerned with Politic Nazir Turekulov and his analysis of social political activities and creativity.

УДК [94:323] (474.5)

Д.А. Джумагалиев

Институт истории государства КН МОН РК

СОДЕРЖАНИЕ И РЕАЛИЗАЦИЯ «ИСТОРИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ» В ЛАТВИЙСКОЙ РЕСПУБЛИКЕ В 1990-е - 2000-е ГГ.

Аннотация: Статья посвящена реализации «исторической политики» в Латвии 1990-е - 2000-е. На основании анализа научной литературы, политико-декларативных актов, материалов в СМИ и других источников автор рассматривает содержание исторической политики проводимой Латвийской Республикой.

Ключевые слова: историческая политика, национальная история, СССР, оккупация, Прибалтика, Латвия.

После распада СССР положение всех союзных республик существенно изменилось. Так как его распад коренным образом изменил геополитическую ситуацию в мире. На политической карте мира появились ряд новых суверенных государств. С обретением независимости страны Прибалтики, в том числе и Латвия активно начали поднимать вопросы о пересмотре событий связанных с периодом пребывания республики в составе СССР. Новая элита стала активно внедрять и использовать на государственном уровне термин о советской оккупации Латвии.

Теперь уже в новых независимых государствах СНГ и Прибалтики на место советской исторической науки пришла национальная история. С падением замкнутой советской тоталитарной системы с характерной для неё идеологией, забвением национальной истории, языка и культуры, встал вопрос переосмысления истории. Новые республики стали определять приоритеты своей внешней и внутренней политики, нередко прибегая к помощи истории. Все это диктует необходимость тщательного изучения исторической политики проводимой Латвией.

Термин «историческая политика» был введен немецкими историками в конце 80-х годов XX века, позднее её заимствовали и развили польские историки. По определению российского историка Алексея Миллера, «историческая политика – это набор приёмов и методов, с помощью которых находящиеся у власти политические силы, используя административные и финансовые ресурсы государства, стремятся утвердить определённые интерпретации исторических событий как доминирующие» [1, с. 10]. Иными словами «историческая политика» – это влияние на формирование исторической памяти со стороны государства, политических партий. Также в исторических исследованиях употребляются такие понятия как: «историческая политика», «политика прошлого», «политика идентичности», «политика памяти». Из чего можно сделать вывод, что это чисто политический феномен.

«Историческая политика» особенно активно проявляется в посткоммунистических странах. Среди причин актуализации «исторической политики» – не только желание устранить «белые пятна» истории. В условиях отмены идеологических барьеров и становления новых государственных и общественных структур политические силы стремятся утвердить определённые, комфортные для себя в идеологическом плане идеологические интерпретации дискуссионных исторических событий, сделать их доминирующими в массовом сознании [2, с. 92].

Многие из нас помнят, что страны Прибалтики еще в советский период отличались от других союзных республик своеобразной культурой, неповторимой архитектурой и ландшафтом. К сожалению, на этом наши знания о странах Балтии заканчивались. В действительности каждая из этих стран обладает своей неповторимостью и богатым историческим прошлым. Латвия – удивительная страна, сохранившая богатое культурное наследие и самобытную историю.

С провозглашением государственной независимости в Латвии усиливается изучение исторических процессов и событий советского прошлого, которые становятся значимым элементом политики, оказывающим существенное влияние на общественно-политическую жизнь в стране. В условиях переоценки ценностей и смены идеологии, ориентированной в сторону Запада, проблема формирования национальной истории является первостепенной. Возникла проблема пересмотра некоторых вопросов истории прошлого в свете новой государственной идеологии.

Процесс вхождения прибалтийских республик в состав СССР начался вскоре после окончания войны с Финляндией, когда интересы СССР были направлены в сторону Балтии. Как стало известно позднее, СССР и Германия в секретных протоколах от 23 августа 1939 года договорились о вхождении этих стран в состав СССР [3, с. 435]. В результате так называемого пакта Молотова-Риббентропа была ликвидирована государственная независимость Латвийской Республики и ее по переменно оккупировали СССР, затем и Германия. Включение Латвии в состав Советского Союза привело к советизации всех сфер культурной жизни, включая систему образования. Новые поколения воспитывались в убеждении, что советская культура представляет собой высшую стадию национального и культурного развития латышского народа.

В советский период вопросы оккупации Латвии рассматривались официальной идеологией как позитивный процесс развития латышской государственности [4, с. 298]. Современная латышская историография основывается на современной концепции истории, основной особенностью которой является принудительный характер включения Латвии в состав СССР, которое рассматривается как советская оккупация, в связи с чем, все оценивается с точки зрения антисоветизма [5, с. 243].

Как было отмечено выше, историческая политика проводится государством, для формирования идеологической основы государства. И для того, чтобы продвигать эту политику создаются негосударственные объединения и фонды с сильной финансовой поддержкой. Во главе этих организаций встанут видные общественные деятели. Создаются учреждения, которые способствуют

координации тенденций развития истории, с целью защиты исторического прошлого в интересах государства.

Идеологические основы латвийской исторической науки закреплены в ряде политико-декларативных актов органов власти. К ним следует отнести декларации Сейма Латвийской Республики «Об оккупации Латвии» от 22 августа 1996 года, «О латышских легионерах во Второй мировой войне» от 29 октября 1998 года и «Об осуждении осуществлявшегося в Латвии тоталитарного коммунистического оккупационного режима СССР» от 12 мая 2005 года [6, с. 4].

Так в Декларации, принятой Сеймом Латвии от 22 августа 1996 года «Об оккупации Латвии» говорится, о нарушении принципов международного права, вмешательство в суверенные и независимые права, незаконной оккупации и аннексии Латвийской Республики Советским союзом, преследованиях по политическим взглядам, религиозным убеждениям и национальной принадлежности, попытках разрушения и русификации национальной культуры, и что народ Латвии не желал мириться с ненавистной советской оккупацией, продолжая вооруженное сопротивление оккупации СССР [7].

Другой важный документ – это Декларация Сейма Латвийской Республики «О латышских легионерах во Второй мировой войне» принята 29 октября 1998 года [8]. В ней подчеркивается, что сражавшиеся во Второй мировой войне в составе германских вооруженных сил против СССР латышские легионеры не были сторонниками гитлеровского режима и никогда не участвовали в гитлеровских карательных акциях против мирных жителей. Отмечается военные преступления против латвийского народа оккупационного режима СССР и фашистской Германии.

Третий важный документ, – это Декларация Сейма Латвийской Республики «Об осуждении осуществлявшегося в Латвии тоталитарного коммунистического оккупационного режима СССР» от 12 мая 2005 года [9], где особый акцент делается на преступления тоталитарного коммунистического оккупационного режима СССР, оккупации и аннексии Латвийской Республики, убийств и депортации её жителей, а также русификации национальной культуры Латвии.

В 1998 году по инициативе бывшего президента Латвии Гунтиса Улманиса была создана Комиссия историков при президенте Латвийской Республики [10]. Основной задачей которой является исследование и осмысление проблемы – «Преступления против человечества во время двух оккупаций 1940-1956», подготовка базы для составления новых учебных пособий, распространение в обществе информации о событиях данного периода, разъяснение истории Латвии за рубежом.

С 2005 по 2009 годы в Латвии действовала Комиссия по подсчету ущерба от «советской оккупации», которая занималась определением суммы убытков, понесенных страной в период с 1950 по 1990 годы [11]. Но в связи с сокращением финансирования её деятельность была прекращена. Однако, 5 ноября 2013 года правительство Латвии решило возобновить ее деятельность. В 2015 году Министры юстиции Латвии, Эстонии и Литвы подписали в Риге меморандум о сотрудничестве, в котором заявили о намерении предъявить России как преемнице Советского Союза требование о возмещении ущерба за «советскую оккупацию» [12].

В августе 2010 года в Академии наук Латвии было создано «Общество по изучению оккупации Латвии» (Latvijas okupācijas izpētes biedrība - LOIB) [13]. В состав нового общества вошли историки, демографы и экономисты. Основной целью общества является защита прав человека для жителей Латвии, пострадавших в период оккупации, а также, развитие образования, науки и культуры.

К реализации «исторической политики» в Латвии также можно отнести и работу музеев. Так с 1993 года в Латвии открыт и действует «Музей оккупации Латвии», который находится в бывшем здании музея Латышских стрелков [14]. Музей является частным, финансово и политически независимым институтом. Музей оккупации играет существенную роль в восстановлении и укреплении исторического сознания в Латвии о так называемом периоде оккупации.

В Риге с 1916 года действует один из старейших музеев страны «Военный музей Латвии», экспозиция которого посвящена истории возникновения и становления латвийских вооружённых сил. Основной целью музея является открытие обществу военно-политической истории Латвии, Латвийской армии, советской оккупации, о процессах обретения независимости в 1918 и 1991 годах [15].

Анализ научной литературы, правовых актов, материалов в СМИ, а также обзор работы музеев и других учреждений в Латвии показывает, что формирование национального самосознания и историческая наука в современной Латвии находится под пристальным вниманием государства и её идеологии. В зависимости от социально-экономического развития общества, политических и идеологических установок руководства страны изменяются цели, задачи, формы и методы

«исторической политики». Подводя итоги можно констатировать, что «историческая политика» в Латвии характеризуется принятием политико-декларативных актов, созданием различных комиссий, открытием музеев и обществ.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Миллер А. Россия: Власть и история // Pro et Contra. Журнал Российской внутренней и внешней политики. Т. 13. – 2009. – С.6-21.
2. Вяземский Е.Е. Историческая политика как инструмент взаимосвязи профессиональной историографии и коллективной памяти // Интернет-журнал Проблемы современного образования. – 2011. - №6. – С.89-97
3. Мунчаев Ш.М., Устинов В.М. История советского государства. М.: Норма, 2008. 720 с.
4. Канале В.Я., Степерманис М.К. История Латвийской ССР. Рига.: Звайгзне, 1974. 319 с.
5. Блейере Д., Бутулис И., Зунда А., Странга А., Фелдманис И. История Латвии: XX век. Рига.: J. L. V., 2005. 475 с.
6. Дюков А. Р., Симиндей В. В. Государственная историческая политика Латвии: материалы к изучению. М.: Фонд «Историческая память», 2011. 44 с.
7. Deklarācija par Latvijas okupāciju (Декларация «Об оккупации Латвии») // Официальный Вестник Латвийской Республики. [Электрон. ресурс]. –URL: <https://vestnesis.lv/ta/id/63838> (дата обращения: 02.11.2016)
8. Deklarācija par latviešu leģionāriem Otrajā pasaules karā (Декларация Сейма Латвийской Республики о латышских легионерах во Второй мировой войне) // Официальный Вестник Латвийской Республики. [Электрон. ресурс]. –URL: <https://www.vestnesis.lv/ta/id/218706> (дата обращения: 03.11.2016)
Последняя перепись населения в Казахстане также была проведена в 2009 г. По её данным на территории Казахстана проживало 16 009,6 тыс. человек. За период с 1999 по 2009 гг. численность населения страны увеличилась на 1028,3 тыс. человек или на 6,9%. Доля казахов в общей численности населения страны составила 10 098 600 чел. (63,1%), русских – 3 797 000 чел. (23,7%), узбеков – 457 200 чел. (2,9%), украинцев – 333 200 чел. (2,08%), уйгур – 223 100 чел. (1,4%), татар – 203 300 чел. (1,27%), немцев – 178 200 чел. (1,1%), других этносов – 721 700 чел. (4,5%). Численность казахов увеличилась по сравнению с предыдущей переписью населения на 26,0%, узбеков - на 23,3%, уйгур – на 6,8%. На 15,3% снизилась численность русских, на 49,5% - численность немцев, на 39,1% - украинцев, на 18,0% - татар и других этносов – на 4,8% [2].

Итак, по материалам последних переписей населения (2009 г. – в Белоруссии, Казахстане и Киргизстане; 2010 г. - в России, 2011 г. – в Армении) представители русской национальности проживают во всех государствах-членах Союза. Самое большое количество русских (кроме Российской Федерации) проживало в Республике Казахстан, а самый небольшой показатель численности русского населения прослеживается в Республике Армения. Наличие

представителей русского этноса на территории государств - членов Евразийского союза, на наш взгляд, является важнейшим фактором в политике Российской Федерации по укреплению взаимоотношений с Арменией, Белоруссией, Казахстаном и Киргизией.

Сравнивая десять самых многочисленных этносов, проживающих в государствах-членах Евразийского союза, следует отметить, что представители татарской национальности проживают всюду (кроме Армении), украинцы не представлены среди самых многочисленных этносов лишь в Киргизской Республике, а армяне - в Республике Беларусь, Республике Казахстан и Киргизской Республике. Казахи входят в число десяти многочисленных народов только в Киргизии. Национальный состав стран-членов Евразийского экономического союза обусловлен их историей и взаимоотношениями с соседними странами. В связи с открытием границ государств ЕАЭС и интенсификацией трудовой миграции, этнический состав населения в них будет постоянно меняться.

Огромные просторы Евразийского экономического союза, их человеческий потенциал, богатые природные ресурсы будут и дальше оказывать большое влияние на развитие всего обширного евразийского континента. Число государств-членов Союза будет расти, а значит будут расти территория и численность населения евразийского объединения, увеличится и её экономический потенциал, что в свою очередь будет влиять на её политический авторитет в мире.

21 декабря 2015 года на заседании Высшего Евразийского экономического совета (ВЕЭС) главы государств ЕАЭС наряду с другими многочисленными вопросами приняли решение о проведении в 2020 году переписей населения в странах Союза. Данный факт на, наш взгляд, позволит проводить в будущем более точные сравнения по вседемографическим показателям государств-членов Евразийского экономического союза [11].

ЛИТЕРАТУРА

1. Договор о Евразийском экономическом союзе (г. Астана, 29 мая 2014 года) // Бюллетень международных договоров РК. – 2015. - № 2.
2. Итоги национальной переписи населения 2009 года [Электронный ресурс]. - Режим доступа :URL: <http://www.nomad.su/?a=3-201011150038> (дата обращения: 02.02.2017), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
3. Назарбаев Н. А. Евразийский союз : идеи, практика, перспективы.1994-1997 / Н. А. Назарбаев. - М. : Фонд содействия развитию соц. и полит. наук, 1997. - 480 с.
4. Население Армении [Электронный ресурс]. – Режим доступа :URL : <http://am.spinform.ru/people.html> (дата обращения : 02.02.2017)), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
5. Население ЕС составляет 508,2 млн. человек : больше всего - в Германии и Франции [Электронный ресурс] // Европейская правда. - 2015. – 10 июля. – Режим доступа :URL : <http://www.euointegration.com.ua/rus/news/2015/07/10/7035775/> (дата обращения : 02.02.2017)), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
6. Население Киргизии [Электронный ресурс]. – Режим доступа :URL: <http://www.turkaramamotoru.com/ru/Население-Киргизии-176031.html> (дата обращения : 01.02.2017),), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
7. Населения Республики Беларусь (итоги переписи 2009 г.) [Электронный ресурс]. – Режим доступа :URL : <http://voeto.ru/nuda/naseleniya-respubliki-belaruse-itogi-perepisi-2009-goda-i-yipo/main.html> (дата обращения : 01.02.2017), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
8. Население России : численность, динамика, статистика [Электронный ресурс]. – 01.02.2017. - Режим доступа : URL: <http://www.statdata.ru/russia> (дата обращения : 02.02.2009), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
9. Результаты переписи населения 2011 года Республики Армения (показатели Республики Армения) [Электронный ресурс]. – Режим доступа :URL: <http://armstat.am/ru/?nid=517> (дата обращения : 02.02.2017), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
10. Страны Евразии [Электронный ресурс]. – Режим доступа :URL : <http://geography-a.ru/eurasia/stranyi-evrazii> (дата обращения: 30.01.2017), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
11. Таможенный Союз, Единое экономическое пространство и Евразийский экономический союз (ТС, ЕЭП и ЕАЭС) [Электронный ресурс]. – 2016. - Режим доступа :URL: <http://mfa.gov.kz/index.php/ru/vneshnyaya-politika/kazakhstan-i-integratsionnye-protsessy/tamozhennyj-soyuz> (дата обращения: 03.02.2017)), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.

12. Члены Евразийского Экономического союза, братья ли нам? [Электронный ресурс]. – Режим доступа :URL : <http://www.istmira.com/novosti-istorii/12667-chleny-evraziyskogo-ekonomicheskogo-soyuza-bratya-li-nam.html> (дата обращения : 30.01.2017)), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.
13. 8 малоизвестных фактов о евразийском экономическом союзе [Электронный ресурс]. – Режим доступа :URL: <https://vlast.kz/politika/16143-8-maloizvestnyh-faktov-o-evrazijskom-ekonomiceskom-souze.html> (дата обращения : 31.01.2017), свободный. - Загл. с экрана. - Яз. рус.

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕ – МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ
ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ САНЫ, АУМАҒЫ
Ф.З.Ражепаева**

Мақалада Еуразиялық одаққа кіретін мүше- мемлекеттердің азаматтарының қатынасы жөнінде, ЕАЭО - тың экономикалық және адам потенциалы жөнінде материалдар ұсынылған, соңғы халық санағының материалдары бойынша Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасының халық саны және ұлттық құрамы көрсетілген.

**TERRITORY, POPULATION AND ETHNIC COMPOSITION IN THE MEMBER STATES
OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION
F.Z. Razhepaeva**

The article presents materials about attitudes of the member states' citizens towards joining the Eurasian Union, the human and economic potential of the EAEU; illustrates the population's size and ethnic make-up of the Republic of Armenia, the Republic of Belarus, the Russian Federation, the Republic of Kazakhstan and the Republic of Kyrgyzstan according to the recent population census.

ӘОЖ: 930.2:003.072

М.С.Саулембекова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**XIX ғ. СОҢЫ - XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР –
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ**

Мақала XIX ғ. соңы - XX ғ. басында елімізде шығарылып тұрған ұлттық мерзімді басылымдарды – Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде саралауға арналған. Мерзімді басылымдар қазақ қоғамына біртіндеп еніп, кейіннен сол қоғамның ажырамас біртұтас бөлігіне, өмір айнасына айналған ұлттық баспасөз халқымыз өткен тарихи жолдарды саралау, оның ұлттық құндылықтарын бағамдау мақсатында басты тарихи дереккөз болып табылатыны айқындалады.

Түйін сөздер: Мерзімді басылымдар, дереккөз, «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті, «Қазақстан» газеті, «Серке» газеті, «Бірлік туы» газеті, «Алаш» газеті.

Қоғамда болып жататын оқиғалар бойынша негізгі дерек көздерінің бірі – мерзімді баспасөз. Қай кезеңде болмасын, қоғамда болып жатқан жаңалықтар мен қалыптасқан ахуалды баяндап, адамзатты белгілі бір ортақ ұлттық мүдде жолында қызмет етуге үндейді.

Қазақ халқының ұлттық мерзімді басылымдардың пайда болуы ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. Мерзімді басылымдар қазақ тарихының баға жетпес дерек көзіне айналды. Белгілі бір мерзімде қазақ тілінде шығып тұрған басылымдардың пайда болып ел арасына таратылуы қазақ өмірінде ерекше қоғамдық құбылыс болып, өзіндік із қалдырды. Ұлттық басылымдар туралы біраз зерттеулер арналғанымен, біздің мақсатымыз, сол басылымдардың деректік ерекшеліктерін ашуға, олардан алынған мәліметтердің ғылыми құндылықтарын анықтауға болып табылады.

Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздердің күні бүгінге дейін толық библиографиялық

көрсеткіштері жоқ. Ал, бұл газет-журналдарды ақтарып, мазмұнымен толық танысатын болсақ, олар Қазақстан тарихынан толып жатқан соны деректер бергені даусыз. Қазақ тілінде ертеректе шыққан газет-журналдарын тауып пайдалану үшін қиындықпен түсетін бір себебі - мерзімді басылымдардың кітапхана қорымен мұрағатта түгел сақталмағаны.

Патша өкіметі жергілікті ұлт тілінде мерзімді басылымдарды шығаруға рұқсат беруі ең алдымен отаршылдық саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын халықтардың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындату, сондай-ақ оның ресми көзқарастарын халық арасында кең таратып, қол астындағыларды шексіз бағындырып ұстау мақсатымен шығарылды. Алайда патша үкіметі тарапынан көзделген мақсатқа қарамастан, заңдарын, жарлықтарын жариялай отырып, оның отаршылдық саясатын уағыздай отырып, бұл органдар сонымен қатар өз беттерінде тарихи мәселелерді көтеріп отырып, мал шаруашылығы, мектептер туралы, қазақ халқының тарихына, тіліне, әдебиетіне, этнографиясына, археологиясына арналған мақалалар басылып тұрды.

Патшалық Ресей қол астындағы ұлттар тіліндегі шыққан газет-журналдарда басылған мақалалардың түгелге жуығы библиографияға түсірілмегенін ескерсек, қазақ тіліндегі библиография тіпті болмаған. Бұл жұмыс тек кейінгі кезде ғана қолға алынып, қазақ халқының мәдени өмірін, тарихи даму жолындағы өзгерістерді талдап, зерттеуде жұмыстар атқарылып, түрлі энциклопедиялар мен библиографиялармен жинақтар шығарылды.

Таптық идеология үстемдік құрған кезеңде басапасөз биліктің үгітшісі, насихат құралы болып келгені тарихи шындық. Себебі, өз заманының билігін діттеген идеологияның қатаң қалыбына түсірілген басапасөзде шынайы қазақ қоғамының бейнесі көрінбеді. Осындай қиын кезеңде библиографиялық көрсеткіш жасаған алғашқы қарлығашы Ү.Сұбханбердина болды [1]. Бұл жөнінде ғалым Қ.Ергөбек былай дейді: «Қазақтың қарғадай қызы, Қазақ КСР Ғылым академиясы ғылыми кітапханасының библиографы Үшкілтай Сұбханбердинаның «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Айқап» сынды Қазан төңкерісіне дейінгі ағымдағы басапасөз материалдарына ден қойып, елеулілерін жинап, библиографиялық көрсеткіш тізе бастаған ...ұлтшылдық басылым деген жаламен жабық жатқан қазақ басапасөзі материалдарын одақ бойынша кітапханалар мен архивтерден іздестіруге қызу кірісіп кетті. Енбегі жеміссіз болған жоқ. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» (1961), «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді басапасөзіндегі материалдар» (1963) деп аталатын, мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш кітаптары жарық көрді [2].

Осы библиографиялық көрсеткіштердің жарыққа шығу жөнінде «Қазақстан мұғалімі» газетінде «Айқап туралы еңбек» атты сын мақалада Б.Кенжебаев: «Қазақ тілінде революциядан бұрын шыққан кітаптарда, газет-журналдарда көптеген мақала, хат-хабар жарияланған, елеулі мәселелер қозғалған. Қазақ халқының өткен-кеткені, тарихы туралы, сол кездегі саяси, шаруашылық, мәдени жағдайы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, ізгі тілек арманы туралы толып жатқан дәл, айқын ақпар деректер берілген, талай құнды ой-пікірлер айтылған. Ал, осындай деректерді, құнды ой-пікірлерді біздің бүгінгі оқушыларымыз бен зерттеушілеріміздің, ғылыми қызметкерлеріміздің бәрі бірдей жете біле бермейді. Себебі, бізде қазақ тілінде революциядан бұрын шыққан газет-журналдар бетінде жарияланған мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиялық көрсеткіштері жоқ», – деп бағасын берген [3].

Қазақ басапасөзінің тарихын зерттеуде елеулі қателіктер, үлкен кемшіліктер болды. Б. Кенжебаев қазақ басапасөзінің тарихына арнап 50-жылдардың басында «Қазақ басапасөзі тарихынан» атты еңбегінің маңызы айрықша. [4].

Тәуелсіздік алып, төл тарихымызды объективті тұрғыдан қайта жазуға мүмкіндіктің тууына байланысты ұлттық дерек көздеріне, оның ішінде, қазақ басапасөзіне деген жаппай қызығушылық қайта жанданды. Ұлт тарихының «ақтаңдақ» беттерін толтыру мақсатында мұрағат деректерімен қатар қазақ басапасөздерінде берілген материалдар тарихи қазынаны толықтыра түсетін ең құнды дерек көзі болып табылады.

Қазақ басапасөзін тарихи дерек ретінде, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан тарихы үшін бағалы дереккөз ретінде деректанушы- ғалым Қ.Атабаевтың іргелі еңбектерін атап өту қажет. Оның еңбектерінде көрсетілген мерзім арасындағы ұлттық басылымдармен қатар, өңірлік газет-журналдардың атқарған қоғамдық-саяси бағыттары мен қызметі, дамуы және жағдайы, ең алдымен өзі өмір сүріп, қызмет еткен қоғам туралы қазіргі зерттеушілер үшін қазақ басапасөзінің тарихи дерек ретінде сұранысқа енгендігін жан-жақты қарастырады [5].

Х.Тұрсұн «XX ғ. алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ тілді “Қазақ” (Орынбор), “Сарыарқа” (Семей), “Бірлік туы”, “Сана”, “Ақ жол”, “Шолпан” (Ташкент), өзбек тіліндегі “Улұғ Туркистон”, “Кенгаш”, “Хуршит”, “Наджот”, “Турон”, “Тарракий”, “Ойна” (“Айна” –Х.Т.)

басылымдарында ұлттық элита өкілдерінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық мәселелерді көтерген құнды мақалалар жарық көрді» - деп атап көрсетеді [6; 9 б.].

Ұлттық басылымдардың тарихын зерттеуші ғалым Ү.Субханбердина көрсетіп бергендей «Революциядан бұрын қазақ тілінде 14 газет, бір журнал шыққан. Олар: “Түркістан уалаятының газеті” (1870-1882), “Дала уалаятының газеті” (1888-1902), “Серке” (1907), “Бірлік туы” (1917), “Қазақ газеті” (1907), “Дала” (жылы белгісіз), “Қазақстан” (1911-1913), “Ешім даласы” (1913), “Қазақ” (1913-1918), “Айқап” (1911-1915), “Алаш” (1916-1917), “Сарыарқа” (1917), “Ұран” (1917), “Үш жүз” (1917), “Тіршілік” (1917)”, — дейді [7; 124 б.].

XIX ғасырдың соңында «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» атты екі басылым шығып тұрды. «Түркістан уалаяты газеті» 1870 жылы сәуірдің 28-інде (ескі стиль бойынша) Ташкент қаласында жарық көрген бұл газет, тек қана қазақ тілінде емес, жалпы Ресей қол астындағы түркі халықтары тілінде шыққан алғашқы басылым болды [8; 71 б.]. «Түркістан уалаяты» газеті әуел баста «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде шыға бастады. Алғашқыда ол айына төрт рет, оның екі нөмірі өзбек тілінде және екі нөмірі қазақ тілінде шықса, кейін келе орыс тіліндегі газеттен бөлініп шығып, қазақ және өзбек тілдерінде шығарылды [9; 154 б.].

Патша өкіметі тарапынан қазақ тілінде шығарылған келесі және соңғы ресми газет «Дала уалаяты газеті» болды. Ол Омбы қаласында, 1888 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін шығып тұрды. «Дала уалаяты газетінің» дүниеге келуі 1882 жылы құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген, Дала генерал-губарнаторлығының құрылуымен байланысты. Өйткені, баспасөз жөніндегі басқарма «Дала уалаяты газетін» жергілікті халықты үкімет бұйрықтарымен таныстырып отыру үшін шығарылып тұруға рұқсат етті [8; 86 б.]. Аталмыш екі газет патша әкімшілігінің Қазақстандағы ресми басылымы болып, өлкедегі халықты орталықтың бұйрықтарымен таныстырып тұруға міндеттеді. Дегенмен, олар XIX ғасырдың соңына қарай қазақ даласында болып өткен сан-алуан қоғамдық құбылыстарды бейнеледі және қазақ халқының XX ғасыр басында кішігірім ренессанстық ояну дәуірін бастан өткергенін растайды.

1905 жылға қарай бірқатар жаңа газеттер мен журналдар пайда болды. Алғашқы бейресми газет шығару мәселесі, тек 1907 жылы ғана мүмкін болды. Осы жылдың көктемінде «Қазақ газеті» мен «Серке» жарық көрді. Бұл екі газеттің де өмірлерінің тым қысқа болуына байланысты тарихқа берер дерегі мол болмағанымен, алғашқы бейресми ұлттық басылым ретінде жарық дүниеге келгендігін білдіріп, өздерінің зорлықпен тұншықтырылуы арқылы болса да, соңынан келер ұлттық басылымдарға сабақ болған «Қазақ» газеті мен «Серке» халық жадында қалуға тиіс.

1907 жылы қазақ зиялыларының бір тобы Петерборда редакторы Әбдірашид Ибрагимұлы болған «Серке» газетін шығара бастады. Бұл газеттің екінші нөмірінде Міржақып Дулатұлының «Біздің мақсат» деген мақаласы жарияланды. Патша тыңшылары газетті «қазақ халқын барлық үкімет орындары мен өкілдеріне қарсы қоздырушы» үндеу ретінде қарап, жауып тастады. 1907 жылы наурызда Троицкіде бірінші нөмірі шығысымен тыйым салынған «Қазақ газеті» жарық көрді.

1911 жылы Троицкіде «Айқап» журналының бірінші нөмірі жарық көрді. Ол қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы болды. Журналдың редакторы мен идеялық дем берушісі Мұхаммеджан Сералин болды. Журнал әдебиеттің дамуы мен қазақ әдеби тілінің қалыптасуына үлкен үлес қосты, онда ауыз әдебиеті, этнография, тарих жөніндегі зерттеу мақалалар жарияланды. Журнал 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Орынбор губерниясының Троицк қаласында шығып тұрды [9; 155-156 бб.]. «Айқап» журналының дерек көзі ретіндегі ерекшелігі, қазақ даласында дәстүрлі рухани жақындыққа негізделген, түземдік-далалық басылымның бір түрі болуында. Тұңғыш журналдың неліктен «Айқап» атануы туралы М.Сералин: «Біздің қазақтың неше жерде «қап» деп қапы қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге ылайықтап «Айқап» болды» дейді [8; 166 б.].

Қаржының тапшылығынан ол алғашқы жылы айына бір реттен, кейде шағын көлемді болып жарық көрді. Жәрдемшілер көбейіп және қаржыға ие болғаннан кейін, яғни 1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен, 12-24 бет көлемде шықты. Қ.Бекқожиннің дәлелдеуінше «Айқаптың» тиражы 1000 дана болған. Жалпы, журналдың 5 жыл ішінде 89 саны жарық көрген [10].

Бірінші бетіне елдің ішкі өмірінде болған жаңалықтар, ресми хабарлар, екінші, үшінші беттерінде “Ашық хат” деген айдарымен оқырмандар хаттарын жариялаған. Проблемалық мақалалар (жер туралы, съезд, сайлау т.б. тақырыптар) бойынша 4-6 беттеріне орналасқан. “Фельетон”, “Хабарлар” бойынша айдарымен материалдар журналдың орта тұсынан орын алған. Ал шетел жаңалықтарынан, көңіл айтулар мен басқармадан ескертулерді, жаңа кітап туралы рецензияларды журналдың соңғы беттерінен оқуға болатын.

“Айқап” өз кезі үшін үздік журнал болды. Оның әр санын жұрт асыға күтті. Оған

Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей орталық- тарымен мен Кавказ округіне қарайтын Маңғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хат келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден, Қотанайдан, Қыдылжардан, Торғайдан, Көкшетаудан, Қарқа-ралыдан, Семейден, Аягөзден, Қапалдан, Шиелден, Қызылордадан, Жамбылдан, Шымкенттен, Зайсаннан мақала жиі жарияланды.

Қазақтардың рухани өмірі тарихына 1911 жыл тұңғыш ұлттық бейресми мерзімді басылымдар шыққан жыл ретінде енді. Сол жылдың қаңтарынан бастап қазақ тіліндегі бірінші журнал “Айқап”, шықса, наурызынан бастап “Қазақстан” газеті шыға бастады. Бұл басылымдар туралы кеңестік тарихнамада біршама айтылды. Дегенмен олардың дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктерін, олардан алынған мәліметтердің ғылыми құндылықтарын анықтау үшін, жалпы газет-журналдардың пайда болуының алғышаттары, тарихи жағдайларымен қатар, нақты басылымның дүниеге келу тарихын зерттеудің де маңызы үлкен.

М. Сералиннің 1906 жылдан бастап газет шығармақ болған бірнеше әрекеттері сәтсіз аяқталды. Тек, 1911 жылдың басына қарай ғана журнал шығару мүмкін болды. “Алты миллиондай халықтың ортасында бір журналдың яки бір газеттің жоқтығы” М. Сералинді тәуекелге бел байлап, журнал шығаруды бастауға итермелеген. Көптеген адамдар журналдың үзбей шығып тұруына өз үлестерін қосты. М. Сералиннің “Айқап” журналын шығарып тұруға көмектескендердің ішінен бірінші етіп Сосновскийді атағандығын көреміз. 1907 жылы шыққан “Қазақ газетін” шығарушы да Ш.Сосновский болғандығы белгілі. Шмуль Сосновский, ұлты еврей. Троицкі қаласының мешаны, алты жылдан астам Троицкіде шығып тұрған “Степь” газетінің редакторы болған [11; 102 б.].

1911 жылы наурыз, мамыр айларында орыс баспаханасынан «Қазақстан» газеті шыға бастады. Редакторы Сағынгерей Бөкеев. Газетті шығарушылар екі нөмері жарық көргеннен кейін редакцияны Орда қаласынан Орал қаласына көшіреді, оған патша әкімшілігінің цензурасыз шыққан басылымның әр мақаласына кінә тағып, авторларды қуғындауы себеп болған.

Редакция ұжымы Оралға көшіп келген соң Мұтиғолла Тухватулин, Ғабдолла Тоқай, Камин Тухватуллин, Мұхамед-Ғали Мусин сияқты татар қайраткерлерінің араб әрпімен өз тілдерінде газет, журнал шығарып тұрған баспаханасын несиеге сатып алады. Қарыздан бірден құтылу оңайға түспейді. Соның зардабынан редакция қызметкерлері газет шығарудың орнына үш-төрт ай бойы жекелеген мекемелер мен адамдардың заказдарын орындау үшін асыл уақыттарын кетіреді. Ақыры қарыздан құтылудың басқа амалдары болмаған соң, елден газеттің тұңғыш санына байғазы сұрап, ақша жинайды. Басылымның үш жыл ішінде 18 нөмірі жарық көрді. Оның кейбір нөмірлерінде орыс, казак, татар тілдерінде жазылған материалдар жарияланған. Газет 1913 жылы жабылады.

Ұлттық баспасөздің дамуында Орынбор мен Торғайда 1913-1918 жылдар аралығында Ахмет Байтұрсынұлының редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газеті ерекше рөл атқарды. Газеттің негізгі міндеттері қазақ халқының мәдениетін көтеру, қазақтың әдеби тілі мен әдебиетін дамыту болды. 265 саны жарық көрді. «Қазақты» дүниеге келтірген және оның тұрақты авторларының қатарында Алаш қозғалысының халық таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлер болды. Осы азаматтар мен олардың сенімді серіктері «Қазақ» газетін жалпыұлттық басылым дәрежесіне көтерді [12; 26 б.].

Орынбор қаласында шығармақ болғандығын зерттеушілер мынадай факторлармен түсіндіреді: біріншіден, Орынбор шығыс пен батысты жалғастырып тұрған ірі мәдени-сауда орталығы, екіншіден, онда араб графикалы, қазақ тілінде газет шығару қолайлы бірнеше татар баспаханалары бар. Көп ұзамай Орынбор қазақ зиялаларының бас қосатын ордасына айналды.

1913 жылы қыркүйектен Петропавлда татар және қазақ тілінде «Есіл даласы» атты газет шыға бастады. Оған жылдың соңында «революциялық идеяларды таратқаны» үшін тыйым салынды. 1916 жылдан 1917 жылдың соңына дейін Ташкентте К.Тоғысов басшылық жасаған, апталық «Алаш» газеті шығып тұрды. 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін әр түрлі бағыттағы бірқатар газеттер мен журналдар шыға бастады. Маусым айынан бастап Семейде апталық басылым «Сарыарқа», Оралда «Ұран» газеті, Семейде «Абай» әдеби журналы мен «Халық сөзі» газеті, Ташкентте пантүріктік және жәдит бағытындағы екі басылым – бас редакторы Мұстафа Шоқай болған «Бірлік туы» мен «Жас алаш» газеті, Ақмолада «Қазақ» газетіне жақын позиция ұстанған «Тіршілік» газеті шығып тұрды.

«Бірлік туы» газетінің ерекше атап айтар бір бағыты бірлікті ту ету болды. Ол Түркістан автономиясын құруды қолдады. Ұлт бостантығын баянды ету мәселелері басылым беттеріндегі «Түркістан автономиясы», «Екі талай күндер», «Мемлекет халі», «Қазіргі күй» атты мақалаларда анық көрінісін тапты [13].

“Сарыарқа” газеті әліде болса толық зерттеліп, бағасын ала қоған жоқ. Бодан елдің санасына

тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан “Қазақ” газетімен үндес, бағыттас бұл басылым 1917-1918 жылдары Семей қаласында шығып тұрды. Газеттің жауапты шығарушысы – алаштың ардақты азаматы, соңынан кеңестік саясаттың құрбаны болған Халел Ғаббасұлы. “Сарыарқаның” көптеген мәселесі: Алашорда өкіметін құру, қазақ мемлекетін жасау, жоғалған елдікті қайта орнықтыру болды. Сондай-ақ, Алашорданың Семей тобының саяси бағдарламасы да осында басылғанды. Ең бастысы сол кездегі қазақ қайраткерлерінің іс-қимылдармен де осы газеттен танысуға болатын еді. “Сарыарқа” газетінде негізінде ел, жер, халық қамын ойлаған Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Құнанбайұлы, М.Тұрғанбайұлы сияқты арыстардың жүрекжарды еңбектері жарияланып тұрған.

“Алаш” газеті 1916 жылы 26 қарашадан бастап 1917 жылдың ортасына шейін, Ташкент қаласында, аптасына бір рет шыққан. Редакторы Көлбай Тоғысов, шығарушысы Мәрием Тоғысова. “Түркестанский курьер” баспаханасында басылып тұрған. “Алаш” газетінің алғашқы санында “Россия қарамағындағы елдердің бірі болу үшін қазақ халқының шешетін мәселелері көшпелілік пен отырықшылық, оқу-ағарту ісін жөнге қою, Мемлекеттік Думаға қатысу, сот ісін жөндеу, әйел мәселесін көтеру, елдің-тұрмыс халін түзету” деген. Газетте Т.Жанбаевтың, Т.Жомартбаевтың, С.Дөнентаевтың, А.Баржақсин, Б.Майлин, Сәбира Әділхалық, Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтың мақалалары кездеседі. Ү.Сұбханбердинаның дерегіне қарағанда Петербордағы Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада газеттің 22-санына дейін сақталған [7; 246 б.].

“Абай” журналы 1918 жылы “Абай” атты ғылыми, әдеби, шаруашылық журнал Абайға арналып, белгілі қазақ жазушысы Ж.Аймауытовтың редакторлық етуімен Семей қаласында шыға бастады. Негізінде бұл басылымды шығарушылар “Екеу” деген лақап атпен қол қоюшылар болған. Оның бірі журналдың ресми редакторы Ж.Аймауытов болса, екіншісі әдебиет майданына енді араласқан М.Әуезов еді.

Қай кезеңде болмасын қоғамдық санаға барынша ықпал ете отырып, адамзатты белгілі бір ортақ ұлттық мүдде жолында қызмет етуге үндейтін құрал – ақпараттық басылымдар, баспасөз болып табылады. Өйткені, баспасөздің маңызы мен қоғам дамуындағы атқаратын рөлі оның санымен емес, ұлттық мүддеге, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға бағытталған қызметімен өлшенетіндігінде.

Тарихшы ғалым Қ.Атабаев мерзімді басылымдардың деректік құндылығы жөнінде: «Ел тарихының жазба деректер тобына жататын мерзімді басылымдардың, оның ішінде ғасыр басында дүниеге келіп, бірі қысқа, бірі ұзақ өмір кешкен бейресми, ұлттық бағыттағы демократиялық басылымдардың ұлт тарихына байланысты берер мәліметтері, жеткізер деректері мол» [8; 246 б.], - деп көрсетеді.

Баспасөз – адамдарды тәрбиелейтін құрал ғана емес, онда жарық көріп жататын әдебиет, тарихи материалдар дүниені өзінше пайымдауға үйрететін, ұлттық болмысты қалыптастыратын киелі құдірет. Міне, осыған орай өз ұлттық болмысымызды жан-жақты танып, үйренуде алдыңғы кезекте төл тарихымызға, ана тіліне, діл мен дінімізге құрметпен қарап, халқымыздың бүкіл адамзаттық өркениетке қосқан үлесін әлемге таныту отандық тарих ғылымының кезекті міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұбханбердина Ү. Айқап. / Құрастырушылар: Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.; Соныкі. «Дала уалаятының газеті». - Алматы: Ғылым, 1995. - 216 б.;
2. Ергөбек Қ. Тоғысқан тағдырлар. // Алматы ақшамы. 20.03.2014ж.
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар (әдебиеттану сын әлемі) төртінші кітап. - Алматы: «Қазығұрт», 2003. - 95 б.
4. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан: Тарихи очерк. – Алматы: Қазмембаспасы, 1950. – 37 б.
5. Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998. – 192 б.; Соныкі. Деректанудың теориялық мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 44; Соныкі. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). – Алматы: «Қазақ университеті», 2000. – 356 б.
6. Тұрсұн Х. Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924 жж.). тарих ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. авторефераты. А., 2007. -48 б.
7. Сұбханбердина Ү. Қазақ баспасөзі тарихынан. // «Айқап». Жинақ. – Алматы, 1995.

8. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 бет.
9. Есімов Қ.А. Қазақстан тарихы деректануы. – Қарағанды, 1999. – 188 бет.
10. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). – Алматы, 1981. – 239 б.
11. Скобелкин Е., Шамсутдинов И. Возвращаясь к прошлому. Троицк, 1992. -182 б.
12. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек»,1995.– 256 б.
13. Қожакеев Т. Тарих дәлдікті сүйеді // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 5 июнь.

**КАЗАХСКИЕ ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ к. XIX В. – н. XX В. –
КАК ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА
М.С. Саулембекова**

В статье прослеживается процесс появления казахской периодической печати в к. XIX - начале XX вв., а также проблемы, поднятые на страницах печати как неотъемлемая часть общества и зеркало отражения общественно-политической жизни края в качестве ценных источников по Отечественной истории.

**KAZAKH PERIODICAL PRESS to XIX C. - B. XX C. -
AS SOURCES ON HISTORY of KAZAKHSTAN
M.S.Saulembekova**

In the article the process of appearance of the Kazakh periodic printing is traced in to XIX - beginning of XX вв., and also the problems lifted on the pages of printing as inalienable part of society and mirror of reflection of social and political life of edge as valuable sources on Home history.

УДК[330.35: 005.591.6](574)“20”

А.М. Ауанасова

Институт истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор

**ИЗ ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ
ЭКОНОМИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ РОСТА НАЧАЛА XXI ВЕКА**

***Аннотация:** В статье раскрывается позитивное влияние Стратегии «Казахстан-2030», на экономику Казахстана, которая определила вектор экономического роста в нулевые годы XXI столетия. Экономические результаты доказывают, что потенциал казахстанской экономической модели вместе с выбранной Стратегией дали Казахстану новые возможности и перспективы роста в последующие годы.*

***Ключевые слова:** Казахстан, рыночные отношения, Стратегия «Казахстан-2030», экономика, экономическая модель, модернизация, экономический рост, государственная программа «Нурлы жол», План нации.*

Начиная с 1997 года, Казахстан окончательно взял курс на рыночные отношения, которые были закреплены 10 октября 1997 года в Стратегии «Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев». В документе определялись первоочередные меры по их осуществлению.

Стратегия определила основные приоритеты государственной политики в экономике. «Мы должны на порядок повысить эффективность и качество государственного управления, помогать, стимулировать и дополнять активность частного сектора и национального капитала, чтобы соответствовать новой мировой экономической парадигме. В то же время государство само должно стать гарантом свободной экономики. Его задача - установить рыночные правила и затем обеспечить их соблюдение, действуя справедливо и беспристрастно... Если правила игры будут четко установлены и их соблюдение будет обеспечиваться на объективной основе, я не сомневаюсь, что граждане Казахстана быстро приспособятся к рыночной экономике» [6, с. 79-80].

Проблема привлечения иностранных инвестиций оставалась по-прежнему актуальной. «Открытая и либеральная инвестиционная политика с ясными, эффективными и строго

соблюдаемыми законами, исполняемыми беспристрастной администрацией, - это наиболее мощный стимул к привлечению иностранных инвестиций», - считал Нурсултан Назарбаев [6, с. 87].

Одним из важных приоритетов в сфере экономики оставался вопрос создания индустриальной технологической стратегии. Перед Казахстаном встала задача перехода от трудоемких к капиталоемким, технолого- и наукоемким производствам. Этот путь предполагал неуклонное снижение в валовом национальном продукте доли сельского хозяйства, добывающей промышленности и, напротив, рост доли перерабатывающих наукоемких производств, а также сферы услуг.

В экономике основной акцент делался на нефтегазодобывающую отрасль страны. Однако Президент понимал, что нельзя допустить, чтобы Казахстан стал моносырьевой страной. Чтобы не допустить этого, необходимо было развивать другие отрасли экономики. Экономический рост могла обеспечить и диверсификация производства. «Падение производства и его регрессивная структура - вдвойне опасный фактор, который уже больше нельзя сбрасывать со счетов. Если свободный рынок будет действительно свободным, он создаст в стране новые производства» [6, с. 111].

Эти шаги стали действенным ответом на вопрос как модернизировать экономическую модель роста для подъема благосостояния и процветания казахстанского общества.

Принятая Стратегия «Казахстан-2030» и ее последующая реализация показали, что к концу 90-х годов и все нулевые годы началось активное возрождение экономической жизни Казахстана [2]. Экономика Казахстана в течение 2001-2005 годов имела стабильно высокие темпы экономического роста, которые в среднем составляли 10,2% в год. Среднегодовой рост добычи нефти и газового конденсата составлял в 2001-2005 годы 12%. Несмотря на рост доходов от нефти, правительство проводило сбалансированную политику бюджетных расходов. Дефицит государственного бюджета в 2000-2006 годах не превышал 1% и в среднем составлял 0,1%. Выросла высокая инвестиционная активность сегментов рынка.

Казахстан стал одним из лидеров по привлечению прямых иностранных инвестиций. В период с 1993 по 2006 годы в Казахстан было привлечено 51,2 млрд. долларов США прямых иностранных инвестиций. Это стало возможным благодаря усилиям, направленным на улучшение инвестиционного законодательства и бизнес-климата в стране [3].

В 2001-2003 годах доходы государства позволили начать работу по ликвидации задолженности перед населением: по выплате пенсий, социальных пособий и заработной платы работникам бюджетных организаций, продолжить реформы в производственном, финансовом и бюджетном секторе и обеспечить дальнейшие институциональные преобразования.

Агентство Moody's Investors Service повысило суверенный рейтинг Казахстана до инвестиционного уровня в сентябре 2002 года, а 20 мая 2004 года рейтинговое агентство Standard & Poor's повысило суверенный рейтинг Казахстана до «ВВВ-». Казахстан первым среди стран СНГ получил статус страны с рыночной экономикой – в 2000 году от Европейского союза, в 2002 году – от США. Казахстан первым в Содружестве Независимых Государств получил суверенный кредитный рейтинг инвестиционного уровня [1, с. 58].

Мобильность и оперативность принимаемых мер в экономической сфере принятые в Стратегии «Казахстан-2030» позволили Казахстану выстоять в годы мирового экономического кризиса (2007 г.), определить новые приоритеты роста. К концу 2012 года констатировалось, что Казахстан сделал шаг из зоны экономической отсталости в число 50-ти конкурентоспособных экономик мира, дав импульс всем сферам общества. Стратегия «Казахстан-2030» по сути содержала модель экономического роста и поставила перед обществом амбициозную цель вхождения в число 30 развитых стран мира в 2050 году.

В конце апреля 2015 года в перечне счастливых стран (World Happiness Report), опубликованном социологами Колумбийского университета США под эгидой ООН, Казахстан расположился на 57-м месте и набрал в данном рейтинге 5,855 баллов. World Happiness Report сравнивал 158 стран мира по ряду показателей, касающихся уровня благополучия и удовлетворенности жизнью их граждан.

Оценка каждой стране выставлялась на основе данных за 2012–2014 годы по ВВП на душу населения при паритете покупательской способности. При этом учитывались такие показатели, как уровень социальной поддержки, ожидаемой продолжительности жизни при рождении (данные ВОЗ), персональной свободы, щедрости и филантропии, восприятие коррупции, причины для радости и причины для беспокойства в предшествовавшие опросу дни [3]. Достижения Казахстана за 2012-2014 годы оказались впечатляющими. Страна вошла в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира. Объем ВВП вырос в 20 раз, составив в 2014 году 13 тыс. долларов на душу населения, то есть объем ВВП в среднем ежегодно увеличивался на 5,7%.

Завершен Первый пятилетний план форсированного индустриально-инновационного развития. За четыре года введено в строй порядка 630 индустриальных проектов во всех регионах страны, создано почти 55 тыс новых постоянных рабочих мест. Произведено товаров на сумму более 4 трлн. тенге. Освоен выпуск более 400 новых видов продукции, которую ранее Казахстан ввозил из-за рубежа.

Возникли и успешно развиваются совершенно новые для страны отрасли – IT-технологии, авиа- и автомобилестроение, нефтехимическая промышленность, производство локомотивов, вагонов и ряд других. За 4 года доходы от экспорта продукции новых производств составили 628 млрд. тенге.

Заметный импульс развития получил аграрный сектор. Объем валовой продукции сельского хозяйства вырос на 10%, до 2,5 трлн. тенге. Рост продукции животноводства составил 26%. Производство продуктов питания увеличилось более чем на 25%.

Большие перемены произошли в инфраструктурных отраслях. В сфере энергетики прирост генерирующих мощностей составил 13%. Построено и модернизировано 67 подстанций и распределительных узлов, 900 км новых линий электропередач.

В транспортной отрасли за 4 года построено почти 1700 км новых железнодорожных линий: Жезказган – Бейнеу, Узыень – граница с Туркменистаном, Жетыген – Коргас, Аркалык – Шубарколь.

Улучшено состояние 70% автомобильных дорог. Открыто движение на участке Шымкент – граница с Российской Федерацией проекта трансевразийской магистрали Западная Европа – Западный Китай. Реконструированы автодороги Астана – Костанай – Челябинск и Уральск – Актобе.

Завершается строительство 3 сухогрузных терминалов в порту Актау, что увеличит ежегодный объем перевозки грузов почти в 2 раза. В китайском порту Ляньюньган создан казахстанский терминальный комплекс.

Казахстан стал лидером в СНГ по благоприятному инвестиционному климату и привлек более 200 млрд. долларов прямых иностранных инвестиций.

Государством приняты меры по развитию малого и среднего бизнеса. За 4 года число активных субъектов предпринимательства выросло на 20%, до 900 тыс. единиц. Численность занятых в них работников достигла почти 3 млн. человек, что на 14% больше, чем в 2011 году.

По «Дорожной карте бизнеса» мерами поддержки охвачено более 230 тыс. предпринимателей. Профинансировано более 5 тыс. проектов на сумму свыше 1 трлн. тенге [5].

Таким образом, к концу нулевых годов экономический рост демонстрирует положительные результаты в экономике, а потенциал выбранной модели экономического роста в 90-е годы позволяет Казахстану с оптимизмом смотреть в будущее.

В эти годы сформированная модель экономического роста и ее модернизация дали импульс, всем сферам общества, поставив перед Казахстаном амбициозную цель вхождения в число 30 развитых стран мира в 2050 году. Принятые План Нации, и Стратегия «Казахстан-2050», программа «Нурлы жол», программа индустриального развития оказались действенными инструментами, нацеленными на консолидацию общества для продвижения решения амбициозной задачи. Так, в 2014–2016 годах на поддержку экономики государством дополнительно было выделено 1,7 триллиона тенге. Это дало возможность экономическому росту в стране и поддержку частного предпринимательства и бизнеса. Последний обеспечил рынок труда свыше 200 тысячами новыми рабочими местами. В результате в 2016 году рост внутреннего валового продукта поднялся на 1%.

По результатам 2016 года Казахстан по рейтингу Всемирного Банка «Doing Business» всего за один 2016 год совершил рывок с 51 места на 35-е, обеспечил население работой, создал благоприятный инвестиционный климат (к концу 2016 году уже было привлечено более 265 миллиардов долларов прямых иностранных инвестиций), транспортировал продукцию более 2500 наименований в 119 стран, что составляло 46 миллиардов долларов [2].

Прагматичный, научно обоснованный подход в выборе и модернизации экономической модели роста позволил Казахстану избежать социального напряжения, военных столкновений в обществе, вести эволюционную модернизацию государственного управления. Годы напряженной работы показали, что успехи страны и состоявшегося государства, стали возможными в рамках конституционного реформирования при сильной президентской вертикали власти.

ЛИТЕРАТУРА

1. Аяган Б., Ауанасова А. Нурсултан Назарбаев и казахстанская модель строительства государства (исторический аспект). – Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. – 256 с.
2. Выступление Главы государства на торжественном собрании, посвященном 25-летию Независимости Республики Казахстан от 15 декабря 2016 г. // URL.:http: //

www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-torzhestvennom-sobranii

3. Kapital.kz. 25 апреля. – 2015.
4. URL:http://www.kazembassy.cz/ru/content/electionpresident2015/election_program_nazarbayev/
5. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2030» в действии: десять лет успеха. Выступление Президента Н.А. Назарбаева на конференции, посвященной 10-летию Стратегии «Казахстан-2030»// Казахстанская правда . – 2007. - 13 октября
6. Послание Президента Назарбаева Н.А. «Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» народу Казахстана. URL.: <http://uniorlib.kz/ru/poslanie-prezidenta-rk/223-poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-oktyabr-1997-g>

XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҮЛГІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН Ә.М Ауанасова

Мақала XXI ғасырдың басында Қазақстанның экономикалық даму бағытын анықтап және оған өзінің оң әсерін тигізген «Қазақстан-2030» Стратегиясы туралы. Экономикалық көрсеткіштер анықтағандай, қазақстандық экономикалық үлгісінің әлеуеті мен таңдап алынған Стратегия Қазақстанның дамуы мен жаңа мүмкіндіктерінің ашылуына жол ашты.

FROM THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE KAZAKH MODEL OF ECONOMIC GROWTH EARLY XXI CENTURY A.M. Auanassova

The article reveals the positive impact of the Strategy-2030 on the economy of Kazakhstan, which has defined the vector of economic growth in the early XXI century. Economic results prove that potential of Kazakhstan's economic model with chosen Strategy gave to Kazakhstan new opportunities and growth prospects in the coming years.

ӨОЖ: 958.45:950

К.М.Жетібаев, М.М.Тастанбеков

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Мақалада Орта Азияның бар халқы үшін ортақ қасірет болған 1916 жылғы көтерілістің 100 жылдығы, оқиғаға тарих биігінен берілген баға мәселесі кеңінен талданады. Сондай-ақ, 1916 жылы бүкіл Орта Азия жерлерін қамтығын көтерілістің тарихи маңызы қарастырылады

***Түйін сөздер:** 1916 жыл, ұлт-азаттық көтеріліс, Түркістан, Орта Азия, М.Қозыбаев, К.Нұрпейсов, Қырғызстан, Үркүн, Тарих және мәдениет жылы.*

1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азия елдерін қамтыған көтеріліс жөнінде өзіндік қалыптасқан тарихнамасы бар. Бұл оқиғаның 100 жылдығы атап өтіліп жатқан тұста тақырыпқа қайта оралу, тәуелсіз елдің тарихи пайымдауларына сай қорытындылармен толықтыру, оқиғаның ел тарихында алар орны мен тарихи маңызын талдау заңды құбылыс та болып табылады. Бұл көтеріліс стихиялы болса да, кең ауқымды, халықтың азаттық жолындағы «Ұлы бас көтеруі» болды. Бұл көтерілісті Елбасымыз: «қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қамтыған жалпыұлттық дағдарыстың бір нышаны болды»-деп бағалады [1,170-б.].

Біз мақаламызда Орта Азияның бар халқы үшін ортақ қайғы болған оқиғаның себеп-салдарлары мәселелерінен бөлек тарихи маңызы тақырыбына біршама тоқталсақ дейміз. Тарихшылар 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті толыққанды түсіну үшін сол кезеңдегі Орталық Азия елдеріндегі өзге көтерілістермен бірге қарастырылуын дұрыс деп санайды. Көтерілістің 100 жылдығына арналып Астанада өткен конференцияда Мәмбет Қойгелді: «Бұл мәселені тар шеңберде қарастыру әдістемелік және теориялық тұрғыдан қателік болып табылады. Бұл құбылысты Орталық Азия кеңістігінде ғана

емес, әлемдік деңгейдегі тарихи процестермен бірге кеңінен қарастыру қажет. Өйткені бұл уақытта Орталық Азия елдерінің ояну процесі жүрді» [2], дейді.

1916 жылғы көтеріліс себептері мен барысы туралы аз жазылған жоқ. Дегенмен көтеріліс жөніндегі қорытынды сөздер себеп-салдары тақырыбының аясында ғана болып келеді. Көтеріліс жеңіліспен, жаппай жазалану мен өз жерін тастап қашумен аяқталды. Бұл арине сол уақыттағы оқиғалардың қорытындысы. Ал, тарих үшін, ұрпақтар үшін тарихтан сабақ алар қандай қорытынды жасалды? Өз алдымызға, «бұл көтерілістің тарихи маңызы анықталды ма?», - деген сұрақ қоюымыздың да себебі жоқ емес.

«Адамзаттың алыбы» атанған Чингиз Айтматовтың 1986 жылы «бізге әлі 1996 жыл ғана емес, 2006 жыл да, 2016 жыл да қажет» деген ескертпесі еске түседі [3]. 1916 жылғы оқиғаларға саяси және гуманитарлық баға беру мәселесінде кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілікке міндеттеп, дұрыс бағам жасауға шақырғандай. Әрине, бұл мәселеде біржақты баға шығаруға болмайтындығы сияқты, қазіргі геосаяси жағдайлар да өзіндік ықпалын тигізеді.

Аталған мәселе бойынша көрші елдер «100 жыл» бұрынғы оқиғаларды тарих елегінен өткізуді қолға ертерек алған сияқты.

Қырғыз Республикасының президенті Алмазбек Атамбаев 2015 жылдың мамыр айында «1916 жылғы қайғылы оқиғалардың 100 жылдығы туралы» жарлыққа қол қойды. Онда қырғыз халқының ұлт-азаттық көтерілісі және кейінгі халық санасында «Үркүн» атымен сақталған 1916 жылғы қайғылы жағдайлардың ел тарихында маңызды орын алатыны айтылған. «100 жылдық» оқиғасы Қырғызстанда ғана ресми аталды деп те айтуға болады.

Ресейдегі Грачов атындағы қор «1916 жылғы тарихи фактілерді қалпына келтіру» жобасын қаржыландыру үшін грант бөліп, 2015 жылдың алғашқы жарты жылдығында жобаларды қаржыландыру нәтижесін қордың ресми сайтында Қырғызстанның Беловодск селосындағы «Жетісудағы казак әскері» қоғамдық бірлестігінің жобасы қолдауға ие болғандығын жазады [4]. Мұндай қордың іс-әрекеті жаңа пайымдаулары тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі уақыттан бері 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жөніндегі қалыптасқан түсініктер мен ұстанымдарға сай келмеуі, тіпті терістеуі мүмкін екендігі де белгілі. 2015 жылдың 18 қыркүйегінде М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дің Қазақстан, Қырғызстан, Тажікстан мен Өзбекстан ғалымдары қатысқан Түркістандағы 1916 жылғы көтерілістің жүз жылдығына арналған «Ресей мен Орталық Азия елдерінің XX ғасыр басындағы өзара қатынастарының өркениеттік-мәдени аспектілері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

1916 жылғы оқиғалардың объективті тарихи бағасын алуы қоғамдық сұраныстардан туындап отыр. Өйткені, бұл бағыттағы атқарылар жұмыстар мен түрлі шаралардың жүзеге асырылуы мемлекеттілік пен халықтар бірлігіне, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, сондай-ақ, отандық тарихтағы «ақтандақтардың» жойылуына қызмет етеді. Кеңестік кезеңде тарих пәнінің бір міндеті ретінде «қоғамның азаматын тәрбиелейді» деген түсініктің тәуелсіз еліміз үшін де мәні мен мағынасы жойыла қойған жоқ.

Кеңестік кезеңде 1916 жылғы көтерілістің Орта Азиядағы кейінгі революция тарихындағы үлкен маңызы атап өтілді. Пролетариаттың социалистік революциясына қарсы шыққан жергілікті феодалдық топтар мен буржуазиядан бұхара халықтың ара-жігінің ажырауын қамтамасыз еткені аталады. Сондай-ақ, майдан даласы мен 1917 жылғы революция тылынан оралған ортаазиялық «тылдықтардың» пролетариаттық революцияның жаршысы және шақырушысы ретінде маңызды роль атқарғандығы айрықша бағаланды.

Көтерілістің 10 жылдығын атап өтуге кіріскен Қазақ Орталық Атқару комитеті 1926 жылы құрған арнайы комиссия 1916 жылғы көтерілісті 1917 жылғы екі революцияның бастауы ретінде пайымдайды [5].

Түркістан өлкесінің патшалы Ресей құрамында болған кезеңіндегі тарихын зерттеген Соколов Виктор Владимирович «Біздің пікірімізше, империяның құлауына алып келген революцияның алғышарттары немесе басты себептері ретінде әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтардың аталуы өте әділ... 1916 жылғы халық бұқарасының қуатты көтерілісі Ресей империясының бай әрі кең байтақ отары, Түркістан генерал-губернаторлығында Ақпан революциясының жеңісіне ықпал етті» дейді [6].

1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығы, 20 жылдығына арналған еңбектерде негізінен Орта Азия елдерінде орын алған оқиғаларды баяндаумен шектелген. Яғни, бұл еңбектерде ақпараттық деректік маңызы жоғары болғанымен тарихилық талдауы және ортақ байланыстар мен жалпы сипаты туралы тұжырымдамалары жасалмаған.

Кеңестік кезең тарихнамасы 1916 жылғы көтерілістің әлеуметтік-экономикалық

алғышарттары, қозғаушы күші, түрлі әлеуметтік топтардың ролі және көтерілістің сипаты төңірегінде зерттеулер жүргізді. Сондай-ақ, көтеріліске баға беруге тырысып, әр жердегі көтеріліс бір-біріне қатыссыз, ұйымдаспаған, стихиялы деген бағасын алды. Дегенмен, көтерілістің жалпы мақсатының ортақтығы, көтеріліске алып келген жағдайлар мен түрткі себеп оқиғасының бір болуы көтерілістің даралық құбылыс емес, байланысын көрсетеді.

Соғыстан кейінгі жылдары ортаазиялық елдер үшін 1916 жылғы көтерілістің ортақ белгілері туралы ғылыми ортада біршама уақыт пікірталастар жүрді. Тіпті осы мәселеге арналған іс-шаралар да өтті, 1953 жылы Фрунзеде (қазіргі Бішкек) Қырғыз тарихшыларының ғылыми конференциясы, 1953 жылы Ашхабадта Түркіменстан тарихшыларының мәжілісі бас қосты. Сондай-ақ, 1954 жылдың басында Москва, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург), Азербайжан, Татарстан және кеңестік өзге республикалардың тарихшыларының қатысуымен Қазақстан және Орта Азияның қазан төңкерісіне дейінгі кезең тарихына арналған ортаазиялық тарихшылардың бірлескен Ташкент сессиясы өтті. Аталған конференциялардың маңыздылығы осындай күрделі және жан-жақты процестің сипатын анықталуынан көрінеді.

«1916 жыл» тақырыбы отандық тарихта тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң шын мәніндегі «ұлт-азаттық көтеріліс» атауы мен сипатына ие болып, тарихи әділ бағасын ала бастағаны белгілі. Академик Кеңес Нүрпейсов «1916 жылғы көтеріліс Ресей империясының боданына болған отаршылдық кезеңдегі қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің шыңы болды... Көтеріліс құрбандары туралы зерттеушілер келтірген барлық сандар тым азайтылған» деген пікір айтса [7], қалың елді елең еткізген пайымын XX ғасыр соңында академик Манаш Қозыбаев айта алды. Оның пікірінше, 1916 жылғы көтерілісті революция мәртебесімен қабылдауымыз керек. «1916 жылы, – деп жазды әйгілі ғалым ағамыз, – қазақ елінің ұлт-азаттық революциясы болды. Ол қазақ мемлекеттігін аз уақыт қалпына келтірді. Өз тағдырын өзі басқарды» [8, 4-6]. Сондай-ақ, бұл тақырыпты «әлемдік империалистік соғыспен байланыстырып, отарлаушылық жүйеге қарсы әлемдік ұлт-азаттық көтерілістің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру» қажеттігі туралы қорытындыға келген.

Өзбек тарихшыларының да аталған мәселеге қатысты ұстанымдарын кеңестік кезең және тәуелсіздік алғаннан кейінгі деп бөлуге болады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі көзқарас отарлық кезеңмен байланысты барлық тарихты «зұлымдық империясының дәуірі» ретінде қарастырады. 1916 жылғы көтеріліске алып келген факторларға отарлық империяның шешімін таппаған қордаланып қалған мәселелері мен шектен шығуы, маусым жарлығы тудырған әкімшілік жемқорлық көтеріліс алғышарт деп жатқызылады. Жалпы алғанда өзбек зерттеушілері көтерілістің себебі мен барысын талдай келе, мәселенің сипаты мен мазмұнына қарамастан бұл күрес «зұлымдық империясына» қарсы бағытталды деген қорытынды жасаған.

Түркімен тарихшыларының ұстанымы бойынша 1916 жылғы көтеріліс Ресейдің Орта Азиядағы 50 жылдық билігі уақытындағы бұхаралық баскөтерудің ең ірісі болып табылады. Сондықтанда мұндай көлемдегі құбылыстың себептерінің де бірнеше болуы заңды. Көтеріліс себептері туралы түркімен тарихшылары арасындағы пікірталас әлі күнге дейін жалғасуда. Қазіргі уақытта көтеріліске ұлттық тұрғыдан баға беру басымдыққа ие болып, «ұлттың оянуының» бастамасы ретінде қарастырылуда. Дегенменен, көтерілістің ішкі руаралық күрес кезеңімен сәйкес келуі процесстің сипатын түрлендіре түседі. Патша жарлығы қарсаңындағы түркімендердің сауда аймақтық ықпал үшін күресінің «қасиетті соғысқа» шақырған ультрарадикалық сипат алуы мен түркімен руларының туған жерлерінен қоныс аударуы себебінен шекаралық аймақтағы жағдайлардың ушығуы мәселелері өткір тұрды. Сондықтан да, осы себептер түркімендердің қара жұмысқа алу туралы жарлыққа қарсылық сәттері болғанымен, Орта Азияның өзге өңірлеріндегідей қасіретті сипатының болмауын түсіндіреді.

Ақ патшаның жарлығына қарсы алғашқы қарулы қақтығыстың Ходжентте, яғни Тәжікстанның солтүстігінде басталғанын да айта кеткен жөн. Тәжік зерттеушілерінің аталған мәселеге қатысты көзқарастары, яғни ғылыми ұстанымдары тәжік халқының тарихында «ұлт-азаттық күрес» деген бағасын алған.

Қырғыз тарихшылары үшін «1916 жыл - қырғыз халқының тарихында ең қасіретті парақтардың бірі». Бас сауғалаған халықтың үдере көшкен - «үркүн» жылы. Кеңестік кезеңде айтуға рұқсат етілмеген мәселелерді көтеріп, 170 мың адам жазалаушылар қолынан қаза тапқан, аман қалу үшін 130 мың адам Қытай асқан ауыр тағдыр қырғыз халқына қарсы бағытталған саясат еді, деген көзқарас орнықты.

Ғасыр бұрынғы оқиғалардың Қырғызстанда ғана мемлекеттік дәрежеде аталып өткендігі турлы ойымызды жоғарыда айтқан болатынбыз. Қырғыз президентінің жарлығынан кейін «Үркүн» оқиғасына қатысты бірнеше бірлескен ірі конференциялар өтті. Карасев атындағы Бішкек

Мемлекеттік университеті 18 сәуірде «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы: тарихи сана және қазіргі мазмұны» атты конференция, Генерал-майор Э.А.Алиев атындағы Қырғыз Республикасының ІІМ Академиясы 20 сәуірде «Қырғыздардың 1916 жылғы ұлттық көтерілісі» атты ғылыми-практикалық конференция, Б.Н.Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян университеті 23 сәуірде «1916 жылғы Орта Азиялық көтеріліс: құжаттардағы тарих» атты ғылыми-тәжірибелік конференция, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті мен Орталық Азиядағы Американ университеті «1916 жылғы Орталық Азиядағы көтерілісті қайта пайымдау» атты халықаралық конференциясында аталған мәселе бойынша өз зерттеулерімен бөліскен ғалымдар бас қосты.

2 қыркүйекте «Тарих және мәдениет жылы» аясында «Ата-Бейит» комплексінде 1916 жылғы оқиға құрбандарына арналған мемориалдың ашылу салтанаты өтсе, қазан айында Жайыл ауданының Қызыл-Дыйқан ауылында көтеріліс құрбандарына ескерткіш орнатылды. 1916 жыл тақырыбына арналған деректі фильмдер мен көркем кино көпшілік көрерменге жол тартты.

17-18 сәуірде бауырлас Түркия Республикасында 1916 жылғы оқиғаға арналған «Түркістандағы көтерілістің 100 жылдығы» атты құрылтай өтті. Ғасыр толған оқиғаны еске алуды құрылғанына көп болмаған, Түркияда қоныстанған Орталық Азияның бұрынғы азаматтарын біріктіру және қолдау мақсатын көздеген «Түркістанлилар» қоғамы ұйымдастырған. Қоғамның жетекшісі Бурхан Кавунчу құрылтайдың ашылу салтанатында 1916 жылғы тарихи оқиғаларды талдаудың маңыздылығын атап өтті. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Түркияның өзінен ғалым-тарихшылар, саясаткерлер, теологтар, заңгерлер, журналистер жалпы саны бірнеше жүз адам Стамбулда бас қосты [9], деп хабарлайды «Ферғана» халықаралық ақпараттық агенттігі. Конференция барысында ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы фотосуреттер мен көркем картиналардың экспозициясы ұсынылды.

Қазақстанда үкімет тарапынан мемлекеттік маңызы бар тарихи оқиғалар санатында қаралмағаны және мемлекеттік бағдарлама қабылданбағандығына қарамастан мерзімдік басылым беттерінде «ұлт-азаттық көтеріліс» тақырыбы үнемі жазылып, 1916 жылғы оқиғалар жөнінде ғылыми-көпшілік мақалалар жыл бойы жарияланып тұрды. Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Х.Әбжановтың «Ұлы сілкініс» тақырыбындағы мақаласы Республикалық басылым «Егемен Қазақстанның» 2016 жылдың 1 қаңтардағы санында жарық көрді. Институт 1916 жылғы оқиғаның 100 жылдығына байланысты бірнеше конференция ұйымдастырды.

15 ақпанда Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық институты мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті тарихшы ғалымдарының бірлескен семинар-конференциясы өтті. 28 сәуірде Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшылығымен облыстық тарихи-өлкетану музейі және «Әйтеке би» атындағы облыстық мейірімділік қоры 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына арналған «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: себептері, барысы, тарихи маңызы» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. 13 мамырда Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті «ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының мәселелері» атты республика көлеміндегі ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды. 23 маусымда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей мен Қытай ғалымдары Астанада бас қосты. 28 маусымда Алматыда «Тұран» университетінің базасында «Ресейлік Азияда 1916 жылғы көтеріліс» тақырыбымен халықаралық конференция өтті. 7 шілдеде Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы, «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестік қоғамдық қоры, Ш.Уалиханов атындағы тарих және этнология институты, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияларда көтерілістің себебі мен барысы, салдарына қатысты тың ойлар айтылды, ғылыми айналымға жаңа деректер қосылды. Әрине біздің санамалағанымыз республика көлемінде 1916 жылғы оқиғаның 100 жылдығына арналып өткізілген конференциялардың ғаламторда жарияланған толық емес мәліметі. Әкімшіліктің ішкі саясат бөлімдері, ғылыми-зерттеу орталықтары, тарихшы мамандығын дайындайтын барлық ЖОО-ы, тарихи-өлкетанулық мұражайлардың ешқайсысы бұл мәселеге үлес қоспай отырмады деуге болады. Ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинар-конференциялар, дөңгелек столдар, мектептерде тәрбие сағаттары 1916 жылғы оқиғаның 100 жылдығын атап өту, еске алу іс-шаралары болып табылады.

Қазіргі уақытта 1916 жылғы көтеріліс қорытындысы немесе маңызы ретінде: Қазақ халқының революциялық таптық санасы өсуін; Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын ұғынғанын; Қозғалыс барасында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылғанын; Ресей империясындағы азаттық күрестің шырқау шыңы болғанын; Қазақ халқының отарлау саясатына қарсы күрес алатын күш екенін көрсеткенін; Отарлаушылыққа қарсы күресте тәжірибе

жинағанын; Саяси сахнаға демократ-күрескер ұлт зиялылары шыққанын; 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс империяға қарсы көтерілістердің ішіндегі ең ірісі болғанын; Көтеріліс революцияға алғышарт қалыптастырғанын; Ақ патша билігін шайқалтып, Ресейдегі екі революцияның жеңуіне себеп болғанын; Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысына әсер еткенін т.б. атап жүрміз. 1916 жылдың оқиғасы Орта Азия халықтары үшін көздеген саяси мүдделерінің әртүрлілігіне қарамастан «ұлттық ояну» жылы болды. Патша жарлығына қарсы наразылық жаппайлық сипат алғанда «ұлт-азаттық күрес» сипатына иеленді. Жалпы алғанда биылғы жыл қорытындысы бойынша да бұл көзқарастардан алыс кете қойған жоқпыз.

Аталмыш оқиғаның 100 жылдығы аталып отырған тұста туындаған сұрақтардың бірі «1916 жыл тарихи бағасын алды, ал саяси бағасын алды ма?» деген сұрақ болды. Түрлі конференциялардың қандай атаумен өтуіне қарамастан тұтас бір жыл барысы 100 жыл бұрынғы оқиғаларға саяси баға беруге дайын емес екендігімізді көрсетіп берді. Қырғыз ғалымдарының саяси баға беру әрекетін саяси ұпай не өзге де табыс көздеген, объективтілікті сақтамаған деп атап, саясаттандырмауға шақырған ұсыныстардың да саяси астары көрініп жатыр. Тарихшылар тарапынан оқиғаның себебі, барысы мен салдары жақсы зерттелгеніменен көтеріліске берген баға әр түрлі, кейде қарама-қайшы да болып келеді. Сол себептен де болар, 2016 жылы оқылған баяндама, жазылған мақала көп болғанымен, 100 жылдығын атап отырған тұста тақырыпты объективті ұсынатын кешенді ұжымдық зерттеу еңбегі аз. Жарық көрген мақалалар, конференция баяндамаларынан аңғаратынымыз «1916 жыл» тақырыбының әлі де зерттеле беретіндігі, көптеген қырларының ашылмағандығы, ашылды деген мәселенің жаңа сұрақтар туғызуы болып табылады.

«Үркүн» фильмінің режиссері өзі түсірген фильм туралы, орыстарды жеккөрінішті етіп түсіріпсіз?,- деген сұраққа, «Ұлы Отан соғысы туралы көп кино көріп өстік, бірақ мен сол үшін қазіргі немістерді жек көрмеймін ғой. Фильмді шындыққа жақын етіп түсіруге тырыстым, келешек ұрпақ өткен тарихымызды білуі керек» деп берген жауабы көңілден шығады. Тарихшылар үшін аталмыш мәселеге қатысты алдағы зерттеулерінде объективтілік принципінен алшақтамау маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра,1999,-296 б.
2. Историки о новом осмыслении восстания 1916 года // <http://rus.azattyq.org/a/istoriki-vosstanie-1916-goda/27824629.html>
3. Ибраимов О. Краткий очерк истории кыргызского восстания 1916 года / <http://rus.azattyk.org/content/blog/27187052.html>.
4. Восстание 1916 года в Киргизии. Россия жаждет исследования Уркуна? / http://www.gezitter.org/politic/31954_rossiya_jajdet_issledovaniya_urkuna/
5. Әбжанов Х. Ұлы сілкініс / Егемен Қазақстан. 1 қаңтар 2016 жыл
6. Соколов В.В. Туркестанский край в составе Российской империи, вторая половина XIX в. - февраль 1917 г. :Проблемы социально-экономического и общественно-политического развития. Докторская диссертация. – М., 2002. – 526 / <http://www.dissercat.com/content/turkestanskii-krai-v-sostave-rossiiskoi-imperii-vtoraya-polovina-khikh-v-fevral-1917-g-probl#ixzz38vla0n11>
7. Мамадалиев И.А. Восстание 1916 года через призму XXI века (посвящается 100-летию восстания в Худжанде) / <http://cyberleninka.ru/article/n/vosstanie-1916-goda-cherez-prizmu-xxi-veka-posvyaschaetsya-100-letiyu-vosstaniya-v-hudzhande#ixzz3v8u44G39>
8. Әбжанов Х.М. 1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызы / XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының мәселелері: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2016. - 295 б. 4-6 беттер
9. В Стамбуле прошёл курултай туркестанцев, посвященный столетию Среднеазиатского восстания 1916 года / <https://tuz.kz/article/21242429845123.html>

ИСТОРИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА

К.М.Жетібаев, М.М.Тастанбеков

В статье рассматривается Среднеазиатское восстание 1916 года как общая трагедия, дается оценка событий 100 летней давности. В том числе анализируется историческая значимость восстания 1916 года, которая охватила всю Среднюю Азию.

HISTORICAL IMPORTANCE OF STRUGGLE IN 1916.

K.M.Jetibaev, M.M.Tastanbekov

In this article it was widely analyzed the problems of the event assessment, 100th anniversary of the struggle of 1916 which was tragedy for the people of Central Asia. As well as it was described the historical importance which was spread in the whole Central Asia.

УДК.930.15845.

Г.Ж.Примкулова

Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, Республика Казахстан

ЭТНИЧЕСКИЕ ЧЕРТЫ И СОВРЕМЕННЫЕ ДОПОЛНЯЮЩИЕ ЭЛЕМЕНТЫ В МОЛОЧНО-РАСТИТЕЛЬНОМ КОМПЛЕКСЕ ПИТАНИЯ У КАЗАХОВ

Аннотация: В этой статье рассматривается традиционная пища, как один из наиболее важных элементов материальной культуры, носитель этнической специфики. В современных условиях стандартизации и унификации многих явлений культуры и быта, сфера пищевых запретов и приоритетов сохраняет максимальное количество этнически значимых черт. В научный оборот вводятся новые данные, показывающие соотношение традиционных и новых элементов питания, ритуальное значение пищи, а также сведения о традиционной утвари, сохранившейся в современных условиях.

Ключевые слова: Молочный пласт, тюркоязычные народы, ритуальная пища, национальная кухня, традиционная утварь, контактирующие этносы.

Казахская национальная кухня в полной мере отражает суть народа, его историю, культуру и традиции. Так как гостеприимство с давних времен было отличительной чертой казахского народа, гостям в доме всегда оказывается должный прием и отводится почетное место. Еда в Казахстане имеет свои характерные особенности, сформировавшиеся в условиях традиционного жизненного уклада кочевого образа жизни казахского народа. Блюда казахской кухни ценятся за насыщенность мясными и кисломолочными продуктами, молочными напитками и вкуснейшими мучными изделиями. Являясь исключительно важным элементом бытовой культуры, пища казахов ярко отражает традиционный образ жизни кочевого общества, историю, традиции и душу народа. Система питания казахов основана в целом на мясе, молочных продуктах и как в редком дополнении – продуктах растительного происхождения, охоты, рыбной ловли.

Мясные блюда являются основой казахской национальной кухни. Деликатесные мясные изделия казы, шужик, жал, жая, карта готовят из конины. Особую роль в рационе казахов занимала молочная пища. Широко использовались молоко и кисломолочные продукты. Национальные молочные напитки кумыс, шубат, айран легче было сохранять в условиях кочевой жизни. Необходимым дополнением к мясным и молочным продуктам была растительная пища. Казахи использовали пшеничную и ржаную муку не только для выпечки хлеба, но и для традиционных казахских лепешек (шелпек). Любимое изделие из теста – баурсаки, самый популярный напиток – чай с молоком.

Современная жизнь привнесла некоторые коррективы, добавив к традиционным рецептам казахских поваров блюда из рыбы, овощей, фруктов, морепродуктов.

Традиционная пища и посуда казахского народа в известной мере являются отражением его хозяйственной деятельности. Естественно, что основными продуктами питания казахов являлись мясные, молочные и мучные продукты, из которых готовились различные блюда. Важную роль в питании казахов занимали молочные блюда. Любимыми напитками были кумыс (кобылье молоко) и

шубат (верблюжье молоко). В указанном молочно-растительном комплексе питания, несомненно, преобладали молочные продукты. Для их приготовления использовали коровье, овечье, козье, кобылье молоко. Употребление большей частью переработанного и сбереженного молочного продукта вытекало из особенностей хозяйственных и природных условий жизни, необходимостью переработки вследствие ее быстрого скисания, в меньшей степени желудочно-кишечными заболеваниями. В силу этих причин казахи, в отличие от других народов, не употребляли в пищу сырое и цельное молоко, используя их только с чаем.

Поэтому издавна казахи, как и другие народы, стремились переработать молочное сырье в консервированные кисломолочные продукты (сливки, масло, творожистые сыры, напитки) или приготовить из них различные молочно-мясо-мучные супы, блюда. Общие принципы, технология приготовления кисломолочных продуктов, кумыса, основанных на дрожжевом и спиртовом брожении, на всей территории республики были почти одинаковы.

Схожие тенденции в упомянутом пласте питания наблюдаются и у других тюркоязычных народов, которые отразились и в совпадении их названий. Например, катык - казахское, узбекское, татарское, башкирское, азербайджанское; гатык туркменское. Данный продукт служил как самостоятельным блюдом, так и исходным компонентом для приготовления других блюд, снедей. Айран - одинаково для большинства народов Средней Азии, Закавказья; сузбе - казахское, сузбма - татарское, узбекское, сузме - туркменское; курт - казахское, узбекское, корт татарское, ак гурт - туркменское, курут - алтайское, таджикское и т.д. [1; 2; 3; 4; 5]. Своеобразным куртом из овечьего молока с прибавлением муки является сыкпа курт [6]. Лакомым ритуальным блюдом служил уыз. Им угощали знакомых, близких, родственников, получая их благословение. Данное блюдо также распространено у соседних тюркоязычных народов (уыз - киргизское, угыз - татарское, увыз - каракалпакское, огиз - узбекское, овуз - туркменское) [7; 8].

В настоящее время самое распространенное - коровье, верблюжье и кобылье молоко. Козье и овечье употребляется реже. Эти молочные продукты различаются и по цене. Из верблюжьего молока готовили кисломолочный напиток шубат, который по качеству можно поставить в один ряд с кумысом. В рацион питания казахов также входят каймак (сметана и сливки), айран (простокваша), иримшик (творог), курт (твердый сыр), май (масло), кумыс (кисломолочный напиток из кобыльего молока с низким содержанием алкоголя), сут (молоко).

Особым почетом пользуется кумыс. Процеженное молоко сливают в специальную емкость, добавляют закваску и взбивают мутовкой писпек, оставляют на ночь, и к утру напиток уже готов. Лучшей закваской считается остаток прошлогоднего кумыса, который хранят в холодном месте в течение всей зимы. Для последующего приготовления кумыса используют предыдущий напиток. Для праздничного события готовят особый кумыс. В свежее кобылье молоко вместо закваски добавляют сахар, который вызывает сильное брожение и быстрое усиление крепости напитка. В настоящее время все вышеописанные традиционные молочные блюда и напитки характерны, прежде всего, для сельской местности. Лишь небольшая часть горожан имеет возможность держать скотину, большинство же их покупает молочные продукты в магазинах и на рынках.

Казахи до настоящего времени продолжают придерживаться целого комплекса обычаев и обрядов, особое значение в которых придается ритуальной пище. До настоящего времени в быту применяются запреты проливать молоко на пол, наступать на пролитое молоко, так как есть поверье, что корова перестанет доиться. Также женщине, черпающей кумыс, нельзя греметь посудой. Угощаемый кумысом, айраном не должен отказываться, иначе не будет дороги. После угощения следует поблагодарить хозяев и пожелать, чтобы кобыла или корова давала больше молока. Таким образом, в понятие "ак" вкладывается сакральный смысл, что свидетельствует о глубокой древности вида пищи. Под "ак ас" также подразумевают любое угощение, преподнесенное от чистого сердца, при этом его соотносят с выражением "ақ тлек", "ақ мол болсын" - чистым, идущим от сердца, пожеланием.

Наиболее поздним, суперстратным пластом в системе питания казахов являются зерновые продукты. Первоначально использовали термический и механический способы их обработки, зерна проса, пшеницы употреблялись в жареном (куырмаш) и в толченом (талкан, жарма) видах, заправленные для улучшения вкусовых качеств и калорийности маслом, сметаной или айраном. Издавна казахи употребляли в пищу дикорастущий лук (сарымсак), корни и клубни некоторых растений и различные ягоды: жиде (джида), каракат (черная смородина), бүлдірген (земляника). Жители некоторых районов Южного Казахстана уже в начале XIX в. стали разводить бахчевые культуры.

Середина XIX в. и особенно вторая его половина характеризуется интенсивным развитием

торгово-экономических связей Казахстана и России. Резко возрастает роль земледелия в казахском ауле. Многочисленные архивные, письменные источники свидетельствуют, что наряду с резким расширением посевной площади под зерновыми во многих районах Казахстана под влиянием соседнего русского, узбекского, каракалпакского и туркменского народов казахи начинают более широко возделывать огородные культуры, выращивать картофель, огурцы, лук, свеклу, морковь и т. д. Огородничество местами носило даже товарный характер. Из цельных или дробленных зерен указанных злаков готовили также молочно-зерновую пищу - различные виды похлебки (тары коже, бидай коже, кара коже), сытные и легко усвояемые. Они подавались как в горячем, так и отстоянном виде (сброженном) видах [9]. Из вареной крупы делали также и каши - ботка, жидкую мучную кашу - заваруху - быламык [10]. Такие же блюда известны и у других тюркских народов.

Из пресного теста выпекали различные мучные изделия, имевшие аналоги у тюркских и монгольских народов, такие как обжаренные в кипящем масле баурсаки (баурсак татарское, боорсок киргизское, бурурсок узбекское, бурсок - таджикское, берцог - калмыкское, боорцог - монгольское); тонкие лепешки - шелпек (шельпек - каракалпакское, челпек - туркменское, чалпак - узбекское, таджикское), служившие нередко ритуальным блюдом; оладьи - куймак (куймак - каракалпакское, киргизское, коймак - татарское) и др.

С установлением тесных рыночных отношений степи с Россией на ярмарки начинают уже в середине XIX в. в значительно более широких размерах, чем прежде, завозить такие продукты, как чай (хотя он был известен казахам и раньше), сахар, конфеты, сухие и свежие фрукты (из Средней Азии). Так, в документах от 1844 и 1862 гг. говорится, что казахи охотно покупают сахар и чай, муку пшеничную, пшено, рис, сухие и свежие фрукты. В прилинейных аулах и в местах, где к концу XIX — началу XX в. получило распространение огородничество, казахи охотно ели картофель, лук, огурцы и т. д. Однако на большей части территории Казахстана овощи еще долго были малоизвестны и редко употреблялись в пищу.

В настоящее время в пище казахов много заимствования из национальной кухни других народов. Наряду с традиционными мясом и молоком большое значение приобретают мучные и растительные блюда. С общим увеличением потребления хлебных продуктов возрастает их ассортимент. Очень популярны выпечки и жаренные мучные блюда, разнообразные блюда из овощей, заготовки из фруктов и ягод, различные посолы и квашения собственной готовки. Коренные изменения в структуре, ассортименте и системе питания произошли за годы Советской власти. Многие описанные выше традиционные блюда были дополнены качественно новыми продуктами суперстратного характера, заимствованными у других народов.

Гостям и в сельской, и в городской местности к мясу подают различного рода соленья и салаты, туздык заправляют мелко нашинкованной морковью, луком и зеленью. Если при совершении традиционных обрядов за стол принято сажать дважды: на мясо и чай, то при встрече гостей по случаю дня рождения или праздничных дат в календаре многие представители интеллигенции накрывают стол по европейским стандартам, начиная с холодных закусок, дважды подавая горячие блюда и завершая застолье чаем или кофе (по желанию присутствующих) с кондитерскими изделиями, вареньями и выпечкой. К холодным закускам и мясным блюдам подают спиртные и безалкогольные напитки.

В наше время застолье во многом изменило формы, но не утратило древних законов гостеприимства. Напротив, границы его раздвинулись: за сегодняшним дастарханом собираются не только казахи, но и многочисленные гости, живущие в большой многонациональной республике - русские, татары, украинцы, узбеки, немцы, уйгуры, дунгане, корейцы. Прожив рядом с казахами не одно десятилетие, делясь с ними горем, хлебом и радостью, братские народы не могли не оказать влияние на кулинарное мастерство, быт и культуру казахского народа, заимствовав одновременно лучшие из его культуры и быта. Современная казахская кухня включает в себя не только традиционные казахские блюда, но и полюбившиеся блюда узбекской, уйгурской, русской, татарской, корейской и других кухонь. Именно поэтому в современной казахской кулинарии при сохранении чисто национальных черт нетрудно заметить интернациональные черты. Во многом изменился набор продуктов, из которых сегодня готовится пища.

Если за многовековую историю казахский народ накопил огромный опыт обработки и приготовления мясной и кисломолочной продукции, то современная жизнь пополнила этот ассортимент блюдами из овощей, фруктов, рыбы, морских продуктов, печеными, мучными изделиями и сладостями. И все-таки наиболее популярным продуктом в казахской национальной кухне было и остается мясо-молочное направление.

Таким образом, сейчас в рассматриваемом комплексе питания все ее компоненты

распределены равномерно, впитав в себя все инновации, идущие как от соседних этносов, так и города. Одновременно, национальные особенности в питании в настоящее время более всего сказываются в бытовании традиционных блюд и традиционной структуры пищи, в избирательном отношении к покупным изделиям, в традиционной последовательности и очередности приема повседневной, а в особенности праздничной пищи, в своеобразии сервировки и т.д.. По определению В.В.Бромлея, этническая специфика в рассматриваемой проблеме «дольше удерживается в интерьере жилища, чем в самом жилище, в украшениях одежды, чем в самой одежде, и очень устойчива в пище, т.е. эта специфика сказывается в большей мере не в утилитарных свойствах вещей, а в связи с их чувственным восприятием» [11].

Традиционно казахская кухня была основана на мясных и молочных продуктах. Позже к этому списку добавились овощи, фрукты, рыба, морепродукты, мучные блюда и сладости. Сегодня за одним дастарханом собираются представители многих народов, живущих в Казахстане: русские и татары, украинцы и узбеки, уйгуры и дунгане, немцы и корейцы. Народы эти на протяжении веков мирно жили рядом с казахами и влияли на их повседневную жизнь и культуру и, конечно же, кухню. Так что современная казахская кулинария включает в искусно приготовленные блюда традиционных узбекской, уйгурской, русской, татарской, корейской кухонь.

При характеристике современной пищи казахов следует отметить, что она испытывает влияние не только городской кухни, но и контактирующих этносов - узбекского, русского и других, как это происходит в других частях нашей республики. С другой стороны она, в свою очередь, способствует обогащению пищи указанных и других этносов лучшими блюдами из арсенала традиционной мерной кухни. Вместе с тем, несмотря на проникновение в современную пищу кушаний из кухонь других народов Казахстана и даже из стран ближнего и дальнего зарубежья, традиционная национальная пища, главным образом, мясная, проявляет значительную устойчивость и они являются преобладающими как в повседневной, так и в ритуальной, а также в праздничной пище. Об этом наглядно свидетельствуют и материалы нашего этносоциологического исследования 1998 года в г.Туркестане и Туркестанском районе Южно-Казахстанской области. Так, на вопрос: "Перечислите, пожалуйста, какие блюда готовятся в Вашей семье?" из 763, опрошенных городских казахов 94,9% указали на национальные казахские блюда, а из 511 сельских респондентов-94,5%. Для сравнения отметим, что в городе на узбекские и русские блюда высказались 45,3 и 28,3%, опрошенных казахов, а в сельской местности соответственно 40,7- 26,2%. Аналогичные показатели получены в Меркенском районе Жамбылской области. Например, предпочли национальные блюда 89,9 % казахов- респондентов, а на русские и турецкие блюда ориентированы лишь 25,7-31,5 %.

На наш взгляд одной из причин устойчивости национальной кухни в исследованных нами двух южных областях республики является не только компактность расселения казахского этноса, своеобразии природных и хозяйственных условия, но и особенности структуры современной казахской семьи, главным образом ее сельской части, где нередко пожилые родители живут с женатыми детьми и внуками. В таких сложных и трехпоколенных семьях больше ориентированы на этнические компоненты национальной культуры, которое зримо ощущаются не только в пище и других элементах материальной культуры, но и в духовной жизни и в семейно-брачных отношениях.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Бекмуратова А.Т. Пища // Этнография каракалпаков XIX – начала XX века (Материалы исследования). – Ташкент, 1980. – С. 121-140.
2. Шаниязов К.Ш., Исмаилов Х.И. Этнографические очерки материальной культуры узбеков в XIX – XX вв. – Ташкент: ФАН, 1981. – 126 с.
3. *Потанов Л.П.* Пища алтайцев (Этнографический очерк) // Сб. МАЭ. – Т.14. –М.-Л., 1953. – С.37-71.
4. Казахская кухня. Современные и традиционные блюда. – Алма-Ата: Казахстан, 1979. – Кн.1. – 220 с.
5. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Л.: Наука, 1971. – 403 с.
6. Сходное блюдо готовили и соседние среднеазиатские народы (куурдак, куурма-киргизы, куурмо-узбеки, говурма-туркмены) см.Бердыев М.С. Трансформация традиционной системы питания туркмен в наши дни // С.1985.№ 1. 92 с.).
7. Токарев С.А. К методике этнографического исследования материальной культуры // Сов. этнография. – 1970. № 4. – С. 3–30.
8. Похлебкин В.В. Национальные кухни наших народов. – М.: Мысль, 1978. – 320 с.

9. Такие же блюда известны другим тюркских народам, что отразилось в их названии: ботка - Каракалпакское, Башкирское, Ногайское, Уйгурское, ботко - киргизское, алтайское, бутка - татарское; быламық - каракалпакское, буламык - киргизское, башкирское, боламык - узбекское, татарское и т.д. (см.: Севортян З.С. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву "Б". М., 1978, С.201-259).
10. Жуковская Н.Л. Центральная Азия. С.131; Она же. Иссык-кульские калмыки //Этнические процессы у национальных групп Средней Азии и Казахстана. М., 1980. С.161; Похлебкин В.В. Национальные кухни... С.196; Томилов Н.А. Этнография тюркоязычного... С.187; Бекмуратова А.Т. Указ.соч.С.117,121; Абрамзон С.М. Киргизы... С.143; Ершов Н.Н. Пища // Таджики Каратегина и Дарваза. Вып.2.С.231; Оразов А. Ритуальная пища туркмен // Материалы по исторической этнографии туркмен. Ашхабад, 1987.С.37.
11. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. М., 1983. С.358.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ СҮТ ЖӘНЕ ӨСІМДІК НЕГІЗДЕГІ ТАҒАМ ЖҮЙЕСІНДЕ ТҰРАҚТЫ ЭТНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ЖАҢАШЫЛ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Г.Ж. Примкулова

Аңдатпа: Бұл мақалада материалдық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі және этникалық ерекшеліктерді қалыптастырушы ретінде дәстүрлі тағам жүйесі көрсетіледі. Мәдениеттің заманауи өзгерістерге бет бұру жағдайында, тағам жүйесінде тыйымдар мен басымдық белгілері этникалық тұрғыдан көрінуде. Ғылыми айналымға, қазіргі жағдайда, тағам жүйесінде дәстүрлі және жаңашыл элементтерін, гұрыптық маңызын анықтайтын мәліметтер енгізілуде.

ETHNIC FEATURES AND MODERN COMPLEMENTARY ELEMENTS IN A MILK- VEGETABLE COMPLEX SUPPLY KAZAKHS

G.Primkulova

Summary: This article focuses on traditional food, as one of the most important elements of material culture, media ethnic specificity. In modern conditions of standardization and harmonization of many phenomena of culture and life, the food restrictions and priorities retains the maximum number of ethnically significant features. The scientific revolution introduced new data showing the ratio of traditional and new batteries, ritual significance of food, as well as information about traditional utensils preserved in modern conditions.

ӨОЖ: 958.45

М.А.Жолсейтова, Юсуп Жахангир

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы білім беру жүйесінің зерттелу тарихы қарастырылады.

Патшалық Ресейдің үстемдігі тұсында қазақ халқының арасында білім берудің дамуын ғылыми айналымға деректерді талдай отырып, ол үдерісті өркениеттілік ұстаным мен тарихилық принципі негізінде, сондай-ақ гуманизм, ынтымақтастық және мәдени-тарихи тұжырымдамалары тұрғысынан қарастырудың маңызы ашылып көрсетілген.

Түйін сөздер: *Методология, өркениет, тарихилық принцип, гуманизм, «Анналдар» мектебі, жәдидтік.*

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында білім саласын дамытуға аса мән беріп, бәсекеге қабілетті, заманауи білімді, білікті маман даярлау үшін мықты рух пен терең білім қажеттігі атап көрсетіледі. Алдыңғы қатарлы ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырғанда ұлттық және

жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, білімді ұрпақ – мәңгілік ел тірегі болмақ [1, 1-3 б.]. Қазіргі жаһандану жағдайында білім мен ғылымға қатал талап қойылууда.

Ғылыми білім ауқымының кеңейіп, онда шынайылықтың көрініс табу деңгейі арта түскен сайын ғалымдар жаңа білімге қол жеткізуге мүмкін деген әдістер мен тәсілдерді талдауға және негіздеуге талпыныс қарқынын күшейте түседі. Жаңа ғылыми білімді алудың тәсілдерін зерделеуді ғылым методологиясы жүзеге асырады [2, с. 7-8]. Сондай-ақ ол танымның одан әрі дамуына жол ашып, оның ауқымының кеңеюіне қызмет етеді. Таным білімді игерумен сипатталатын рухани әрекет болғандықтан, ол аяқталған нәтиже түрінде емес, шынайылық сипатқа ие анағұрлым толық, әрі терең білімге ұмтыла түсетін үрдіс іспеттес. Ол адамның шығармашылық ізденісімен тығыз байланыста дамып, оның қоғамдық, тарихи үрдістегі өз орнын айқындауына ықпал етеді. Сонымен бірге таным мен методология өзара байланыста дамиды. Ғылыми танымның жетілуімен бірге жаңа білімге жетуге жол көрсететін ұстанымдар, тұжырымдамалар мен теориялар қалыптасады немесе оларға деген көзқарас өзгеріске түседі. Бұл, әрине, тарих ғылымына, оның жекелеген проблемаларын зерделеуге, соның ішінде патшалық Ресейдің үстемдігі дәуіріндегі қазақтар арасындағы халық ағарту ісіне де қатысты.

Көрнекті неміс философы Карл Ясперстің пайымдауынша, тарих тұжырымдамасының міндеті бүгінгі дәуірді түсінуге ықпал етумен қатар, ондағы орнымызды көрсету болып табылады [3, с. 99]. Бірақ осы міндетті атқарады деп түрлі кезеңдерде ұсынылған бірқатар тұжырымдамалар таным ауқымының кеңеюіне сәйкес теріске де шығарылады. Мұндай жағдай ғылыми таным методологиясын зерттеуші Г.И. Рузавиннің пікірінше, ғылым саласындағы алға басудың, теория мен зерттеу тәсілдерінің жетіліп жатқандығының көрінісі болып саналады [2, с. 28].

Түрлі кезеңдерде ұсынылған теориялар мен тұжырымдамалар теріске шығарылмай немесе жетілдірілмей қалмайды. Бұған таяу уақыттарға дейін еліміздегі тарих ғылымында үстемдік құрып келген маркстік-лениндік ілімге негізделген ұстанымның қалыптасу, даму және құлдырау кезеңдерін бастан кешуі дәлел бола алады.

Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ кеңестік тарих ғылымының методологиялық базасы ретінде саналып, ол маркстік тарихшылардың буржуазиялық тарихшылардан аражігін ажыратып алуға қызмет етті [4, с. 8]. Маркстік-лениндік ілімге сәйкес дүниежүзілік тарихи үрдіс қоғамдық-экономикалық формациялардың бірінен соң бірінің алмасуы түрінде түсіндірілді. Формациялық ұстанымның тарихи үрдісті зерттеудегі бірден-бір ұстаным ретінде кеңестік тарих ғылымында орнығып, өзге теорияларды теріске шығаруы елдегі ғылыми танымның ауқымына және тарихи білім беру жүйесіне өз нұқсанын тигізді. Өткен дәуірдегі тарихи құбылыстарды бір қалыпқа салған маркстік-лениндік ілімге негізделген методология зерттеушілерге қандай да бір елдің және халықтың тарихи дамуындағы өзгешелік пен күрделілікке баса назар аударттырмай, тап күресіне ерекше көңіл бөліріп, революциялық дамуды абсолюттендіріп, дамудағы эволюциялық үрдістің маңызына мән беруді екінші кезекке ығыстыртты. Соның салдарынан тарих ғылымындағы көптеген мәселелер зерттеу аясынан тыс қалды. Формациялық ұстаным зерттеушілерге социализм құрудың теориясы мен практикасы аясынан және осыған орайластыра жасалған білім беру мен тәрбиелеу жүйесі арнасынан шығуға мүмкіндік бермеді [5, с. 3]. Соған сәйкес Орталық Азия халықтары арасындағы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр бас кезіндегі ағартушылық феодалдық даму сатысындағы халықтардың қарабайыр ағартушылығы түрінде ғана түсіндіріліп, олардың 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан ахуалға орай «капитализмге соқпай, социалистік құрылысқа көшуі» барынша дәріптелді.

Қатаң идеологияландырылып, қызыл империя саясатының қызметшісіне айналдырылған кеңестік тарих ғылымы маркстік-лениндік ілімдегі тап күресі теориясы мен интернационализм ұстанымын басшылыққа алып, ұлттық мүддені ескермеді. Мұндай ұстаным Ресей империясының жаулап алған Орталық Азия халықтарының Кеңестер Одағы құрамында болуын «ірі жетістік» ретінде дәріптеуге ыңғайлы болатын. Соған орай патша өкіметінің отарлық саясаты империя құрамына енген халықтарға «зор қасірет» емес, керісінше оларға «болар-болмас қасірет» әкелген болып шықты. Бұл өз кезегінде ұлттық мүддені қорғау мақсатында қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік, қарақалпақ халықтары өкілдерінің өткен дәуірлерде бірлесе ағартушылық жұмысын жүргізуге әрекет етуге талпынысын назардан тыс қалдыруға әкеліп соқтырды. Сондай-ақ осы мәселе ғылыми әдебиеттерде айтыла қалғандай жайт болса, оны ұлтшылдықтың, түрікшілдіктің көрінісі ретінде бағалау орын алды. Соның салдарынан түркістандық ұлттық саяси элитасы өкілдерінің ХХ ғасыр басында атқарған қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметі объективті бағаға ие бола алмады. Кеңестік тарих ғылымы түркі халықтарын бір-бірінен алшақтата көрсетуге тырысты. Кеңестік тарих ғылымындағы осындай ұстанымның астарын Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты

еңбегінде былайша негіздеп көрсеткен болатын: «Мемлекеттік саясаттың мүддесіне қызмет ететін тарихтың барлығы секілді, кеңестік тарихта да қазақтардың, қырғыздардың, өзбектердің, түрікмендердің тарихын бір-бірінен алшақтатып, оқшауландыра қарау әдетке айналған-ды. Олай болатын себебі, Кеңес мемлекетінің басшылығы Орта Азиядағы жаңа буын өкілдерінің өздерін өзгелерге ешқандай қатысы жоқ жеке халық деп ойлауына ұмтылды. Москвадағы өкіметке Орталық Азиядағы бытыраңқылық тиімді болды. Сондықтан, ол осы халықтарды дамудың әртүрлі жолдарына салып, бір-біріне қарсы болуын көздеді» [6, 259-260-б.].

Кеңестер Одағының ыдырап, оның құрамындағы республикалардың өз тәуелсіздігінің жариялауымен посткеңестік республикалардың тарих ғылымында оң өзгерістер бой көрсетті. Ондай өзгерістер қатарына тап күресі теориясына негізделген формациялық ұстанымның отандық тарих ғылымындағы монополиялық жағдайынан арылуын жатқызуға болады. Бүгінгі таңда тарихшылар жаңа әдістік көзқарастарды қалыптастыруға, тарихи үрдісті оның өзі қандай болса, сол күйінде өзара байланысты, тұтастықпен ұласқан даму қалпында көруге талпынуда. Уақыт өткен сайын отандық және посткеңестік тарих ғылымында өркениеттілік ұстаным перспективалы ұстаным ретінде орнығуда.

Түрлі тарихи кезеңдерде Ф. Вольтер, Дж. Вико, О. Шпенглер, А. Дж. Тойнби, Ф. Бродель, С.Е. Десницкий, Н.Я. Данилевский, М. Вебер, Л.Н. Гумилев, С. Хантингтон секілді т.б. ғалымдар дамытуға үлес қосқан өркениеттілік ұстаным бүгінгі таңда формациялық ұстанымды алмастыра алатын, әрі ағартушылық пен тәрбиелеу функцияларын атқаратын және ұлттық тарихты зерттеу мен ұлттық идеяның орнығуына қызмет ететін әмбебап парадигма ретінде санала бастады [7, с. 39]. Бұл ұстанымның патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындағы қазақтар арасындағы халық ағарту ісінің қырсырын терең түсінуге септігін тигізетіндігіне күмән келтіруге болмайды. Өркениеттілік ұстаным марксизмнен әлдеқайда бұрын өмірге келіп, үздіксіз жетілу үстінде болды. Бұл үрдіс әлі күнге өз жалғасын табууда. Дегенмен, осы ұстаным аясында еуроцентристік көзқарас та бой көрсетпей қалмады. Мәселен, XVIII-XIX ғасырлардағы еуропалық ағартушылар арасында көшпелі немесе дала өркениеті өкілдерін отырықшы өмір салт пен мәдениеттің жауы, «жабайылар» ретінде көрсету, еуропалықтардың Шығысты жаулауларының «объективті» екенін негіздеуге тырысу, Еуропаның Шығыстағы үстемдігін негіздеуде еуроцентристік идеяларды методологиялық тірек ретінде пайдалану орын алды. Кейіннен мұндай еуроцентристік тұжырымдаманы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі орыс зерттеушілерінің бірқатары пайдаланып, Ресейдің Орталық Азиядағы экспансиялық саясатын «орыстардың өркениеттік миссиясы» ретінде дәлелдемек болды. Мұндай көзқарасты жақтаушы орыс зерттеушілері Орталық Азиядағы отарлық билік орындарының жергілікті халықты еуропалық өркениетпен «байланыстырушы көпір» қызметін атқаратындығын дәлелдеуге тырысып, ұлыдержавалық мүддені жоғары қойды. Әрине, мұндай көзқарас тұрғысында Орталық Азия халықтарының арасында жүргізілген ағартушылық «төменгі даму сатысындағы, кенжелеп қалған өркениеттегі халықтардың ағартушылығы» түрінде түсіндірілді. Ал жергілікті халық өкілдерінің патшалық Ресейдің отарлық саясатына бірлесе қарсылық көрсету әрекеті «озық өркениетті» қабылдауға наразылық, «тағылық сарқыншақтары» ретінде бағаланды. Сондықтан да еуроцентристік көзқарас шынайылықты көрсетпейді, керісінше, бір халықтың екінші халыққа, яғни еуропалықтардың үстемдігін ақтауға бағытталған ұстаным деп бағалануы тиіс. Мұндай көзқарас тарихи үдерісті шынайы тұрғыда түсіндіре алмайтындығын кезінде көрнекті тарихшы-ғалым М.Қ. Қозыбаев өз еңбегінде айта келіп, А. Тойнби, О. Шпенглер секілді ғалымдардың түркі халықтарын өркениетсіз халық етіп көрсету әрекеттерін сынға алған болатын [8, 14-б.].

Тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық мәселелеріне байланысты еңбек жазған ғалым Л.Р. Хут өркениет теориясы қазіргі заманда өз дамуының жоғары сатысына көтеріліп, онда өркениетті әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде пайымдаушылық белең алғанын, бұл теорияның аясында тарихи жадты түлету, тарихи үрдісті гуманистік тұрғыда әрі эволюциялық сабақтастықта қарастыру жүзеге асатындығын айтып, тарихи ой-пікір тарихында әлемдік-тарихи және мәдени-тарихи тұжырымдамалар өміршендік танытып отырғанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, әлемдік-тарихи тұжырымдама халықтар тарихын прогрестік дамудың бірегей үрдісі ретінде қарастырады, ал мәдени-тарихи тұжырымдама еуропалық емес халықтардың артқаалушылығы немесе тоқыраушылығы дегенді қолдамай, әрбір мәдени аймаққа өзіндік даму жолы тән екенін негіздейді [9, с. 54].

XIX екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Орталық Азия халықтарының, соның ішінде қазақтардың да ағартушылығы мәселесіне қатысты орын алған тарихи құбылыстар мен оқиғалардың астарын терең түсініп, дұрыс пайымдауда мәдени-тарихи тұжырымдамасының орны

ерекше. Бұл тұжырымдамаға сәйкес әлеуметтік-мәдени, психологиялық, этникалық факторлардың өзара ықпалдастығына, олардың қоғамдық дамудағы орнына және Орталық Азия халықтарының ағартушылықтағы өзара байланыстарының өрбуіне әсері деңгейіне назар аударылады. Сонымен қатар бұл тұжырымдамада Орталық Азия халықтарының бірегей өркениет өкілдері екені және кез келген өркениеттің әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде өзіндік рухани, ел билеу, тіршілік ету, адамдар арасындағы өзара қатынас, ел аралық байланыс мәдениетіне ие болатыны ескеріледі. Бірақ бұл әлемдік-тарихи тұжырымдамасы екі халық арасындағы байланыстарды ашып көрсетуде дәріменсіз дегенді білдірмейді. Әлемдік-тарихи тұжырымдамасының арнасында Орталық Азия халықтары арасындағы байланыстар желісін әлемдік тарихтың, Шығыс әлемі, Ислам әлемі тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға жол ашыла түсетіндігін де назарда ұстаған абзал. Сондай-ақ бұл тұжырымдама Түркістан халықтарының ағартушылықтағы байланысының сипаты мен өрбу қарқынына әсер еткен сыртқы факторларды бағамдауға мүмкіндік береді.

Өркениеттілік ұстаным тарихи зерттеулер методологиясының тарихилық принципімен де үйлесімділік табады. Бұл принцип ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Германияда интеллектуалды ағым ретінде бой көрсетіп, кейіннен бүкіл Батысқа тарады. Сол кезде Берлин университетінің профессоры Леопальд фон Ранке тарихилық принципін жақтаушылардың ең ірі өкілі ретінде танылған-ды. Ол тарихшының басты міндеті өткен дәуірдің менталитетіне үңіліп, сол дәуірдің адамдары басқаша емес, неге дәл солай әрекет еткенін айқындауы керек, сонда тарихи шындық бұрмаланбайды деп санады. Оның ізбасарының бірі И.Г. Дройзен болса, бұл пікірді дамыта отырып, тарихилық принцип өткен дәуір туралы тура түсінік қалыптастырумен бірге қоғамның әрі қарай қандай жолмен жүру керектігіне бағыт бере алады, тарихи зерттеудегі қателік әйтеуір бір қоғам дамуына кері әсерін тигізбей қоймайды деген тұжырым жасаған болатын [10, с. 82]. И.Г. Дройзен осындай пікірі арқылы өзін өркениеттілік ұстанымды жақтайтынын және оны формациялық ұстанымға балама ретінде ұсынатынын байқатумен қатар, ол тарихтың басты мақсаты танымның тарихи заңдылықтары мен тарихи білім деңгейін айқындау екенін көрсеткен еді [11, с. 138].

Тарихилық принципін жақтаушылар тарих тарихи сананы қалыптастыратындығын негіздеді. Олар тарих ғылым ретінде тарихи сананы жаңғыртуға және өткен дәуірдегі тарихи оқиғалар мен құбылыстар жайлы түсінігіміздің шынайы болуына қызмет етуі тиіс деп есептеді. Сондай-ақ олар белгілі бір проблеманы зерттеу барысында өткен дәуір мен өз заманының айырмашылығын көре білу керектігін, объектіні қоршаған ортасынан бөліп алмай онымен контекстте қарастыру қажеттігін және тарихи құбылыс басқа оқиғалармен диалектикалық байланыста, әрі үрдіс ретінде көрсетілуі тиістігін қолдады [12, с. 9-10]. Ұсынылған осы қағидалар бойынша ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтар арасындағы халық ағарту ісінің ерекшеліктерін тарихи оқиғалармен тығыз байланыста қарастырып, оның өбу ерекшелігін шынайы түрде көрсетуге мүмкіндік аламыз. Бұл ретте қазақтар арасындағы мұсылмандық мектептер мен медреселердің халыққа білім берудегі рөлі, оған отарлық биліктің тосқауыл қою мақсатында орыстандыру міндетін жүзеге асыратын орыс-түзем мектептерін ашуы, мұсылмандық білім беру ошақтарына жаңа серпін берген жәдидтік ағымның қалыптасуы секілді үдерістерге назар аударылады. Сонымен қатар қазақтар арасындағы халық ағарту ісінде өзіндік орындары бар Ы. Алтынсарин, Н.И. Ильминский, Н.П.Остроумов, И. Гаспринский секілді т.б. қайраткерлердің тұлғалық келбетіне көңіл бөлінеді.

Отарлық кезеңдегі халық ағарту ісі тарихын зерттеу барысында қазақтарға өзінің ағартушылық идеяларымен ықпал еткен өзге халықтардың да қайраткерлерінің ұстанымдарына да баға бере кеткен жөн. Мәселен, татар халқының Ш. Маржани, И. Гаспринский, өзбек халқының М.Бехбудий, Мұнауар Қари, қырғыз халқының И. Арабаев секілді қайраткерлерінің халық ағарту ісіне байланысты ұстанымдары басты назарда ұсталғаны жөн.

Белгілі шығыстанушы Н.И. Конрад әр халықтың тарихы әрқашан да көршілерінің тарихымен тығыз байланыста болатындығын, мұндай байланыс аумақтық, өңірлік деңгейде әрқашан да болатындығын негіздеп көрсеткен-ді [13, с. 17]. Халықтар арасындағы өзара ағартушылыққа орай туындаған байланыстар үрдісі көптеген адамдар мен жеке тұлғалардың тағдырына және мүдделеріне әсер еткен оқиғалар мен құбылыстардың жиынтығы іспеттес. Оның өрбу қарқыны мен сипатына жеке тұлғалардың белгілі бір мүддені қорғау жолындағы әрекеттерімен қатар өзге бір көршілес елдердің саяси ұстанымдарындағы ерекшеліктер мен геосаяси ахуалдағы өзгерістер де өз әсерін тигізбей қоймайды. Мұның өзінен халықтар арасындағы ағартушылық байланыстар тарихын зерттеудің көп қырлы екені аңғарыла түседі. Осындай жайтты ескере отырып, тарих методологиясын зерттеуші ғалым В.Ф. Коломийцев халықтар арасындағы қарым-қатынасқа орай қалыптасқан тұжырымдамалар мәселесіне байланысты жазылған еңбегінде әлемдік саясат жанжалдар мен ымырашылдықтың қосындысы екенін алға тартқан болатын. Ол халықтар арасынағы байланыстарды

қарастыруға қатысты жанжалдар мен ынтымақтастық тұжырымдамалары барын атап көрсетеді [14, с.81-82]. Бұл тұжырымдамалардың қарастырып отырған мәселеге, Орталық Азия халықтары арасында орын алған жанжалдар және өзара келісімдер мен ынтымақтастық жайттарын зерделеуге де өзіндік қатысы бар. Алайда осы тұрғыда халықтар арасындағы қатынасты қарастыруда ымыраға келушілікке, гуманистік саясатты қолдаушылыққа және өзара ынтымақтастыққа мән беру жөніндегі тарих философиясын зерттеуші, немістің көрнекті ғалымы Э. Трельчтің пікірін де [15, с. 646-647, 687] ескерусіз қалдыруға болмайды. Осы қағидаларға сәйкес патшалық Ресейдің үстемдігі тұсында қазақтардың билік орындары ашқан орыс-түзем мектептеріне бастапқыда қарсылық танытып, оларға балаларын оқытуға бермеуге тырысуының астарын шынайы түсіндіруге болады. Сонымен қатар тоқыраушылыққа ұшыраға мұсылмандық білім беру орындарына туыстас татар халқы арасында XIX ғасырдың соңына қарай қалыптасқан жәдидтік жаңа серпін беруінің астары аңғарыла түседі. Мұның өзін белгілі дәрежеде ынтымақтастық тұжырымдамасымен үйлесімділік табатын гуманизм тұжырымдамасының талаптарына сай келеді деуге болады.

Бүгінгі таңда қоғамның, күллі ғаламның мүддесі үшін мемлекеттердің ішкі-сыртқы саясаттарында гуманизм идеяларын басшылыққа алу, халықтар арасындағы қарым-қатынаста гуманизм қағидаттарына жүгінуді жүзеге асыру маңызға ие. Гуманизм – адамгершілікті, адамға сүйіспеншілік идеясын білдіретін көзқарастар жүйесі ретінде адамзаттың еркіндігі мен теңдігін ардақтайды және әрбір жеке тұлғаның ар-намысын құрметтейді. Гуманизм тек дүниетанымдық тұжырымдама ғана емес, ол әрі экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси қатынастарды қамтитын практикалық өмірдің үлкен бір бөлігі. Ол экономикалық, саяси және мәдени өмірдің тұтастығын, адамзат бұл дүниенің жоғары құндылығы екендігін дәріптейді [15, с. 190]. Тарихтан адамзат тәлім алғанда одан ең бастысы адамгершіліктің мәңгілік құндылықтарына жетудің жолын аңғаруы тиіс [17, с. 9]. Қазақтар арасында отарлық кезеңдегі халық ағарту ісі тарихын зерттегенде де гуманизм принциптеріне назар аударылуы тиіс. Бұл ретте сол тұстағы Алаш қозғалысы қайраткерлерінің халық ағарту ісіне, әйел теңдігіне, дінге байланысты ой-пікірлері басты назарда ұсталғаны дұрыс. Сондай-ақ «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде адамгершіліктің насихатталуына баса мән беру керек.

Тарихи білім саласына гуманистік мазмұн беру мәселесі тарихшылардың «Анналдар» мектебі өкілдеріне де тән еді. Бұл мектептің бастау көзінде тұрған француз ғалымдары – Л. Февр мен М. Блок тарихты қазіргі қоғам өмірімен байланыстыру, ғылыми айналымға бұрын қосылған деректерді жаңаша пайымдап оқу, зерттеулердің дәстүрлі емес әдістерін қолдану мәселелерін көтерді. Олар 1929 жылы негізін қалаған «Анналдар» атты басылым алғашқы санынан-ақ тарихты зерттеуді кең ауқымда жүргізуді, онда қоғамдық пәндер арасындағы байланысты нығайтуға үндеді. «Анналдар мектебінің» ғалымдары тарихтың мазмұндылығын арттыруға, «барлығын қамтитын (жаһандық) тарих» арнасында тарих ғылымының методологиясын жетілдіре түсуге ерекше мән беріп, өткен дәуірлерді тарихи проблемалар түрінде қарастыруды, деректерге сыни тұрғыда қарауды ұсынып, салыстырмалы-тарихи әдісті зерттеулердегі нәтижелі әдіс ретінде санады [18, с. 226-227]. «Анналдар» мектебі өкілдерінің ұстанымы XIX ғасырдың ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақтар арасындағы ағартушылықтың өрбуіне, білім беру ісінің ерекшеліктерін проблема ретінде қарастырылуына, оның мазмұндылығының артуына, бұрындары бұрмаланып түсіндіріліп келген оқиғалар мен құбылыстардың шынайы тұрғыда жазылуына кең жол аша түседі.

Ғылыми таным методологиясын зерттеуші ғалымдар деректік материалдарға негізделген дәйектемені жасалған тұжырымдарға көз жеткізудің методологиясы ретінде қарастыруды ұсынуда. Сондай-ақ олар дәйектеменің фактілік (айғақтық) және логикалық аспектілері белгілі бір тұжырымдама бойынша жасалған тұжырымның сенімділік көрсеткіші деп санайды [19, с. 78-79]. Осындай пікір негізінде отарлық дәуірдегі қазақ халқы арасындағы білім беру ісі тарихына қатысты тың деректік мәліметті жаңа тұжырымдар жасауға алып келеді деп те есептеуге болады. Ол үшін мұрағаттық құжаттар мен басылымдардың материалдарымен қатар, Түркістан өлкесі халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерінде және сол тарихи кезеңнің куәгерлері қалдырған қолжазбаларда сақталып қалған мәліметтерді кең көлемде ғылыми айналымға тартқан абзал. Осындай шара жүзеге асырылған жағдайда ғана патшалық Ресейдің үстемдігі жағдайындағы халық ағарту ісінің тарихын жазу дәйекті болмақ.

Жалпы қорыта айтқанда, қазақ халқының арасында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы білім берудің дамуын ғылыми айналымға деректерді талдай отырып, молынан енгізу арқылы, ол үдерісті өркениеттілік ұстаным мен тарихилық принципі негізінде, сондай-ақ

гуманизм, ынтымақтастық және мәдени-тарихи тұжырымдамалары тұрғысынан қарастырудың маңызы зор деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Алматы, 2014. – 40 б.
2. Рузавин Г.И. Методология научного познания. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 287 с.
3. Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Политиздат, 1991. – 527 с.
4. Пронштейн А.П., Данилевский И.Н. Вопросы теории и методики исторического исследования. – М.: Высшая школа, 1986. – 208 с.
5. Поляков Ю.А. Как отразить многомерность истории? // Новая и новейшая история. – 2003. - № 4. – С. 3-10.
6. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
7. Андреев И.Л. Осторожно с «часами» истории (методологические проблемы цивилизационного процесса) // Вопросы философии. – 1998. - № 9. – С. 38-47.
8. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. – 369 б.
9. Хут Л.Р. Новистика: вопросы теории. – М.: Изд-во Московского педагогического университета, 2003. – 328 с.
10. Кириленко Е.И. Традиция историко-методологических исследований в немецком либеральном историзме // Методологические и историографические вопросы исторической науки / отв. ред. Б.Г. Могильницкий. – Томск: Изд-во ТГУ, 1992. –129 с.
11. Алимгазинов К.Ш. История и ее рефлексия на источниковедческую концепцию И.Г. Дройзена // Отан тарихы. – 2007. - № 3. – С. 134-146.
12. Джуманалиев А.Д. Методология исторической науки и некоторые проблемы историографии Кыргызстана XX века // Вопросы истории Кыргызстана. – 2006. - № 4. – С. 7-21.
13. Конрад В.И. Запад и Восток. – М.: Главная редакция восточной литературы, 1972. – 496 с.
14. Коломийцев В.Ф. О некоторых концепциях международных отношений // Государство и право. – М.: Наука, 1994. - № 12. – С. 81-88.
15. Трельч Э. Историзм и его проблемы / пер. с немецкого. – М.: Юрист, 1994. – 719 с.
16. Сенявский А.С. Теоретические проблемы исторической науки // Новая и новейшая история. – 2002. - № 2. – С. 183-193.
17. Басовская Н.И. Цель истории – история. – М.: РГГУ, 2002. – 536 с.
18. Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. – М.: Дрофа, 2004. – 288 с.
19. Герасимова И.А., Новоселова М.М. Аргументация как методология убеждения // Вопросы философии. – 2003. - № 10. – С. 72-84.
20. Жолсейтова М.А. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы халық-ағарту ісі: тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық негіздері. // Ұлттық тарихты зерттеудің әдіснамасы мен ғылыми ізденістерді жаңарту жолдары». Халықаралық ғылыми-әдіснамалық семинар-тренингінің материалдар жинағы. Астана қаласы, 2014, 158-169 бб.

ИЗ ИСТОРИИ ИССЛЕДОВАНИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ)

М.А. Жолсейтова, Юсуп Жахангир

В этой статье рассматривается история исследования системы образования в Казахстане со второй половины XIX – начале XX веков. Используя источники по распространению образования среди казахского народа в период колонизации царской России, ведется анализ на основе исторического принципа и цивилизационных процессов. А также суть проблемы раскрывается через призму культурно-исторического анализа и принципов гуманизма и содружества.

FROM THE HISTORY OF RESEARCH ON THE EDUCATIONAL SYSTEM IN KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF XIX – BEGINNING OF XX CENTURIES)

M.Zholseitova, Yusuf Jaxangir

This article discusses the history of the study of the education system in Kazakhstan since the second half of XIX – early XX centuries. Using sources for the spread of education among Kazakh people

during the colonization of tsarist Russia, conducted the analysis based on the historical principle and the processes of civilization. And the problem raskryvaetsja through the lens of cultural-historical analysis and the principles of humanity and the Commonwealth.

ӘОЖ [355. 232]

А.Е.Туякова

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Түйіндеме: *Мақалада, Қазақстан жастарға патриоттық тәрбие мақсаттары қарстырылған. Сонымен қатар, «ұлттық патриотизм», «ұлттық сана» қалыптастыру маңыздылығы ашып көрсетілген. Жас ұрпақ өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары арқылы жеткізілді. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс екені анық. Олай олай болса, «Мәңгілік Ел» деген құрметке жастардың парасаттылығы арқасында жету әдістері мен мақсаттары көрсетілген.*

Кілттік сөздер: *тәрбие, ұлт, ұлттық сана, Отан, патриоттық тәрбие.*

Қазақстан жастарына патриотизмге тәрбиелеудің өткені мен дәл бүгінгі таңдағы жай-күйін зерттеу барысында оның әдісі, тәсілі мен формаларының сан алуан болғанына және оларды бүгінгі күн жағдайына бейімдеп қолданудың мүмкіндігі мол екеніне көзіміз жетті. Бірақ, оның мазмұны кеңес дәуірінде (1970-1990 жж.) сол кездегі идеологияға қызмет еткендіктен, сыңар жақты болғаны да айқындала түседі, өйткені онда ұлттық патриотизм ескерілмей қалған. Сол себепті "ұлттық патриотизм", "ұлттық сана" деген секілді аса маңызды ұғымдар көп жағдайда терең зерттелмеген.

Қазақстан жағдайында осындай бір топ мәселенің басын ашып алмай тұрып патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қою мүмкін емес екені анықталды. Республикамыз бір саяси құрылымнан екіншісіне ауысып, басқару жүйесі жаңа сападағы қарым-қатынасқа бет бұрған өтпелі кезеңде мектептегі тәрбие жұмыстары дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Бұндай жағдайда замана ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажеттігі туындайды. Өйткені, ұғымдар арқылы оқушылар санасында білім қалыптасып, ол өз кезегінде оның іс-әрекетіне бағыт береді. Біздің пайымдауымызша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар: "ұлттық патриотизм" және "қазақстандық патриотизм". Ұғым дегеніміз – заттар мен құбылыстардың жалпы айырмашылықтарының белгілі бір жиынтығы негізінде ой жүргізу. Ол ғылыми және тәжірибелік білімдерді қалыптастыруда қолданылады. Ұғымдар негізінде пікір, ой тұжырымдар қалыптасып, ой қорытындылар мен пайымдаулар жаслады. Бұл жерде "ұлттық патриотизм" және "қазақстандық патриотизм" ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз - бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, "ұлттық патриотизм" және "қазақстандық патриотизм" ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Осыларды көздеп жүргізген зерттеу еңбегімізде педагог, психолог, философ ғалымдар мен ақын- жазушылардың ой-пікірлеріне сүйене отырып "ұлттық патриотизм" және "қазақстандық патриотизм" ұғымдарына анықтама беруге ұмтылды. Сондай-ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр.

Адамның жеке психологиясының әскери қызметтегі маңызын аша келіп Б.Момышұлы "патриотизм - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді" деп терең, жан-жақты анықтама берген [1, б. 45]. Қаһарман жазушы біз іздеп отырған "ұлттық патриотизм", "қазақстандық патриотизм" ұғымдарына философиялық анықтама беруге ұмтылған. Ол "ұлттық патриотизм - бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық

ерекшеліктері қалыптасқан, тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байла-нысты" дейді. Жазушының пікірін жіктей отырып бүгінгі патриотизмнің мазмұнын анықтау әбден мүмкін.

Бұдан келіп шығатын тұжырым: Б.Момышұлы көрсеткен рухани ерекшеліктерді сақтау ұлттық патриотизмнің критерийі болып табылады. Жаңа қалыптасып келе жатқан жас мемлекетіміздің болашақ азаматтарын патриотизмге тәрбиелеуде, міне, осылар оның негізгі ұғымдарын құрауы керек. Ойымызды айқындай түссек, Б.Момышұлы айтып отырған белгілердің педагогикалық негізі тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру, патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру, мінез-құлқына патриоттық сипат беру, мектептегі оқу-тәрбие ісінің өзегі болуы керек. Бұл оқулықтар оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнынан бастама алып, сабақтан тыс тәрбиелік жұмыстарда жалғасуы орынды [2, б. 43].

Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. карамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін - "Отаным" деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарына бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмау-дың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек де-ген ой келіп туады. Қазақстан егемендік алғаннан кейін мерзімді басылымдарда "қазақстандық патриотизм" және "ұлттық патриотизм" жайлы сұрақтар жарияланып, оған көптеген белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар өз пікірлерін білдірген болатын. Сол пікірлерді және басқа да педагог ғалымдар мен философ-психологтердің пікірлерін зерттей келе біз бір кездегі "Советтік патриотизм" ұғымы "қазақстандық патриотизм" болуы керек деп түйдік. Оның туындап, қалыптасып, тәлім-тәрбие айналымына енуі өз қолымызда. Берілген сұрақтар бізге патриот адамдардың мінез-құлық, іс-әрекеті, ой-сана сезімдерінің белгілеріне қарап оған сипаттама беруге көмектеседі. Бұл өз ретінде жас буындардың көз алдына нақты мысалдарды көлденең тарту арқылы өнеге көрсетуге шарт түзеді.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің (патриотизмнің) керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқын-шылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасак, ондағы батырлардың ешқайсысы бүгінгідей (кеңес дәуіріндегідей) жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп қарап қалмаған. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалының күшті болғанын көреміз. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды.

Қоғамның өз азаматтарына қызмет етуі адамның өзіне байланысты екені белгілі. Бұл - қоғамның жай-күйі оның әрбір азаматына байланысты деген сөз. Демек, Қазақ Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігінің нығайып дамуының басты шарттарының бірі оның азаматтарының патриотизмі. Адам-дар санасындағы бұрынғы кеңес одағы кезеңіндегі патриотизмнің мазмұны жаңа қоғамдық жағдайда біртіндеп жаңғыру үрдісін бастан кешіруде, бірақ, соны құндылықтар әлі қалыптасып бола қойған жоқ. Жаңа тарихи әлеуметтік жағдайда патриотизм жаңа сипатқа ие болды, өйткені, енді Қазақстанда өмір сүріп отырған барлық халықтар Қазақ елі атын беріп отырған "Қазақстан" деген мемлекетке бірікті. Демек, олардың мүддесі, мақсаты, күн көріс жағдайлары да бір бағыт ұстануы керек. Міне, осының өзі бұдан былайғы кезде "қазақстандық патриотизм" ұғымын қалыптастыру мақсатын қойып отыр. Ендігі кезеңде қазақстандықтардың күш-қуаты "қазақстандық патриотизмді" орнықтыруға жұмсалуды керек. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан. Ал оның мазмұны туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпыұлттық құндылықтармен толықтыры-лады. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Алайда ешкімді елін, Отанын зорлықпен, күштеп не үгіттеп жел сөзбен алдап-арбап сүйгізе алмайсың. Елін сүю - әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге езі келмейді, ол адам өсе, есейе келе өз ақылы өзіне жетіп, өз басымен тіршілік ете бастағанда адамзат-тың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. "Бұл сезім әркімде әр кезеңде (яғни, әр түрлі жаста) оянып, кейін кәметке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық социологиялық институттардың (балабақша, отбасы, мектеп, жоғары оқу

орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, әр түрлі саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен қалыптасады" деп көрсетеді Ә. Қалмырзаев [3, б. 71].

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу-Насыр әл-Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы- жыраулары Асан қайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен байланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді.

Жас ұрпақ пайдаланып отыр. Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев шығармаларынан да байқауға болады. Абай өз қызметін Отан мен халық алдындағы борышым деп түсінді. Оның шығармалары Қазақстан тағдырына деген, оның бостандық сүйгіш халқының болашағына деген қамқорлықпен айшықталған. Оның патриотизмі туған ел табиғатына, мәдениетіне, тіліне, озық дәстүрлері мен ұлттық мінезінің жақсы жақтарына деген сүйіспеншілігінен көрініс тапты.

«Қазақстан- біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің өмірімізді сынауды білер болсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір талшыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санап алмас едік» деген Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзі мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақты осы бастан Отанына, атамекеніне шын берілгендік рухында тәрбиелеуден артық борыш жоқ екендігін көрсетеді.

Елбасы айрықша назар аударып отырған мемлекеттік рәміздер мен заңға құрмет көрсету бүкіл өркениетті қоғамдардың өмір салтына айналған дәстүр. Ол ел бірлігі мен демократиялық үрдістерге адалдық атындай қастерленеді.

Отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға әсер ететін факторлар – ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, игі дәстүрлер, ұлттық парыз, бірлік және міндет. Ұлттық сезім- өзінің ұлт өкілдігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт- дәстүрімізді жатқызсақ, тіл-қазақ болуымыз үшін, дін-адам болуымыз үшін, салт-дәстүр-ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісі белгілі бір асқақ сөзімдерден, мақтаныш-сүйініштен бөле-жара қарауға болмайды. Ол елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сынайлы. Әрине, бұл өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі.

Нақтылай келгенде, Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде» дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенің мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн». Міне, осы сөздің өзі-тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау ойдан арна тартады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптың озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің балалар үшін маңызы ерекше. Махамбет балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ Махамбет өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына, жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Жастарды өнер-білімге шақырды. Абай өз өлеңдерін еріккеннің ермегі еткісі келмей, жастарға үлгі-өнеге көрсету үшін жазатындығын алдын ала ескертіп өтеді. Білімді ұрпақ туған ұлт-халық үшін қызмет етсін дегенді басты міндет етіп қояды. Ыбырай атамыз да бар үмітін жас ұрпаққа артты. Ыбырай атамыздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор. Өйткені патриотизм қашанда, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым [4, б. 71].

Жастарды патриотизмге баулу, қоғамның жаппай рухани әлеуметін арттыру мақсатында 2006 жылы Елбасының Жарлығымен азаматтарға патриоттық тәрбие берудің бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Қазақстан азаматтарын патриотизмге тәрбиелеудің педагогикалық негізі – тұлғаның

патриоттық сана–сезімін калыптастыру; патриоттық іс–әрекетін ұйымдастыру; мінез – құлқына патриоттық сипат беру мектептегі оқу– тәрбие ісінің езегі. Егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, ұстаздың мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар–ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу.

Әдебиеттер

1. Ерлік мектебі //Қазақстан мектебі. -1992. -№2. – Б. 25-27.
2. Қабанбай батыр //Ақжелкен. -1991. -№9. - Б. 13-15.
3. Абылай ханға арналған кеш //Қазақ тарихы. - №1. - 1996. Б.-74-77.
4. Ақын-жыраулар шығармасындағы батырлар бейнесі //Қазақ тілі мен әдебиеті, -1996. -№3. –Б. 90-96.
5. Ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері //Қазақстан мектебі. -1996. -№9 -Б.58-65

МЕТОДЫ И ЦЕЛИ ФОРМИРОВАНИЯ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ДЛЯ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

А.Е.Туякова

В статье рассказывается цели для патриотического воспитания для казахстанской молодежи. В связи с этим, раскрывается формирование таких понятий, как «национальный патриотизм», «национальное восприятие». Патриотические чувства молодое поколение впитывает через казахских писателей и акынов. Патриотическое воспитание, национальная честь, национальное восприятие – это все отражает духовное богатство народа. Так же в статье говорится о том, как достичь «Мәңгілік Ел» через патриотизм и амбиции казахской молодежи.

METHODS AND OBJECTIVES OF FORMATION OF PATRIOTIC EDUCATION FOR KAZAKH YOUTH

А.Е.Tuyakova

The article targets for patriotic education for Kazakh youth. In this regard, it disclosed the formation of concepts such as "national patriotism", "national perceptions." The patriotic feelings of the young generation absorbs through Kazakh writers and akyns. Patriotic education, national honor, national perceptions - all reflect the spiritual richness of the people. As the article says about how to reach "Mangilik El" through patriotism and ambition Kazakh youth.

УДК:130.1:930.1

А.А. Мұқатаева¹, О.Қ. Қабул²

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті¹, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ²

ДӘСТҮРЛІ ДУНИЕТАНЫМДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ

Мақалада мәдени мұралар, мәдени құндылықтарды қайта жаңғырту арқылы жаңа буынды түзеу, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру бүгінгі күндегі басты мәселелердің бірі екендігі қарастырылады.

Түйін сөздер: дәстүр, тіл, діл, сабақтастық, төлтумалық, мәдени мұра.

Сабақтастық ұғымы қай салада да маңызды орынға ие, сондықтан бұл мәселе үздіксіз зерттеуді талап етеді. Кеңес дәуірінде де бұл ұғым өз маңыздылығынан ажырамады, керісінше идеологиялық тұтастық үшін аса қажет болды. Осылайша сабақтастық қызметі мәдени-тарихи процестегі объективті қажетті байланыс ретінде танылды. Кез келген құбылыстың құндылығы, маңыздылығы оның берілу механизмінде, келесі кезеңге не болмаса дәуірге жету технологиясында, жалпы трансформациялануында. Сондықтан да адамзат тарихындағы сабақтастықтың ролі өте зор, әрі жауапты. Сабақтастық өздігінен болмайды. Ол үшін мәдениеттер мен өркениеттер арасында өзіндік бір байланыс болуы тиіс. Бұл байланыс әдетте сұхбат немесе белгілі бір коммуникация тоғысуы арқылы жүзеге асады.

Адамзат баласының тарихы үздіксіз сабақтастықтың аркасында мәдени-тарихи құрылымды түзеді. Себебі сабақтастық дәуірлер, ғасырлар, жылдар, күндер арасын жалғастырушы дәнекер. Сабақтастық әлсіреген тұста кейінгі тарихқа қайта жүгіну үрдісі өте қарқынды түрде жүреді. Ал дәстүр сабақтастыққа қарағанда салмақты, ол қалыптасқан тұрақты жүйе. Сондықтан дәстүрге деген құрмет халық арасында өте зор мәнге ие. Дәстүр адамдар арасында жазылмаған заң іспеттес, ол еш қадағалаусыз, ешкімнің әмірінсіз өз бетінше орындалады. Демек, сабақтастық дәстүрдің кезеңнен-кезеңге өту қызметі. Әрбір дәстүрдің түпкі мағынасының өзгеріссіз жетуіне сабақтастық тікелей міндетті.

Дәстүр арқылы адамдар өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай, оның маңызды және қажетті деген элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады. Осындай жағдайда ғана нағыз рухани сабақтастық болуы мүмкін. Рухани дәстүр адамды қайта түлетуі қажет. Дәстүр жеке адамдардың жан дүниесіне, көңіл-күйіне де жағымды әсер етіп, қуанышқа бөлейді, оларды қоғамдық талаптарға ұжымдастырып, рухани бірлестіктерге ынталандырады. Дәстүр адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынастарына әсер етіп, ондағы әлеуметтік, психологиялық ахуалдың жақсаруына жәрдемдеседі. Тарихи, рухани сабақтастық – жалпы дамудың, соның ішінде ғылыми, көркемдік дамудың да объективті заңдылығы болып табылады. Дәстүр мен жаңаның арасындағы сабақтастық жоқ жерде ілгері өрлеу, даму болмайды. Өйткені адамзат баласы тарихи дамудың әр сатысында әдебиет пен көркем өнерді, ғылыми жетістіктерді қайталамайды, керісінше жаңаша қалыптастырып, өзгертіп, жетілдіріп отырады [1, 27 б.].

Дәстүр ұғымы «сабақтастық», «мәдени мұра», «төлтумалық», «ерекшелік» түсініктерімен тығыз байланысты. *Сабақтастық* – тарихи мәдени тәжірибе процесіндегі жаңа мен ескі арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. *Мұра* – бұл уақыт ағымында өзгермейтін өткенге қатысты рухани мәдени материал және ұрпақтардың рухани дамуының іргетасы болып табылады. *Төлтумалық* – өзіндік дамуға бағытталған қоғамның динамикалық принципі, оның «өмірлік ядросы» деген ұғымды білдіреді. Нағыз мәдениет төлтумалығымен, бірегейлігімен дараланады. *Ерекшелік* ұғымы кез-келген құбылыстың өзгеге ұқсамайтын өзіне тән өзгешелігін көп жағдайда локальдық (жергілікті, оқшау) нормаларды, әдет-ғұрыптарды, құндылықтар мен жүріс-тұрыс бітімдерін сипаттау барысында кең қолданылады [2].

Өткен тарихымызға құрметпен қарап, оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негіздерін айқындауға деген ұрпақтар арасындағы мәдени-тарихи сабақтастықты жаңғыртуға деген ұмтылыс еліміздің тәуелсіздік алуы барысында мүмкін болып отыр. Ол қазіргі тарихи кезеңдегі қоғамның қажеттілігінен туындап, өркениетті мемлекет құру міндетімен байланыстырылады. Отаршылдық тұсында сөнуге сәл қалған рухани мұраның ұшқынын қайта тұтату үшін Елбасының бастамасымен көтеріліп, жүзеге асқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының тигізген әсері зор болды. Мәдени мұра тарихи жадының мазмұнын құрайды, сонда мәдени дәстүр іс жүзінде сабақтастықты еншілейді. Сабақтастық айрықша тарихи және мәдени феномен, оған өткеннің құндылықтарының маңыздылығына орай таңдаушылық, соңғысының қазіргі үшін меншікке, маңыздылыққа, құндылыққа айналуы заңдылық [3, 5 б.].

Мәдени мұраларымызды, мәдени құндылықтарымызды қайта жаңғырту арқылы жаңа буынды түзеу, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру бүгінгі күндегі басты мәселелердің бірі. Сондықтан ертеңгі жас ұрпақ алдындағы басты міндетіміз, ол атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде ғасырлар қойнауынан, ғасырлар бойы беріліп келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтап, ертеңгі ұрпаққа аманат ретінде жеткізу басты міндеттеріміздің бірі деп санаймыз. Ұлттық құндылықтар, ол мемлекеттік құндылықтар. Мемлекеттік құндылықтар, ол Ұлттық болмысымыз, яғни оған: тіліміз, дініміз, діліміз, тарихымыз, азақ мәдениетіндегі салт-дәстүрлеріміз, тарихи-ескерткіштеріміз және т.б. жатады.

«Қазақтың ежелгі даласындағы түркі тілді мәдениеттің терең астарлы тарихына үңілетін болсақ, онда әлемдік мәдениетке өзіндік үлесін қосатын талай мәдени мұраның қорына тап боламыз. Тек осы рухани байлықты төкпей-шашпай, келесі ұрпаққа барлық қадірін түсірмей жеткізе білу қазіргі заманның зерделі қоғамының тарихи міндеті екенін атап өте аламыз. Мемлекетіміздің осы руханилыққа толы игілікті істі қолға алып, ғалымдардың, зерттеушілердің көмегімен үлкен бағдарламаны жүзеге асырамыз деген талабы күрделі мәселе және ол болашақты ойлаудан туындаған қадамдардың қатарына жатады», – деп жазады профессор С. Нұрмұратов [4, 5 б.].

Біздің ұлттық дүниетанымымыздағы бақыттың мән-мағынасы орта ғасырлық түркілік философиядан бастау алады және олардың арасында терең рухани сабақтастық бар. Қоғамдағы

сабақтастық адамдар оны сезінсін, мейлі сезінбесін, алдыңғы іс-әрекеттің нәтижелерін кейінгі ұрпақтың мұралануы ретінде қызмет етеді. Мұралану мен қабылдаумен салыстырғанда сабақтастық қоғамдық дамудың бір деңгейінен екіншісіне өту барысында байқалатын адамдардың арасындағы тарихи байланысты білдіреді. Дәстүрлі қазақ мәдениеті тарихи-мәдени тұрғыдан да, рухани тұрғыдан мұраланды.

Мәдени дәстүрлер адамдарды өз халқын, Отанын сезінуге, оларды мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелейді. Отбасында мейірімділік пен ізгілікке баулуды, үлкендердің кішіге, кішінің үлкендерге ілтипатын, еңбек ету дағдыларын қадір тұту, ұлттық мәдениетке үйрету, тарихын құрметтеу, жастарды жігерлікке тәрбиелеу, туған жеріне деген сүйіспеншілік, оны қорғауға дайын болу, эстетикалық талғам мен көркем әдебиетті сақтаудың бәрі мәдени дәстүрлер негізінде орнайды. Әр кезеңде қоғам алға басқан сайын мәдени дәстүр де қалыспай, көнеден жаңаға өтіп отырады [5, 82 б.].

Бірінші кезекте сабақтастық тарихи кеңістік-уақыттың үзілмеуінің көрінісі, бұл орайда тарих пен мәдениеттің жекелеген элементтерінің болуы жүйесінің көпшілік өзге элементтерімен байланыстан тыс және тысқары түрде мүмкін емес. Бұл ақиқат тек уақыт аспектісіне ғана емес, сонымен қатар кеңістіктің уақытпен арадағы өзара үйлесіміне де қатысты. Осы байланысқа қатысты мынадай ой туындайды, тарихи кеңістік-уақыт болмысының айырықша феномені ретінде алынған мәдениеттің өзі гетерогенді құбылысы ретінде көрінеді, бұл оны ішінара, жеке мәдени феномендердің, жекелеген фактілердің, құбылыстар мен оқиғалардың көптігі ретінде ұғынуға мүмкіндік береді.

Мәдени сабақтастығы проблемасының маңызды аспектілерінің бірі мәдениет қызметі субъектілерінің ақпаратты беру-меңгеру бойынша байланысын лайықты деңгейде жүзеге асыруға қабілеттілігі туралы мәселе көлденеңдейді, ол шын мәнінде мәдени сабақтастық феноменінің негізгі мазмұны болып табылады. Әрбір индивидтің, адамдар қауымдастығының, тіпті тұтастай ұрпақтардың өмірі қайталанбайтын тарихи сипаты бар сансыз көптеген жағдайлардың әсерімен жүретіндігі сөзсіз. Сондықтан сол немесе өзге қоғамның немесе уақыттың типтік өкілдерінің қандайда бір жинақталған тарихи-мәдени келбетін жасау мүмкін емес. Сонымен қатар адамзат қауымдастығы өзінің құрылымы жағынан ғана күрделі емес, сонымен бірге мазмұны мен индивидтердің бірлесіп атқаратын функциялары бойынша да күрделі болады, онда бір-біріне қарама-қайшы ағымдар, күштер мен факторлар әрекеті байқалады. Күштердің ықпалын есепке ала отырып, аталған жағдайда, сыртқы фактордың әсерінен мәдениет сабақтастығы тарихи-мәдени болмыстың мүмкіндіктерінің біріне, нақты баламалардың біріне айналады. Ол сол арқылы тараптардан бәсекеге түскен өзге күштердің күшейе түскенін басынан өткере отырып, тарихи шындық болмысының сөзсіз, неғұрлым күшті факторы ретінде өзінің ұстанымын жоғалтады. Бұл арада мәдени сабақтастық өз бетінше өмір сүретін, адамдардың тек эстетикалық мақсаттарға ғана қолданылатын, нақты мағыналық және құндылық-пайдалы мазмұнынан айырылған жылтырауық күйге түсіп, жол-жора күйінде құлдырау қаупін сезінеді. Сабақтастық – түпкі нәтижеге бағдарланған іргелі президенттік саясаттың жарқын көрсеткіші. Бар қазақтың бір қазақ ретінде ұйысуының нәтижесі Мәңгілік ел идеясының жүзеге асуына негіз болары анық. Туған ел – патриотизмнің, отансүйгіштіктің қайнар бұлағы болуы үшін қазақ елінің азаматтары тегіс, әсіресе, қазақтар бай, ауқатты болулары керек. Материалдық мұқтаждықтан ада болған елдің сөзі ғана өтімді болатыны ешкімге құпия емес. Сонымен қатар дәстүр және халық дәстүрінің мәңгілігі ұлттық кодтың сақталуының бірден бір шарты болып табылады. Дәстүр – ауқымды ұғым, қоғам, тіл, тарих, мәдениет, дін және діл – оның құрамдас бөліктері. Ел бірлігі – буындар арасындағы сабақтастық, сабақтастық – мәңгілік ел идеясының өзегі. Осы бағытта отандық ғылымда жаңа түсініктер, ұғымдар пайда болды. Олар: қаны бір қазақ, қазақтың алтын ғасыры, қазақ мемлекеті, мәңгілік ел, қасиетті қазақ даласы, қазақ халқы ұлы тарих иесі, ұлттың генетикалық коды, ел бірлігі, қазақтың бірлігі – шежіре бірлігі [9, 65 б.]

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрадин Гүлхан Болатқызы. Өркениет: дәстүр және сабақтастық. – Алматы: «Қазақ университеті» баспаханасы. -2006. -28 бет.
2. Дәстүрдің мәні мен маңызы / http://dasturkb.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=496:d-st-rdi-m-ni-men-ma-zy&catid=88&Itemid=674
3. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 желтоқсан. – Алматы: Юрист, -2014. -5, 6, 8 бб.
4. Нұрмұратов С. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 5-том. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. -Астана: Аударма. -2006. -516 бет.

5. Мұқажанова А. Мәдени құндылықтар және ұлтаралық қарым-қатынас // Қоғам және Дәуір: ғылыми сараптамалық журнал. -2010. -131 бет.
6. Қабылова Айна Сағатбекқызы. Әбу Наср әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн: тарихи-философиялық сабақтастық. -Алматы. -2010. -40 бет.
7. Мұсаев А. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Алматы: Офсеттік басылым. -2012. -191 бет.
8. Камалова Н.К. Мереке және мәдени сабақтастық // Оңтүстік Қазақстан ғылымы мен білімі журналы. – Шымкент: Альма-матер. – 2006. – 102 бет.
9. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі // «MANGIEL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. Алматы: «Pride Print» баспасы,1998. -108 бет.

**ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ
В ТРАДИЦИОННОМ МИРОВОЗЗРЕНИИ**

А.А. Мұқатаева, О.Қ. Қабул

В статье рассматриваются проблемы воссоздания культурного наследия, культурных ценностей через новое звено преемственности поколений.

HISTORICAL-CULTURAL SUCCESSION IN TRADITIONAL VIEW OF THE WORLD

A.A.Mukataeva, O.K. Kabul

The problems of reconstitution of the cultural heritage and cultural values through intergenerational continuity branch are considered.

УДК: 336 (574)

К.Е. Хасенова, Ш.Е Байдолдина

Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЛАР ЖҮЙЕСІ

Аннотация: Осы мақалада коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлар, индикаторлар анықталған және коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығын бағалаудың әдістемесі қарастырылған.

Түйін сөздер: индикатор, қаржылық тұрақтылық, жүйе, көрсеткіш, бағалау.

Коммерциялық банктердің қаржылық тұрақтылығының теориялық негізін зерттеу практикалық қызметін бағалау ақша-несие институтының жағдайы қаржылық жағынан тұрақты ма сол бойынша тиімді әдістеме құруды қажет етеді. Коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар шегінде жоғары практикалық маңыздылығы болып коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығын бағалаудың сандық және сапалық жағы, олардың тәуекелділікке баруы, экономикалық дағдарысқа қарсы тұра алу қабілеттілігі жатады.

Коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығына ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Сыртқы факторларға: ақша айналысы, сұраныс пен ұсыныс, бәсекелестік, банктік жүйе, инфрақұрылым жатады, ал ішкі факторларға: менеджмент, ішкі бақылау, стратегиялық таңдау, өтімділік, маркетинг, шығынды үнемдеу жатады.

Банктің қаржылық тұрақтылығына әсер ететін факторлардың ең маңыздыларының бірі ақша-несие институтына сенім және экономика субъектілеріне ақша-несие институтының сенімі. Банк сенетін оның контрагенттері, қаржылық ресурстарды қалыптастыруда өзінің ресурстық базасын кең таңдауда толықтыру ыңғайлы болып табылады. Өз кезегінде банк өзінің контрагенттерімен байланысын сенім негізінде құру қажет. Мысалы, экономикалық дағдарыс кезеңінде қаржылық тұрақты банк қандай да бір ірі компанияға несие беруден бас тартады, өйткені оның акционерлеріне сенбейді және басқа себептермен де сенімнің жоқтығы, ал кәсіпорын келешекте берілген несиені қайтаруға тұрақты, бұл жағдай экономикалық дағдарысқа әкеліп соғуы мүмкін бұл, өз кезегінде, банк қызметіне теріс әсерін тигізеді.

Ішкі факторлар, қаржылық тұрақтылыққа жиі әсер ететін шешуші фактор. Дегенмен олардың жіктелуі тұрақтылыққа әсер ету себептері жалпы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуді қарастырады.

Осыған байланысты қаржылық тұрақтылығына әсер ететін келесі факторларды ажыратамыз:

- Стратегия таңдау, даму басымдықтары;
- Банк қызметін сандық және сапалық негізде кеңейтуді қамтамасыз ету;
- Қаржылық ресурстарды пайдалану қабілеті;
- Өтімділік, өз міндеттерін орындау қабілеттілігі;
- Тәуекелділікті басқару;
- Шығындарды үнемдеу;
- Маркетинг және басқару сапасы;
- Заманауи банктік технологияға бағытталып даму, жаңа банктік қызмет көрсетулер мен өнімдер;
- Менеджмент;
- Ішкі бақылау тиімділігі [1].

Бұл факторлардың әрқайсысы: 1) өзіндік ерекше мәні бар; 2) оң немесе теріс әсер етуі мүмкін; 3) басқа факторлармен өзара ықпал ету арқылы несиелік ұйымның қаржылық тұрақтылығына бір мезетте әсер етеді; 4) банктің қаржылық тұрақтылығына жеке әсер етеді; 5) үстем мәнге ие болып, ең қатты әсер етуі мүмкін; 6) объектіге әсер етуіне кері байланысты көрсетуі мүмкін.

Қаржылық тұрақтылық индикаторлар жүйесі мазмұны позициясын тұжырымдау үшін алдымен «жүйе», «индикатор» ұғымдарына тоқталайық. Осы мақсатпен әртүрлі әдебиеттердегі көзқарастарды зерттейміз.

Жалпы жүйе ұғымын барлық объектілер мен ресурстардың бір-бірімен байланысты, бір ортада біртұтас ұйымдастырылатын үдеріс ретінде қарастырады. Жүйе жүйелік талдауда – объектілер мен олардың байланысының жиынтығы, ортадан белгілі бір уақытқа белгілі бір мақсатпен белгіленген.

Экономикалық энциклопедияда «жүйе» ұғымы бір-бірімен байланысты көптеген элементтердің біртұтас тұтастығын құрайды деп қарастырады.

«Жүйе» ұғымына көптеген анықтамалар бар, бірақ экономисттер оларды үш негізгі топқа бөледі. Сонымен И.В. Ларионова бұл ұғымның анықтамасын үш топқа бөледі:

«Бірінші топ» анықтамасы жүйені үдеріс пен құбылыстардың кешені ретінде қарастырады, бұл зерттеушінің қоршаған ортадан жүйені бөліп, оның құрылымын талдап, жұмыс істеу механизмін, одан кейін оған әсер ету арқылы талдайды. Басқаша айтқанда, осы анықтамаларға сәйкес «жүйе» басқару мен зерттеудің объектісі ретінде қарастырылады.

«Екінші топ» анықтамасы «жүйені» үдерістер мен құбылыстарды зерттеудің тәсілі, құралы ретінде қарастырады. Берілген жүйенің мәні зерттеуші алдына белгілі бір мақсат қойып, нақты объектілер ретінде жүйе құрайды. Мұнда макроүлгілер құрылады, жүйе талдауы бөлек элементтер мен үдерістердің микроүлгілерін құрады.

«Үшінші топта» жүйені күрделі ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық міндеттерді шешу үшін құрылған элементтер кешені ретінде қарастырылады. Зерттеуші жүйені ортадан бөліп қана қоймай, сонымен қатар оны қалыптастырып құрады.

Барлық анықтамада «жүйе» ұғымы өзара байланысты элементтерден құрылған тұтас ұғым ретінде қарастырылады. Элементтердің сипаты жүйемен байланысты, ал жүйе оның бөліктерінің сипатынан тұрады.

Біздің зерттеудің объектісі коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштер жүйесімен бағаланатын қалыптасқан индикаторлар болып табылады, жаңадан құрылатын емес қолданыстағы жүйені жетілдіру болып табылады.

Біз қарастырып отырған жүйенің элементі коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығының индикаторлары мен көрсеткіштері болып табылады.

Индикатор ұғымы көбінесе «жалпы экономикалық саясат пен оның нәтижесін бағалау үшін экономикалық және қаржылық дамудың сандық көрсеткіші». Бұл ретте индикаторларды төмендегідей бөлеміз:

- іскерлік циклдің индикаторлары – статистикалық көрсеткіштік жүйесі, экономикалық прогресс үрдісін анықтау мақсатында нарықтық құрылымды сандық жиынтық ретінде сипаттайды;

- экономикалық индикаторлар – негізгі экономикалық көрсеткіш, экономика дамуының үрдісін көрсетеді;

- қаржылық индикаторлар – құндық көрсеткіштер, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер.

Осылайша, көптеген экономистер қаржылық тұрақтылықты бағалау бойынша зерттеу кезінде «индикатор» және «көрсеткіш» ұғымдары арасына шектеу қоймайды. Тек Никонова И.А. олардың бірнеше айырмашылықтарын көрсетті «базалық индикаторлар» деп түсіндірді, олар:

- банк тұрақтылығын сандық және сапалық жағынан өлшейтін, талдайтын құрал;
- тұрақтылықты сақтау мақсатында практикалық іс-әрекеттердің сипаттамасы;
- банктік менеджмент элементі, тәуекелділікті басқаруды, соңында банктің тұрақтылығына және бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді.

Бұл ретте Никонова И.А. «индикаторларды талдауда көрсеткіштер сандық мәнде болжам ұсынады» деп санайды [2].

Біздің ойымызша, индикаторлар – бұл коммерциялық банктің сол немесе өзге қаржылық тұрақтылық көрсеткішін банктің қаржылық қызметінде жүргізілген жұмыстардың сандық мәнін көрсетеді. Банк менеджментінде қолданылатын бұл құрал тиімді болып табылады, мұның көмегімен басқару шешімдері қабылданады, соған сәйкес шаралардың жүргізілуі жүзеге асырылады. Бұл сала арқылы қаржылық ресурстардың үйлесімі коммерциялық банктің үзіліссіз қызметін қамтамасыз етеді және экономикада өзінің мақсатын орындайды.

Банктің қаржылық тұрақтылығы кәсіпорын ретінде басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысымен ортақ қызмет атқарады, өте сапалы қызмет көрсетеді, қоғамдық қажеттіліктерге қаржылық қатынастармен байланысты кеңейтілген өндірісті жүзеге асырады. Әрбір банк өзінің қаржы ресурстары жеткілікті деңгейде, жалпы ішкі өнімді қайта бөлу үдерісінде банк тұрақты деп қарастырылады, егер жалпы өнімді қайта бөлу үдерісі нәтижесінде ресурстардың тұрақты болуы. Бұл ресурстарға: меншікті капитал, меншікті айналым капиталы, пайда, әртүрлі деңгейдегі резервтер және қорлар. Қаржылық ресурстарды пайдалану, бөлу, қайта бөлу қызметтерін орындауда тұрақты түрде жүзеге асыруында банкті тұрақты деп санауға болады.

Коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығы – бұл банктің қаржылық ресурстарының көбеюі, сонымен қатар басқа экономикалық субъектілерінің қаржылық ресурстарымен байланысты операцияларды жүзеге асыруы. Коммерциялық банктің басқа кәсіпорындарға қызмет көрсетуінің табысты болуы, оның клиенттерінің тұрақты болуымен ғана емес сонымен қатар банктің де тұрақтылығымен байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біздің ойымызша, ақша-несие институтының қаржылық тұрақтылығын кең және тар мағынада қарастыру әдістемелік тұрғыда орынды орынды болып табылады.

Коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығы тар мағынада – несиелік ұйымның сыртқы ортаның әсер етуінен еркін түрде қаржылық ресурстарын басқаруы, банктің сандық және сапалық көрсеткіштерін жоғарылата отырып қызметін үзіліссіз жүзеге асыруы.

Коммерциялық банк тұрақтылығы кең мағынада – несиелік ұйымның қызмет көрсету негізінде экономикада ақша айналысы үдерісіне делдалдық етуі, қызметін атқару барысында үзіліссіз үдерісті жүзеге асыруда қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану, сонымен қатар экономикада ішкі және сыртқы факторлардың ықпал етуімен өзінің қызметін орындау қабілеті.

Осылайша, қаржылық тұрақтылық – бұл банк қызметі сапасының негізгі сипаттамасы, банк қызметін атқару нәтижесінің әртүрлі мақсатты тараптардың жиынтығымен анықталады. Мысалы, клиенттер банктің жоғары дәрежелі сенімділігімен банк қызметінің арзан, бірақ жоғары сапалы өнімдер мен қызметтер алуды көздейді, инвесторлар мен акционерлер нарықтық бағаның өсуіне қызығушылық танытады, менеджмент – табыс алу барысында ұзақмерзімді бәсекеге қабілеттілігі, кредиторлар мен салымшылардың құқығын қорғауда мемлекеттік қадағалау және реттеу ұйымы жүзеге асырады, жалпы экономикалық қажеттіліктерді қамтамасыз ету коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығына байланысты. Сондықтан жоғарыда көрсетілген тараптар банк қызметінің нәтижесіне оң да теріс те әсер етеді.

Мысалы, қаржылық ресурстардың үнемі жетіспеуінің, қаржылық операциялардың дұрыс болмауының, менеджменттегі жемқорлықтың салдарынан катастрофиялық жағдай орын алуы мүмкін, тіпті ұлттық және ғаламдық дағдарысқа, экономикалық диспропорцияға және әлеуметтік жарылысқа әкелуі мүмкін. Осылайша, банктің қаржылық тұрақтылығы мемлекет жауапкершілігінің саласы да болып табылады.

Қаржылық тұрақтылықтың шегін анықтау өте маңызды экономикалық мәселеге жатады, қаржылық тұрақсыздық коммерциялық банктің төлемқабілетсіздігіне алып келуі мүмкін, оның қызметін жүргізу үшін қаржылық құралдардың жетіспеуі, соңында банкроттыққа ұшырауы мүмкін, ал пайдаланылмайтын артық қаржылық ресурстар банктің әрі қарай дамуына кедергі жасайды, артық резервтермен қызметін жүзеге асыруда несиелік ұйымның қаржылық тұрақтылығына кері әсерін тигізеді. Зерттеуіміздің үшінші бөлімінде коммерциялық банктер үшін қаржылық тұрақтылықтың шекаралары анықталған. Бұл коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығының шекаралары индикаторлар жиынтығымен анықталады, оның шектен шығуы банктің қаржылық тұрақтылығының төмендеуіне әкеп соғады [3].

Бағалау субъектісі – бұл жеке немесе заңды тұлға, қаржылық тұрақтылықтың жағдайы туралы мәліметтерге мүдделі тұлғалар, индикаторлар мен көрсеткіштер жиынтығын сәйкестендіруді жүзеге асырады. Бұл қадағалау органдары, жалпы банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығына жауап береді, рейтингтік агенттіктер, банк клиенттері мен инвесторларға банктің рейтингісі туралы ақпарат береді; аудиторлық ұйымдар, қаржылық (бухгалтерлік) есептің нақтылығын растайды, банк-серіктестер, өзара корреспонденттік байланыс орнатқан және өзара банкаралық несиелендірудің лимитін ашады, банк клиенттері, сапалы өнім мен қызмет көрсетуге мүдделі, сонымен қатар банк қызметкері. Сонымен бірге бағалау субъектілері банк тұрақтылығын сәйкестендіруді әртүрлі деңгейде жүзеге асырады, бұған сәйкес көрсеткіштер жиынтығы да әртүрлі, субъект ол бойынша банк тұрақтылығының деңгейін анықтайды,

бағалаудың әр субъектісі бағалаудың өз әдістемесін әзірлейді – индикаторлар және көрсеткіштер жүйесін бағалаудың мақсатымен және ақпараттың кеңдігімен анықталады.

Банктің қаржылық жағдайы туралы толық ақпаратты әрине банктің өзіне ғана мәлім, тұрақтылықты басқару туралы ақпарат сонымен қатар қадағалаушы органға мәлім. Дегенмен қазіргі кезде қадағалаушы органдар банктің тұрақтылығын ғана бағалап қоймай, жалпы банктің жалпы экономикалық жағдайды ескере отырып ақша-несие институтының салымдарды сақтандыру жүйесінде шешім қабылдауға ықпал етеді, демек баға беруде қадағалаушы органның мақсатты бағдарланады және сенімділік дәрежесі бойынша сараптау нәтижесін жариялауға тыйым салынған.

Елімізде рейтингтік агенттіктер коммерциялық банктің тұрақтылығын бағалау бойынша келесідей сарапталады: меншікті капиталдың мөлшеріне, активтердің мөлшеріне және капиталдың жеткіліктілігіне қарай талданады.

Коммерциялық банк тұрақтылығының индикаторлар жүйесінің келесі элементі – бұл бағалау объектісі.

Бағалау объектісі банктің қаржылық тұрақтылығы ресурстарды пайдалану және нәтижелерінің сипаттамасы, сондай-ақ оларды пайдалану тиімділігі болып табылады. Қаржылық тұрақтылықта банктің қаржылық қызметінің сапалық белгілері көрсетіледі. Бұл біруақыттағы жағдайды көрсетпейді, ал қаржылық жағдай мен қаржылық айналым сапасы банк қызметінің қаржылық нәтижесін көрсетеді.

Коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін бағалаудың әр алуан түрі қолданылады, қаржылық тұрақтылық дәрежесін көрсету үшін белгілі бір субъектіні бағалау тәсілі анықталады. Практикада бұл тәсілдер нысандандырылған және нысандандырылмаған түрде болады.

Жалпы бағалаудың нысандандырылған түріне рейтингтік бағалау жүйесі (CAMELS, RATE) және банктерге қойылатын ұпайларды жатқызамыз. Қазіргі кезде рейтинг пен ұпайлар қаржылық тұрақтылықтың жиынтық көрсеткіштерінің есебін көрсетеді. Әрбір компонент қаржылық тұрақтылықтың рейтингісін көрсететін бұл есептің орташа шамасы болып анықталады. Жиынтық бағалаудың үдерісі рейтинг пен ұпайларды есептеудің белгілі әдістемесімен анықталады.

Банктің қарқынды, тұрақты өсуі үшін келесі сұрақтар өзекті болып табылады: банктің қаржылық тұрақтылығын қалай сәйкестендіруге болады, қандай сапалық және сандық көрсеткіштерді ұсынуға болады?

Банктің банкрот болуы ішкі себептерге тығыз байланысты, яғни, несиелік, нарықтық тәуекелдіктер, өйткені қаржылық тұрақтылықтың төмендеуі жеке тәуекелділік деңгейін басқаруда теріс нәтиже көрсетеді және тәуекелділікті басқарудың теріс салдарының сандық жиынтығын көрсетеді [4].

Сонымен қатар, банктің қаржылық жағдайының барлық сандық көрсеткіштері тәуекелділікті теріс басқарудың ықпалымен банктің банкротқа ұшырауына әсер етпейді. Қандай көрсеткіштер мен индикаторлар банктің қаржылық тұрақтылығын көрсетеді?

Банк қызметіндегі мәселелердің себебін, бірінші ретті белгілерін көрсететін сақтандыру индикаторларын келесідей топқа бөлеміз.

Кесте 1. Коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығын көрсететін индикаторлардың түрлері

Алдын-ала көрсететін индикаторлар	Кешіктірілген индикаторлар
қаржылық тұрақтылық шегінен шықпай оны басшылардың есептеп оны жоюы	клиенттің төлемдері бойынша картотеканың болуы
корреспонденттік шот бойынша төлемдердің кешігуі	банктің міндетті нормативті динамикасының төмендеуі (норматив деңгейі белгіленген деңгейде болса)
банктің міндетті нормативті динамикасының төмендеуі (оны орындау шарты бойынша)	активтер сапасының төмендеуі
тоқсан бойынша есепте шығынға ұшырау	несиелендіру деңгейінің төмендеуі
тоқсан бойынша пайдалануға дейін қалдықтардың тербелуі	шығынға ұшырау, пайда динамикасының көрсеткішінің төмендеуі
ЛОРО шоттар бойынша қаражаттар айналымы	несиелік ұйымның балансындағы табыс әкелетін активтер үлесінің төмендеуі;

Жоғарыда көрсетілген индикаторлар тобын қолдану, коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығын нығайтудың бағыты болып табылады, осылайша басқарушыға мәселенің бастапқы кезеңінде шара қолдануға, үдерісті анықтауға, қаржылық тұрақтылыққа теріс әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Коммерциялық банк қызметінің көпжақтылығын және көп өлшемділігін ескере отырып, белгілі бір көрсеткіш нәтижесін көрсету оңай емес әрине. Сондықтан банктің қаржылық тұрақтылығын бағалауда алдын-алу индикаторларын көрсеткеннен кейін, әрине, маңызды көрсеткішті көрсетуіміз қажет.

Коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығының индикаторлары жүйесін талдауда өзара байланысты көрсеткіштердің кешенді әдістемесі негізінде несиелік ұйымның қаржылық тұрақтылығын анықтаудың қажеттілігін негіздейді.

Әдістемелер негізін құрайтын мақсатты элемент ретінде көрсетіледі:

- коммерциялық банк қызметінде оңтайландырылған үлгі, коммерциялық банктің барынша мүмкін болатын қаржылық нәтижесі, қаржылық ресурстарды басқаруда стратегиялық таңдаудың, активтер мен пассивтердің оңтайландырылған құрылымы.

- экономикалық үлгі, коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығының индикаторын құруды болжауда, осы және басқа уақыт интервалында коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығын анықтау [5].

Сонымен коммерциялық банктің қаржылық тұрақтылығы банктің қаржылық ресурстарының көбеюімен қалыптасады және басқа экономикалық субъектілердің қаржылық ресурстарының өсуіне ықпал етеді, сондықтан қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін әзірлеуде банк қызметі қоғам мен банктің өз қызығушылығына жауап бере алуы қажет. Демек, несиелік ұйымның қаржылық тұрақтылығының сапасы қойылған мақсаттарға қол жеткізумен байланысты анықталады. Сонымен қатар банктік қызметке мына мақсаттардың жиынтығы болуы шарт: банк құнын барынша көбейту, банк өнімі мен қызметін қолданушылардың талаптарын орындауда тепе-теңдікті сақтау, өзгеріп отыратын қоршаған ортада «өмір сүру». Берілген мақсаттар жүйесінде негізгісін белгілесек, ол қаржылық нәтижені арттыру, яғни берілген мақсатқа жету несиелік ұйымның тұрақты дамуының шарты болып табылады.

Әдебиет

1. Лаврушин О.И., Мамонова И.Д. Банковское дело. /М., КНОРУС, 2010. – 576 с.
2. Никонова И.А., Шамгунов Р.Н. Стратегия и стоимость коммерческого банка. /М., Дело и Сервис, 2011. - 304 с.
3. Бобрик М.А. Совершенствование системы индикаторов финансовой устойчивости коммерческих банков. Диссертация на соискание ученой степени кандидата экономических наук. М., 2011 // [Электронный ресурс]. disserCat<http://www.dissercat.com/content/sovershenstvovanie-sistemy-indikatorov-finansovoi-ustoiчивosti-kommercheskikh-bankov>
4. Тимофеева З.А. Оценка финансовой устойчивости коммерческих банков надзорными органами. Диссертация на соискание ученой степени кандидата экономических наук. М., 2002 // [Электронный ресурс]. disserCat<http://www.dissercat.com/content/otsenka-finansovoi-ustoiчивosti-kommercheskikh-bankov-nadzornymi-organami>
5. Кузнецова Е.С. Инструменты управления финансовой устойчивостью коммерческого банка. Диссертация на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Астрахань, 2002 // [Электронный ресурс]. disserCat<http://www.dissercat.com/content/instrumenty-upravleniya-finansovoi-ustoiчивostyu-kommercheskogo-banka>

СИСТЕМА ИНДИКАТОРОВ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ К.Е. Хасенова, Ш.Е. Байдолдина

В данной статье выявлено влияние факторов и индикаторов на финансовую устойчивость методологию оценки финансовой устойчивости коммерческих банков.

THE SYSTEM OF INDICATORS OF FINANCIAL STABILITY OF COMMERCIAL BANKS

K.E. Khasenova, Sh.Baidoldina

In the article identified the influence of factors and indicators on the financial stability of commercial banks and a methodology for assessing the financial stability of commercial banks.

УДК: 336 (574)

К.М. Жазыбаев, К.Е. Хасенова

Государственный университет имени Шакарима города Семей

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ

Аннотация: В статье рассмотрены стадии развития системы управления рисками и внедрение риск-менеджмента в деятельность компании.

Ключевые слова: инвестиция, риск-менеджмент, корпоративная система управления рисками, ISO 31000:2009.

Риски - неперемнная составляющая операционной деятельности производства, а управление рисками должно являться частью той масштабной работы, которую сегодня следует проводить любом производстве. Компании, которым не удается наладить процесс управления рисками, сталкиваются с разными видами их проявления. Например, непредвиденные и часто весьма значительные финансовые потери приводят к колебаниям денежных потоков и курсов акций, что подрывает деловую репутацию фирмы в глазах клиентов, сотрудников и инвесторов.

После серии экономических и политических кризисов, произошедших в последнее время, в некоторых отраслях производства компании уже активно инвестируют средства в развитие эффективных процессов управления рисками. Например, по результатам исследования компании KPMG и журнала The economist в 2010 году более чем в половине компаний, участвующих в обследовании, существует система управления рисками. Причем в более 40% компаний действует устойчивая развитая система управления рисками. Примерно 36% компаний приступили к разработке систем управления рисками. И лишь в 3 % компаний система управления рисками отсутствует и не предпринимается никаких инициатив по ее внедрению (рис.1).

Если сравнивать по различным секторам экономики то можно увидеть, что в финансовом секторе система управления рисками (СУР), как правило, находится на более высоком уровне зрелости (рис.2). Производственным компаниям еще далеко до продвинутого уровня развития СУР, когда функции управления рисками встроены во все бизнес-процессы и принятие решений осуществляется с учетом рисков.

Следует отметить, что риск-менеджмент как самостоятельное явление возник в 70-е годы XX века. За период своего существования он значительно расширил круг изучаемых проблем: если при своем зарождении риск-менеджмент рассматривал в основном вопросы анализа технических рисков, а впоследствии — управление финансовыми инвестициями и проблемами банкротства, то в настоящее время он включает практически все направления и аспекты управления рисками организации: анализ, оценку, предупреждение и снижение всех видов возникающих рисков и возможных ближайших и отдалённых последствий реализации данных рисков.

В результате анализа данных годовых и ежеквартальных отчётов, внутренних нормативных документов предприятий, включая политики и положения об управлении рисками, а также декларируемых стратегических приоритетов и принципов устойчивого развития, авторы [1] сделали вывод о степени интегрированности риск-менеджмента в систему их организационного управления.

Система управления рисками рассмотренных в таблице, согласно проведенному сравнительному анализу материалов, представленных на официальных сайтах компаний, различается по степени своей зрелости. При этом, можно сделать следующие обобщающие выводы [2]:

- руководство рассмотренных компаний признает наличие разного рода рисков, оказывающих заметное влияние на деятельность организаций;
- в ряде крупнейших казахстанских компаний используются определенные меры минимизации негативного воздействия рисков на функционирование предприятий;

- почти все компании имеют систему управления рисками, находящуюся на разных стадиях своего развития;
- во всех компаниях проводятся анализ, оценка и учет факторов риска в значимых сферах деятельности;
- управление рисками как единый процесс включает ключевые этапы или процедуры: идентификация, оценка, реагирование, контроль, мониторинг;



Рисунок 1 - Стадии развития системы управления рисками в компаниях (по материалам исследования KPMG и журнала The economist, 2010 г.)




Рисунок 2 – Уровень развития управления рисками в секторах экономики (по материалам исследования KPMG и журнала The economist, 2010 г.)

- в настоящее время, в ряде крупных компаний происходит формирование единой СУР как неотъемлемой части системы организационного управления и наметилась тенденция интеграции СУР с другими управленческими системами;

- в ряде компаний управление рисками является функцией конкретного органа управления или специального подразделения;
- управление рисками рассматривается в контексте повышения качества управленческих решений [3].

Все вышеизложенное позволяет сделать вывод, что с момента исследования, проведенного KPMG и журналом The economist, ситуация с внедрением риск-менеджмента на казахстанских компаниях изменилась в лучшую сторону. При этом, в настоящее время, процесс управления рисками (или риск-менеджмент) производственными компаниями при принятии ими управленческих решений представляет собой целенаправленную деятельность, которая стремится к планомерной организованности.

Постепенное внедрение риск-менеджмента в деятельность предприятий привело к необходимости стандартизации процесса СУР и разработки соответствующих регламентирующих документов. Подобные работы успешно проводятся в ряде стран, а также поддерживаются некоторыми международными отраслевыми союзами и организациями (табл. 1). Так, с 1997 г. В Канаде действуют Руководящие указания по принятию решений при управлении риском (CSA Q 850:1997 - Risk Management Guidelines for Decision Makers). В Японии - Руководящие указания по разработке и внедрению системы риск-менеджмента действуют с 2001 г. (JIS Q 2001:2001 - Guidelines for development and implementation of risk management system). В последующие годы национальные стандарты риск-менеджмента были введены также Австралией, Новой Зеландией, Австрией [4].

Таблица 1 - Стандарты управления рисками

Стандарты национальных органов стандартизации	Стандарты профессиональных объединений	Международные стандарты
CSA Q 850:1997 Risk Management Guidelines for Decision Makers (Канада)	Standard COSO (2004) Enterprise Risk Management (ERM) - Integrated Framework (2004) Разработчик: Комитет спонсорских организаций Комиссии Тредвей (COSO) (США, Канада, PricewaterhouseCoopers LLP)	ISO 31000:2009 Risk management - Principles and guidelines Разработчик: Международная организация по стандартизации ISO (International Organization for Standardization)
JIS Q 2001:2001 Guidelines for development and implementation of risk management system. (Япония)	A Risk Management Standard (2002) Разработчик: Федерация европейских ассоциаций риск-менеджеров (FERMA)	
AS/NZS 4360:2004 Risk Management standard (Австралия/Новая Зеландия) ONR 49001:2008 06 01 Risk management for organizations and systems — Elements of the risk management Systems (Австрия)		

Аналогичная работа международных организаций по регламентации функции риск-менеджмента предприятий завершилась принятием таких документов как:

- Регламент управления риском (A Risk Management Standard (FERMA) Федерация европейских ассоциаций риск-менеджеров);
- Стандарты COSO (Комитета спонсорских организаций) «Интегрированные системы управления риском на предприятиях», 2004 г.;
- Стандарты Международной организации по стандартизации серии ISO 31000 Менеджмент риска (2009 г.).

Стандарт «Управление рисками организаций. Интегрированная модель», разработанный Комитетом спонсорских организаций комиссии Тредвей (Committee of Sponsoring Organizations of the

Treadway Commission, COSO), представляет собой концептуальные основы управления рисками организаций и дает подробные рекомендации по созданию корпоративной системы управления рисками в рамках организации [5].

Стандартом Федерации европейских ассоциаций риск-менеджеров (FERMA) риск-менеджмент рассматривается как центральная часть стратегического управления организацией, задачей которой является идентификация рисков и управление ими. При этом отмечается, что риск-менеджмент как единая система управления рисками должна включать в себя программу контроля над выполнением поставленных задач, оценку эффективности проводимых мероприятий, а также систему поощрения на всех уровнях организации.

Стандартом выделяются четыре группы рисков организации - стратегические, операционные и финансовые риски, а также опасности. Кроме того, в документе приведены:

1. Краткая характеристика ключевых стадий процесса риск-менеджмента, в рамках которой обращает на себя внимание подробное описание требований к детализации информации в отчетах о рисках в зависимости от потребителя данной информации (среди потребителей внутренних отчетов - Совет директоров компании, ее отдельная структурная единица, конкретный сотрудник организации; внешних отчетов - внешние контрагенты организации);

2. Описание организационной структуры управления риском (Совет директоров - Структурная единица - Риск-менеджер), а также основных требований к разработке нормативных документов в области риск-менеджмента на корпоративном уровне (Программа по управлению риском организации).

В рамках Международной организации по стандартизации разработаны и действуют стандарты, рассматривающие отдельные аспекты управления риском по ряду направлений деятельности, например, в сфере эксплуатации промышленного и медицинского оборудования и другие.

В 2002 г., в целях унификации терминологии в области управления риском, в том числе и при разработке стандартов на различных уровнях, вступило в силу Руководство ИСО/МЭК 73:2002 «Менеджмент риска. Термины и определения» (ISO/IEC Guide 73 «Risk Management Vocabulary Guidelines for use in standards»).

Следующим уровнем развития стандартизации в области риск-менеджмента является подготовка общего стандарта ИСО в области управления рисками - стандарта ИСО 31000 «Риск-менеджмент - Принципы и руководства по применению» (Risk Management - Principles and guidelines on implementation), разработку которого осуществляла Рабочая группа по стандартизации в области риск-менеджмента (состоит из представителей национальных органов по стандартизации 26 стран).

За основу при подготовке стандарта разработчиками был принят стандарт Австралии и Новой Зеландии, о чем, в частности, свидетельствует схожесть использованного подхода к определению и описанию процесса риск-менеджмента и его отдельных составляющих. Вместе с тем существуют и некоторые отличия. Например, проектом стандарта ИСО 31000 стадии «Идентификация риска», «Анализа риска», а также «Оценивание риска» рассматриваются не самостоятельно, а в качестве составляющих стадии «Оценка риска». Кроме того, отдельным образом подчеркивается необходимость документирования процесса управления риском с учетом выгод повторного использования накопленной информации для целей управления, оценки затрат на создание и хранение документов и ряда других факторов.

Таким образом, завершая рассмотрение основных аспектов риск-менеджмента отметим, что современная концепция формирования и развития систем управления рисками промышленных предприятий заключается в обеспечении устойчивого положения предприятия во времени, а также его нахождения в пределах установленных границ экономических показателей с минимальным объемом привлеченных для этого дополнительных ресурсов, на основе формирования и развития всего комплекса элементов системы управления рисками [6].

ЛИТЕРАТУРА

1. Поляева О. Н. Специфика развития системы риск-менеджмента в современных коммерческих структурах [Текст] / О.Н.Поляева // Вестник научно-технического развития. -№ 11 (39), 2010. -С. 38-51.
2. Панкратьева Е.А. Совершенствование методики оценки инвестиционного риска. Автореферат на соискание степени канд. экон. наук по специальности 08.00.05 «Экономика и управление народным хозяйством» - Иркутск, 1998. – С. 64 // Научная электронная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat

- <http://www.dissercat.com/content/sovershenstvovanie-podkhodov-k-otsenke-riskov-investitsionnykh-proektov-v-promyshlennosti#ixzz4XT9eBdlq/>
3. Николова Л.В. Управление риск-факторами инвестиционных проектов. Автореферат на соискание степени канд. экон. наук по специальности 08.00.05 «Экономика и управление народным хозяйством» - С-П, 2004. – С. 125 // Научная электронная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat <http://www.dissercat.com/content/upravlenie-risk-faktorami-investitsionnykh-proektov#ixzz4XTCT327U>
 4. Чернова И.И. Совершенствование подходов к оценке рисков инвестиционных проектов в промышленности. Автореферат на соискание степени канд. экон. наук по специальности 08.00.05 «Экономика и управление народным хозяйством» - Пенза, 2009. – С. 154. // Научная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat <http://www.dissercat.com/content/sovershenstvovanie-podkhodov-k-otsenke-riskov-investitsionnykh-proektov-v-promyshlennosti#ixzz4XT9eBdlq/>
 5. Enterprise Risk Management – Integrated Framework Executive Summary.-Committee of Sponsoring Organization of the Treadway Commission (COSO), 2004
 6. Имамов Р.Р. Основные аспекты современного риск-менеджмента [Текст] / Р.Р.Имамов // Высшая школа: научно-практический журнал. № 10, 2015. - С. 9-14. ISSN 2409-1677.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТЕУЕКЕЛДІ БАСҚАРУДАҒЫ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ **К.М. Жазыбаев, К.Е. Хасенова**

Мақалада компания қызметінің тәуекел-менеджментін енгізу және тәуекелдерді басқару жүйесін дамытудың кезеңдері қарастырылған.

INTERNATIONAL EXPERIENCE IN RISK MANAGEMENT OF CAPITAL INVESTMENT PROJECTS **К.М. Zhazybaev, К.Е. Khasenova**

The stages of system development of risk management and adoption of risk management in company activities are reviewed in the article.

ӘОЖ: 351.71

Ж. Р. Жолдаспеков, Г.С.Кушуков, Г.Т. Самиева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ**

Аннотация: Берілген мақалада ҚР мемлекеттік басқару жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу мәселелері және дамыту болашағы туралы ұсынылған.

Кілт сөздер: мемлекет, ақпарат, технология, электронды, үкімет, жүйе, басқару, халық, қоғам, қызмет.

Адамзат өркениетінің қазіргі заманғы дамуы ғылыми-техникалық революцияның тағы да бір кезеңі – адамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларына оның өмірін өзгертіп, ақпараттық қоғам, жоғары әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамыған қоғамға көшуінің тұғырын және материалдық базасын құрайтын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізумен сипатталады.

Канада, Корея, Малайзия, Сингапур, АҚШ сынды алдыңғы қатарлы мемлекеттердің көбінде жалпы қоғамда, сондай-ақ қызметтің жекелеген салаларында ақпараттық даму стратегиялары немесе кешендік бағдарламалар әзірленді және іске асырылуда.

Посткеңестік кеңістікте құрылған мемлекеттер де осы қатарда. Мәселен, ақпараттандыру саласындағы Ресей Федерациясының мемлекеттік ақпараттық саясаты мен Беларусь Республикасының мемлекеттік саясатының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаты дамудың жаңа

кезеңіне көші, яғни ақпараттық қоғамды құру және әлемдік ақпараттық қауымдастыққа ену болып табылады.

Әкімшілік реформалардың катализаторы және құралы ретінде қарастырылуы тиіс ақпараттық технологиялар тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құрудың негізгі жолдарының бірі болып белгіленген. Ақпараттық технологияларды мемлекеттік органдардың барлық деңгейінде қолдану бақылау мәселелерін ретке келтіруді қамтамасыз етеді, бизнес –үдерістердің және деректердің қайталануын жібермейді, нәтижесінде бюджеттік қаражат шығынын қысқартуға және халыққа көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды. Қазіргі уақытта халықпен және бизнеспен мемлекеттің диалогының және кері байланысының механизмі құрылды. Барлық мемлекеттік органдармен азаматтар мен бизнес үшін ақпаратты қамтитын интернет-ресурстар құрылды[1].

Заңды түрде мүгедектер үшін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар бекітілді. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарындағы ақпараттардың толықтығы мен сапасына бағалау жүргізілуде.

«Электрондық үкімет» порталында «Виртуалдық қабылдау» қызметі іске асырылған, онда азаматтар мемлекеттік органдарға тікелей хабарласады.

Одан басқа, Мемлекеттік органдар және Үкіметтің бірінші басшыларының блогтары жұмыс істейді, онда әрбір азамат өздерінің түсіндірмелерін қалдырып, қызықтыратын сұрақтарын қоя алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің ресми интернет-ресурсында «Бизнесі Президенттік қорғау» арнайы тарауы құрылған.

Сонымен қатар, «электрондық үкімет» порталында Үкімет мүшелерінің және билік органдары өкілдерінің қатысуымен интернет-конференция жиі өткізіледі. Осындай конференцияларда азаматтар интерактивті режимде өздерінің сұрақтарына жауаптарды алады.

Билік пен бұқараның байланысы арасындағы жаңа әдіс – электронды байланыс болуы заңды да. Соңғы жылдары дамыған әлем елдерінің озық технологиялар саласындағы жетістіктері мен прогрессивті қадамдары билік пен қоғам арасындағы байланыстың жаңаша инновациялық форматтарын дүниеге әкелді. Десек те, билік тарапынан электронды демократия орнатудың көптеген проблемалары күн тәртібінде тұрады. Ал, көне замандардан, Демокрит дәуірінен билікті қарапайым халықтың бақылай, қадағалай алуы жайлы демократиялық құндылықтар қашан да қай заманда болмасын шешімі табылмаған күрделі мәселе күйінде қалып отыр. Әлем елдерінде биліктің қоғам мен байланысында ең үздік үлгі мынау дерліктей дайын модель жоқ.

Қазақстанда «электронды үкіметті» енгізу бағдарламасының негізгі идеясы мемлекеттік ақпараттық технологияларды басқару саналады. Электронды үкіметтің стратегиялық мақсаты азаматтардың мүдделері негізінде мемлекеттік мәселелердің жүзеге асуына ықпал ету, мемлекеттік басқару процесіне белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі ішкі және сыртқы қарым-қатынасты ақпараттық коммуникативтік технология және желілік инфрақұрылым негізінде трансформациялау саналады. Бұл халыққа мемлекеттік қызмет көрсету процесінің белсенділігін арттыру, барлық азаматтардың билікпен қатынасын жетілдіру. Аталған мәселе мемлекеттік қызметті реформалауда өзекті болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы экономикалық өркендеу – ақпараттық қоғамның қалыптасуына, дамушы мемлекеттер қатарына қосылуына, ақпараттық технологияның дамуына өз ықпалын тигізеді. Азаматтардың толыққанды ақпарат алуына шектеу қоймау басты талап саналады. Ақпарат пен білім әр адамға қолжетімді болу керек. Мемлекеттік ақпараттық саясаттың қабылдануы демократиялық құндылықтар мен теңдікке, сандық теңсіздіктерге тосқауыл қоюға, әлемдік ұйымдармен араласуға жол ашады. Ақпараттық жүйе – телекоммуникация, ақпараттық технология, өнім мен қызмет, мобильді байланыс нарықтың дамуына, мемлекеттік басқару мен банктік жүйенің қалыптасуына, ақпараттық-коммуникациялық ортаның дамуына үлес қосады. Жаһандық ақпараттық инфрақұрылыммен байланыс орнатуға негіз болады. Мемлекет саясатының ашықтығы мен өркендеуінің басты айқын құралы азаматтардың қоғам үшін маңызды ақпаратты жеңіл әрі тез алуы болып табылады. Азаматтардың еркін ақпарат алуы демократиялық мемлекеттің бірден бір көрінісі. Ақпараттық саясат қоғам үшін өзекті мәселелердің түйінін табуға қарапайым азаматтардың атсалысуына, өз пікірін еркін жеткізе алуына атсалысып, азаматтардың ақпаратқа қолжетімдігін анықтайды. Әйтсе де, зерттеуші-ғалымдар электронды үкімет енгізудегі мәселелерге назар аударады. Ақпараттық жүйенің әр түрлі мемлекеттік құрылымдармен байланысы, келісімі жоқтығы аңғарылады. Бұл мәселе дамушы мемлекеттерде көтеріліп, соңында түрлі жүйені біріктіру үшін қосымша қаражат қажет болды. Біздің мемлекетте бұл мәселе әр түрлі деңгейдегі басшылықтың ақпараттық жүйемен жұмыс істеуге дайын емес болғандықтан әлдеқайда

күрделі. Соның айқын дәлелі кейбір мемлекеттік органдарда ескі дәстүр бойынша, интернетке қосылу үшін қосымша қаражат қарастырмаған.

Қоғамдық кеңістікте электронды үкіметтің дамуы мен қалыптасуына кедергі болатын жайттар бар. Технология кеңістігінде технология құрылымының, қолданып отырған тәсілдердің департаменттер мен түрлі деңгейдегі билік арасында бірігіп қолдануда кедергілер кездеседі. Экономикалық кеңістікте реттеуші механизмдерге, қаржылық модельдерге сонымен қатар ретке келтірілмеген қаржылық төлемдер электронды үкімет жұмысына кері әсерін тигізери анық.

«Электронды үкімет» енгізудің саяси аспектілерін талдаған зерттеушілердің бірі Е. Алияровтың пікірінше, ақпараттық қоғамға көшу, «электронды үкіметті» енгізу саяси өмірге Интернеттің енуінен көрініс табады. Бұл процесі екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: Бірінші кезең – Интернетті саяси мақсатта қолдануды – ақпараттық деп атасақ болады. Екінші кезең – саяси процеске электронды үкіметтің енуі, қоғам мен мемлекет арасында кері байланыс орнауымен байқалады. Нақ осы кері байланыс туындаған мәселені шешуге, саяси жүйеге серпін береді [2].

Бірінші кезеңде саяси ақпарат Интернетке орналастырылады. Көбіне бұл саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің, жеке саяси лидерлердің газет сайттары мен журналдар, сонымен қатар электронды басылымдары мен сараптау және зерттеу ұйымдары.

Қазақстандағы «электронды үкімет» жобасының таяу болашағын қалай бағалайсыз? деген сұрақтар қойылды. Ақпараттық қоғамда азаматтық қоғам мен мемлекет, тура және өкілетті демократия арасындағы байланысты тасымалдау механизмінің қандай болу керектігі де әлі де шешімі табыла қоймаған проблема болып отыр. Интернеттің бұқаралық саяси коммуникация құралы ретінде азаматтардың электоральдық мінез-құлқына әсерін де бір жақты бағалауға болмайды. Ақпараттық қоғамда демократияның қай түрі қалыптасатындығы саяси сарапшылар үшін әзірге беймәлім. Міне, осылайша, бүкіл әлемде, сондай-ақ, Қазақстанда да ақпараттық технологиялардың дамуы демократия теориясында қызу пікірталас тудырып отыр. Қазақстанда «э-үкімет» жобасын дамыту үшін тұтас алғанда, елдегі Интернеттің дамуына инвестиция тартылып, кәсіби мамандар мен мемлекет тарапынан қолдаулар қажеттігін күн тәртібіне қоюда; Отандық Интернет пайдаланушыларының саны ұлғайғанымен, доменнің белсенділігі артпай отыр. Технология қоғамдағы реттеу тәсілдерін өзгерткенімен, оның мәнін өзгерте алмайды. Әлем елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, «e-government» жүйесі тиімді пайдаланылғанымен, мемлекеттің әлеуметтік және технологиялық даму деңгейі арасындағы қарама-қайшылық жойыла қоймады; электрондық революция, тіпті, керемет деген IT-жобаның өзі демократияға тірек бола алмайтындығы, керісінше, технологияның арқасында үкімет үшін қоғам соғұрлым ашық, яғни, қоғам бақыланатындығы байқалуда; қызметі нашар ұйымдастырылған мемлекет электрондық үкімет арқасында жақсы болып кете алмайды, артта қалған қоғам тұрғындары қандай болмасын ақпараттық қорларға қол жеткізе алғанымен, посттоталитарлықтан демократиялық қоғамға аттап өте алмайды. Ақпараттық дамыған шет елдерде «электрондық үкіметті» енгізу бюрократиялық процедуралардың жеңілдеуіне, азаматтардың билік институттарына сенімінің артуы, олардың саяси процестерге қатысу белсендігі артуы сияқты факторлармен айқындауға болады. Елімізде электронды үкіметтің жүзеге асуы бюрократизм мен қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күресте оң нәтиже береді деп күтілуде. Электронды үкімет платформасында азаматтар мен үкіметтің жақындасуы мемлекет тұрақтылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік-саяси теңдікті сақтауға ықпал етеді. Ағымдағы жағдайды қысқаша талдауға келетін болсақ, 2008 жылдан бастап мерзімде Қазақстанның «электрондық үкіметі» БҰҰ рейтингінде 43 позицияға көтерілді. 2012 жылғы наурыздың басында жарияланған «Электрондық үкімет адамдар үшін» БҰҰ E-Government Survey-2012 рейтингінде 38-орынды алды. Онлайн-қызметтерінің индексі 10 позицияға өсті. Е-қатысу индексі бойынша Қазақстан Сингапурмен бірге әлемде 2-орынды бөлісті. Азаматтар мен ұйымдарға ақпаратты және қызметтерді беру міндеттерінің шешімінде базалық құрауыштар ойдағыдай іске асырылды және «электрондық үкімет» инфрақұрылымы құрылды, осындай жобалар ретінде: электрондық лицензияларды беру, ХҚКО, салықтар мен айыппұлдардың электрондық төлемі, электрондық нотариат, электрондық кеден, электрондық мемлекеттік қызметтер, «электрондық үкімет» Call-орталығы бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиімділігін арттыру мақсатында осындай электрондық құжат айналымы, электрондық мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік органдардың порталдары жобалары іске асырылды, Қазақстанның барлық емдеу мекемелерін және медицинаны басқарудың барлық жүйелерін қамтитын е-денсаулық сақтау жобасы енгізілуде.

«Е-Қаржымині» және «Е-Статистика» жобаларын іске асыру аяқталуда. «Электрондық үкімет» инфрақұрылымы арқылы мемлекеттік органдармен халыққа және бизнеске

236 интерактивтік және транзакциялық қызметтер беріледі, оның 108 «электрондық лицензиялау» порталында және 128 «электрондық үкімет» порталында ұсынылады.

«Электрондық үкімет» порталын күн сайын 25 000 аса азаматтар пайдаланады. 13.3 млн. аса е-анықтамалар, оның ішінде 2012 жылғы 1 жарты жылдықта 4 млн. аса е-анықтамалар берілді.

2011 жылы 15% әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтер электрондық форматқа көшірілді. 2013 жылда әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді 100% автоматтандырылды.

Электрондық мемлекеттік қызметтерді алу үшін халыққа және бизнеске 1 млн. аса электрондық цифрлық қолтаңбалар берілді. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі барлық лицензиарлар мемлекеттік органдарда, 79 аумақтық лицензиарларда, 16 жергілікті атқарушы органдардан 8-не енгізілді.

2012 жылғы сәуірдің 1-нен бастап орталық мемлекеттік органдардың барлық лицензиялары электрондық нысанда қалыптастырылуда, 2012 жылғы 9 айда 13 мыңнан аса электрондық лицензиялар қалыптастырылды. 92 лицензияларды оңтайландыру, 80 рұқсат беру құжаттарын автоматтандыру және оңтайландыру жөніндегі жоспарлар бекітілді. 13 сала үшін өнімділіктің, қызметтің қосымшалар деректерінің, технологиялар мен стандарттардың эталондық моделдері құрылды, сондай-ақ оларды толтыру және бұдан былай сүйемелдеу үшін әдістемелер әзірленді.

5 жылға дейін сақтау мерзімімен құжаттарды қағаз тасығыштағы құжаттарды қайталаусыз орталық мемлекеттік органдарды электрондық құжат айналымына көшіру қамтамасыз етілді. Электрондық әкімдіктерді дамытудың аясында 20 мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мүмкіндігімен «е-әкімдік» өңірлік шлюзі» жобасы іске асырылды [1].

Ақпараттық қоғамға өтудің басты құралы ретінде мемлекет, қоғам және бизнестің мүмкіндіктерін шоғырландыратын әдетте арнайы мемлекеттік бағдарламалар дайындалады. Тұтас алғанда балама бағдарламалар көптеген еуропалық елдерде, Орталық және Оңтүстік Америка мен Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар елдерінде қабылданған. Мұндай бағдарламалардың басты элементтері – арзан да жалпыға қолжетімді Интернетпен қамту, «электронды үкіметтің» дамуы, онлайн бизнесі мен білім беруді арттыру саналады. Ресейді «Электронды Ресей» бағдарламасы 2001 жылдан басталса, Қазақстанда «электронды үкімет» мемлекеттік бағдарламасы 2005 жылдан басталды. Электронды үкіметті қолданысқа енгізудің әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік ақпараттық саясат Концепциясындағы отандық моделін жүйелі түрде қарастырған абзал. Мемлекеттің ақпараттық кеңістігін жүйелі сараптау және толық ақпарат ағымын басқаратын объект ретінде қарастыру нәтижесінде мемлекеттің ақпараттық саясатының негізгі стратегиялық мақсаты мен толыққанды функционалдық міндеттері анықталуы тиіс. «Электронды үкімет» жобасының ең басты міндеті, Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін құру және дамыту болып табылады. Қазақстанда «электронды үкімет» құрудағы мемлекеттің ақпараттық саясаттың басты жетістігі ұлттық моделінің қалыптасуы саналады. Бұған Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдары «Электронды үкімет» құрудың Мемлекеттік бағдарламасы, «Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңы және ҚР ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын құру және дамыту Мемлекеттік бағдарламасы болды [3].

Қазіргі таңда мемлекеттік органдардың рұқсат беру жүйесін және бақылау-қадағалау қызметін жетілдіру жөнінде шаралар жүзеге асырылуда, рұқсат беру құжаттарын беру үдерісі автоматтандырылуда, рұқсат беру рәсімдерін ықшамдау жөніндегі нормалар заң жүзінде бекітілген, сондай-ақ тәуекелдіктерді басқару жүйесі негізінде тексерістердің мерзімділігін белгілеуге мүмкіндік жасайтын механизм енгізілген.

Осы шаралардың барлығы мына көрсектіштерге жетуге бағытталған:

• уақыт шығындарын және бизнес шығындарын қысқарту;

• әкімшілік тосқауылдарды төмендету;

• мемлекеттік органның бақылау қызметін реттеу;

• халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін арттыру.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістері автоматтандыруға және оңтайландыруға бағытылған бір қатар шаралар жүзеге асырылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының Президентінің «[Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы](#)» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы

2. Алияров Е.К. Государственная информационная политика РК в условиях глобальной информатизации. – Алматы, 2006. – 400 с. <http://www.e.gov.kz>
3. Назарбаев Н. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс // Егемен Қазақстан. 14 қазан 2009 жыл. 1-2 б.

ВНЕДРЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СИСТЕМУ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ж. Р. Жолдаспеков, Г.С.Кушуков, Г.Т. Самиева

В статье представлены проблемы внедрение и развитие в перспективе информационных технологий в систему государственного управления Республики Казахстан

INTRODUCTION OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN SYSTEM OF STATE ADMINISTRATION OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Zh. R. Zholdaspekov, G.S.Kushukov, G.T.Samieva

In the article problems are presented introduction and development in the prospect of information technologies in the system of state administration of Republic of Kazakhstan

УДК: 336 (574)

К.Е. Хасенова, А.Ж. Макажанова

Государственный университет имени Шакарима города Семей

ШЕТЕЛДЕРДЕГІ БЮДЖЕТТІК ПРОЦЕСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Осы мақалада бюджеттік процесстің шетелдік тәжірибесінің ерекшеліктері қарастырылған.

Ключевые слова: бюджет, казынашылық, мемлекеттік табыстар, мемлекеттік шығыстар.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер унитарлы болып табылады. Оған орталық Еуропадағы экономиканың өтпелі формасындағы Батыс Еуропа елдері жатады - Чехия, Венгрия, Польша, Румыния, Болгария. Көпдеңгейлі бюджеттік құрылымы бар елдерге келесі елдер жатады: Қытай, Жаңа Зеландия, Египет, Франция, Жапония, Италия, Испания, Португалия, Норвегия, Индонезия, Корея, Швеция, Турция, Ұлыбритания.

Сонымен қатар көптеген мемлекеттерде өзінің қалыптасқан бюджет жүйесінің ерекшеліктері бар. Бюджеттік жүйенің құрылымы мемлекеттің құрылымымен байланысты болғандықтан әрбір елдегі бюджеттің құрылымы, бюджет кірістері мен шығыстары және қаржы жылы, бюджеттік процес әр елде әр түрлі болып келеді.

Монополистік кезеңге дейін қаржылық жүйе 2 звенодан тұрған. Мемлекеттік бюджет және жергілікті қаржылар. Олар ақша қаражатының қорларының құрылуына мүмкіндік берген. Кейіннен өндірістердің дамуына байланысты шаруашылық қызметтердің күшейуіне байланысты қаржылық жүйе экономикалық құрылымда көптеген өзгерістерге келеді. Осыған байланысты жаңадан қаржылық звенолар дамыды. Қазіргі уақытта мемлекеттердің көбінде мемлекеттік қаржылық жүйе 4 звенодан тұрады: мемлекеттік бюджет, жергілікті қаржылар, кәсіпорын қаржылары, арнайы бюджеттік емес қорлар. Осы әрбір звено қаржылық элементтердің жиынтығын көрсетеді. Яғни олар бір-бірімен байланысты қаржылық саясатты орындауға бағытталған. Осы звенолардың көмегімен мемлекет өзінің қаржылық экономикалық қиыншылық кезеңіндегі экономикалық және әлеуметтік процестер диапазонының кең түрде болуына ықпалын тигізеді. Қаржылық жүйенің негізгі звеносы болып мемлекеттік бюджет табылады. Яғни ол үкімет басқармасындағы орталықтанған ақшалай қорларды білдіреді. Осы қаржылық жүйеде мемлекеттің неғұрлым үлкен кірістерімен және жалпы мемлекеттік шығыстары жүргізіледі. Мемлекеттік бюджеттің негізгі табыс көзі болып – салықтар, кедендік баждар, әртүрлі айыппұлдар. Көбіне шет мемлекеттерде бюджеттің кіріс көзін 70 - 90 % салықтар құрайды, ал шығыс бөлігінің көбі әскери шығындар болып табылады.

Жергілікті қаржылар – аймақтың өндіріс кешендерінің, ғылыми-техникалық прогресстердің дамуына кетіп отыратын қаржылар. Жергілікті басқарушы органдарға кететін шығындар әлеуметтік

мақсаттарды қорғайды. АҚШ-та жергілікті қаржылар құрылымы құрамына штаттар бюджеті, гравстволар, муниципалитеттер кіреді.

Германияда – жер бюджеті және қауымдастықтар бюджеті кіреді. Федералдық мемлекеттерде мысалы АҚШ, ФРГ, Канада, Ресейде жергілікті бюджеттің құрамына жалпы мемлекеттік шығындардың 40 – 50 % кіреді. Унитарлық мемлекеттерде мысалы Ұлыбритания, Франция, Италияда жергілікті бюджеттің құрамына жалпы мемлекеттік шығындардың 30 % кіреді[1].

Мемлекеттің бюджеттен тыс қорлары Үкіметтің орталық және аймақтық органдарының қарауында болатын және мақсатты бағыты бар қаржылық қаражаттардың жиынтығы. Олар қаржылық жүйенің маңызды звеносы болып табылады. Олардың құрылуы мен пайдалануының тәртібі қаржылық құқықпен реттеледі. Бюджеттен тыс қорлар мемлекет пен халықтың белгілі бір әлеуметтік тобының мүддесіне ұлттық табысты қайта таратудың әдістерінің бірі болып табылады. Мемлекет халықтың табысының бөлігін өз шараларын қаржыландыру үшін мобилизациялайды. Мемлекеттің бюджеттен тыс қорларының пайда болуы мемлекеттің біртұтас ақшалай орталық қорының, яғни бюджеттің пайда болуына дейін іске асырылған, яғни арнайы қорлар және ерекше шоттар түрінде. Мемлекеттің қызметінің кеңеюімен жаңа шығындардың қатары көбейді. Оларды жабу үшін қаржылар арнайы қорларды орталықтандыруды және арнайы мақсаттар үшін арналды. Олар бірақ уақытша сипатта болды. Мемлекетпен көзделген шараларды орындаумен және оларды қаржыландыруды тоқтатумен осындай қорлар өз өмірін тоқтататын. Осыған орай арнайы қорлардың үнемі өзгеріп отырады, біреуі пайда болса, басқасы жоққа шығарылып отырады. Арнайы қорлардың көптігі белгілі бір қаржылық келеңсіздіктерге әкеледі және оларды басқаруға қосымша шығындарды талап етті. Орталықтандырылған мемлекеттің нығаюымен қаражаттардың унификациялық кезеңі басталады. Әртүрлі қорлардың бірігуі негізінде мемлекеттік бюджет пайда болады. Қазіргі жағдайда бюджетпен бірге бюджеттен тыс қорлардың мәні де қайтадан жоғарлауда. Осындай қаржылардың пайда болуына бірнеше себептер бар:

- мемлекеттік Үкімет органдарында әсіресе тұрақсыз экономика жағыдайында кәсіпкерлікті қаржылық қолдау үшін және шаруашылық өмірге араласу үшін қосымша қаржылар пайда болды.

- бюджеттен автономды бұл қорлар мемлекет тарапынан аса назарды талап етуші маңызды жаңа міндеттерді шешу үшін көзделген қатаң мақсатты түрде қаржылардың пайдалануы мемлекеттік басқаруды қамтамасыз етеді.

- бюджеттен тыс қорлар белгілі бір шараларға орай, яғни активті сальдоның болуымен әртүрлі механизмдер арқылы бюджеттік тапшылықты жабу үшін пайдаланылады.

Бюджеттен тыс қорлар екі жолмен құрылады:

а) бюджеттен өте маңызды мәні бар шығындардың бөлінуі;

ә) Табыстардың жеке қайнаркөздерімен бюджеттен тыс қорлардың құрылуы.

Бюджеттен тыс қорларды мақсатты пайдалану үшін әдетте қорлардың атауында қаржыларды шығындау мақсаты көзделген. Бюджеттен тыс қорлардың материалдық қайнаркөзі болып ұлттық табыс табылады. Қорлардың негізгі бөлігі ұлттық табысты қайта тарату процесінде құрылады.

Шетелдегі қаржылық жүйеде арнайы қорлар маңызды орын алады. Олардағы шоғырландырылған қаржылар көлемі айтарлықтай. Францияда арнайы қорлар мөлшері бойынша елдің мемлекеттік бюджетіне жақын, Жапонияда арнайы қорлардан мемлекеттік шығындардың тең жартысынан астамы, ал Ұлыбританияда үштен бірі қолданылады. Шетелде арнайы қорларға әртүрлі автономды және біріккен бюджеттер, бюджеттен тыс қорлар, арнайы смета және шоттар жатады. Оларға ең алдымен экономикалық және әлеуметтік функциялар жүктеледі. Қорлардың қаржыларын пайдалана отырып мемлекет өндіріс процесіне араласуы, кәсіпорындарға субсидиялар және кредиттер беруі, халыққа әлеуметтік көмек көрсетуі мүмкін. Ал қорлар мақсатты сипатта болады. Мысалы әртүрлі сақтандыру сақтанушыларға зейнетақы және жәрдемақы төлеуге, кредиттік қорлар кәсіпкерлерге және басқа мемлекеттерге ссудалар беруге бағытталған. Алайда кейбір қорларда шығындардың түрі әрқашан тура анықталмайды. Мысалы, Ұлыбританияда барлық қорларда жеке теңдікті қолдау үшін мемлекеттер мен ведомстволардың қалдықтарынан құрылатын Бас қазынашылық қор бар.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық табысының бөлігі осы шотта концентрацияланады және қажеттілігіне байланысты жергілікті бюджеттерге бағытталады.

Мемлекеттік бюджет бұл қаржылық жүйенің орталық звеносы болып табылады. Бюджетте барлық негізгі қаржылық институттар – шығындар, табыстардың барлық түрі, мемлекеттік қарыздар жинақталады. Бюджет мемлекетпен шығындалатын және салықтармен өз мақсаттарын, міндеттерін орындау үшін жинақталатын орталықтандырылған ақшалай қорын көрсетеді[2].

Мемлекеттік бюджеттік құрылымы әр мемлекетте әртүрлі. Әр бір мемлекетте мемлекеттік

бюджет құрылымы өз ерекшелігіне қарай ерекшеленеді. Олар әкімшілік жүйе, экономиканың құрылымдық ерекшелігі және тағы басқа факторлардың түріне байланысты болады. АҚШ-та «толық бюджет» негізінде құрылған және екі бөліктен тұрады: жеке үкіметтік бюджет (федералдық қорлар), сенімділік қорлары (трастары).

Жеке Үкіметтік бюджет – жалпы ұлттық бағдарламаларды, мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық функцияларымен байланысты бағдарламаларды қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Оның шығын қатарын әскери, ішкі және сыртқы саясат, пайыздарды төлеу, басқару аппараттарын қаржыландыру, әлеуметтік шығындары жатады. Ал табыс көздері салықтар есебінен, жеке азаматтардың табыс салығы, корпорациялардың табыс салығы, акциздер, кедендік баждар жатады.

Сенімділік қорлары – мақсатты түрде жүргізіледі. Осы қорлар мемлекеттік, өндірістік инфрақұрылымдардың жеке тұрмыстық қызметімен байланысты болады. Соның ішінде федералдық автостраттарды, аэропорттарды, су электро станцияларын қаржыландырады. Осылардың ең ірі қоры болып әлеуметтік сақтандыру қоры болып табылады. Яғни олар зейнетақымен қамтамасыз етумен, жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы төлеумен байланысты. Сенімділік қорының табыстары мемлекеттік жекеменшігінің эксплуатациясының есебінен жүргізіледі. Әлеуметтік сақтандыру қорлары негізінен жұмысшылардың және кәсіпкерлердің есебінен және, ал мемлекеттік қызмет етуші де қызмет етушілердің және бүкіл Федералдық үкіметтің салымшылары есебінен қалыптастырылады.

АҚШ-да бюджеттік процесс бірнеше стадиялардан тұрады және қаржы жылы басталғанға дейінгі 18 айға дейін басталады. АҚШ-да қаржылық жыл 1- қазаннан басталады. Ағымдағы жылдың сәуір айында Президенттің әкімшілік – бюджеттік басқармасы федералды министрліктер мен ведомстволар үшін болжанатын жылға бюджетті жоспарлауда қолданылатын негізгі ережелер мен көрсеткіштерді дайындау бойынша ұсыныстар әзірлейді. Ағымдағы жылдың 1-қыркүйегіне дейін федералды агенттіктер мен ведомстволар Президенттің әкімшілік бюджеттік басқармасына бағдарламалардың жобасын ұсынады, ол ескертулер болса қайтадан өңдеу үшін қайтарылады. Әрбір агенттік және ведомство бойынша шығындар есебі болжанатын жылға және түсіндірмемен бірге бес жылға жасалады. Желтоқсанның соңында әкімшілік бюджеттік басқарма деңгейінде бюджет жобасын қалыптастыру аяқталады және ол Президенттің қарауына жіберіледі. Президент келесі жылдың ақпанында Конгреске бюджет жобасын ұсынады. Конгрестің жоғарғы және төменгі палаталары бюджет жобасы бойынша түрлі нұсқамаларды дайындайды және оларды бөлек жиналыста қабылдайды. Жоба қорытындысы бойынша келіспеушіліктер келісім комиссиясының жұмысында қарастырылады. Шешім қабылданғаннан кейін екі палатаның бюджет бойынша комитеттері Конгресс мүшелеріне бюджет бойынша заң жобасына енгізуге қажетті өзгерістерді баяндайды. Бюджет шығыстары бойынша заң жобалары бюджет бойынша қабылданған шешімді негізге ала отырып Президентпен ұсынылған жоба негізінде ассигнования бойынша комитеттерде өңделеді. Дайындалған заң жобалары әр палатада дауысқа салынып, біріккен отырыста келісіледі. Палаталарда қайтадан дауысқа салынғаннан кейін бюджет жобасы 15-сәуірге дейін Президентке қол қоюға жіберіледі[3].

Бюджет бекітілгеннен кейін әкімшілік бюджеттік басқарма шығыстарды тоқсанға бөліп, негізгі көрсеткіштерін қазыналыққа жібереді. Бұл бөлулер заңдылық деңгейде бекітілмейді. 1-сәуірге дейін әкімшілік бюджеттік басқарма өзінің бұйрықтарымен федералды министрліктер мен ведомстволарға бөлінген ассигнованиялардың мөлшерін жеткізеді. Федералды органдардың өзінің бюджеттік шоттары болмайды және олардың бюджеттік шығыстары Қазыналықтың шоттары арқылы өткізіледі. АҚШ-да бюджеттің атқарылуы қазынашылық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Барлық бюджеттік қаражаттар федералды резервтік жүйенің Нью-Йорк банкінің бас шотында сақталады. Федералды резервтік жүйенің Нью-Йорк банкі және коммерциялық банктер жүйесі Үкімет агенті болып табылады және бюджеттік қаражаттарға байланысты жеке өз еркімен шешім қабылдамайды. Федералды резервтік жүйенің өкілеттілігі заңдылықпен анықталған, коммерциялық банктер федералды резервтік жүйенің келісімі негізінде қатысады. АҚШ-да бюджет кірістері елдің бүкіл территориясында қызмет ететін 10 мыңнан астам банктік мекемелерде сақталады. Олар күн сайын федералды резервтік жүйенің 12 банкінде жинақталады. Жұмыс күнінің соңында пайдаланылмаған бюджеттік қаражаттар қалдығы көрсетілген 12 банкпен федералды резервтік жүйенің Нью-Йорк банкінің бас шотына аударылады. Банктік мекемелер меншік формасынан тәуелсіз 60 млрд. доллар мөлшерінде бюджет қаражаттарының жалпы қалдығына ие болады. Кірістер жетпеген жағдайда шотта қалған қаражаттарды уақытша пайдалану жүзеге асырылады. Бюджет қаражаттарының қалдығын сақтау федералды резервтік жүйе банктерінде мемлекеттік бағалы қағаздар кепілі негізінде іске асырылады[4].

Жалпы федералды бюджет шығыстары екі бөлімнен тұрады:

1) дискреционды шығыстар – жыл сайын қабылданатын ассигнованияларды бөлу туралы 13 заңдылық негізінде іске асырылатын шығыстар. Қазіргі уақытта аталған шығыстар түріне мемлекеттік қарыз лимиті таратылады.

2) Міндетті шығыстар – бұл шығыстар тұрақты болып табылады және федералды заңдылықпен бекітілген төлемдер бойынша мемлекет міндеттемелеріне сәйкес шектеусіз орындалады (оларға зейнетақымен қамтамасыз ету, әлеуметтік сақтандыру, мемлекеттік қарызға қызмет көрсету төлемдері жатады).

Бюджеттің атқарылуы барысында шығыстар 6 есептік – кассалық орталық арқылы чектерді беру жолымен іске асырылады. Чектер қажетті төлемдер жасалатын несиелік мекемелерге бағытталады. Төлемдерді есепке алу федералды резервтік жүйенің 12 банкінде іске асырылады. Құжаттарды процесдеуді тікелей банктер іске асырады. Федералды бюджет тапшылығы тек мемлекеттік бағалы қағаздарды тарату есебінен жабылады.

Шығыстар қатаң түрде іс жүзінде жасалған шығындар және тоқсанға бөлулер шегінде министрліктер мен ведомстволардың сұранысына сәйкес жүзеге асырылады. Жиналған кірістер көлемінен тәуелді мемлекеттік бағалы қағаздарды таратудың жоспарлы көлемі тәуелді болады.

Қаржылық жыл ағымында шығыс баптары бойынша өзгерістер мен толықтырулар жасалады. Ол келесідей қаражаттарды бір агенттік шегінде бір бағдарламадан басқа бағдарламаға аудару агенттігімен жеке жүзеге асырылады. Конгрестің ассигнованиялар бойынша комитеті барлық өзгерістер бойынша міндетті түрде ақпараттандыруды талап етеді. Агенттік бойынша жалпы шығыстар көлемін қосымша көбейту Президенттің ұсынысы бойынша арнайы заңдылық негізінде іске асырылады.

Жалпы агенттік бойынша шығыстарды азайту Конгресс шешімі бойынша жүзеге асырылады. Өзгерістер мен толықтырулар бойынша ережелер тек дискреционды шығыстарға қолданылады. Міндетті шығыстар іс жүзіне сәйкес іске асырылады және пайда болған шығыстар бойынша арнайы заңдылық қажеті болмайды. Конгрестің бюджеттік бюросы келесі жылға бюджетті қалыптастырады және 2,10 жылға экономикалық болжам жасайды. Конгрестің бюджеттік бюросы келесілерді талдайды: тапшылықты төмендету әдістерін; бюджеттік ұсыныстардың құндық бейнеленуін; болашақ заңдылықтар мен жобалардың құндық бейнеленуін; агенттіктер шегінде шығыстар есебін іске асырады; штаттар шегістер шығыстар есебін іске асырады; бюджет облысындағы саясатқа ұзақмерзімді талдау жасайды және бұл саясаттың экономикалық әсерін анықтайды.

АҚШ-да ішкі қарыз және бюджеттік процес туралы ақпарат ашық түрде жарияланады. Ұлыбританияда мемлекеттік бюджет екі бөлімнен тұрады: жай бюджет және ұлттық қарыздар қоры. Жай бюджет – мемлекеттік ағымдағы шығындарын қаржыландыруға жұмсалады. Олардың шығындары жыл сайын парламентпен бекітіліп және әрдайымғы шығындардың консалидарлық қорының болуымен бөлінеді. Бірінші шығындарға жатқызылатындар: әскери қызметті қорғау, әлеуметтік экономикалық мақсаттарға, жергілікті басқару органдарына субсидиялар, дамып келе жатқан елдерге көмек ретінде шығындар, бұл Британ елдерінің қауымдастығын кіретін елдерге беріледі. Екінші шығындар қатарына – консалидарлық қорлардың есебінен шығатын шығындар – барлық жүргізілетін шығындар. Бұлар парламентте қарастырылмайды. Мемлекеттік қарыздарды төлеу – ұлттық қарыздар қорының есебінен жүргізіледі.

Орталықтандырылған бюджетке түсімдер орталыққа бағынған шаруашылық органдарымен, кедендік баждан, сыртқы займдардан түседі. Орталықтандырылған бюджеттің қаражаттары жалпы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалады. Мысалы: халықшаруашылық үлкен объектілерін салуға, ғылымды дамытуға, мәдениетті, денсаулықты дамытуға, әскери күштерді ұстауға, әкімшілік басқару аппаратын ұстауға бағытталады. Орталықтандырылған бюджет – барлық бюджеттік түсімдердің үштен екісін концентрациялайды және шығындарың жартысын жабады. Жергілікті бюджетке түсімдер жергілікті кәсіпорындар мен ұйымдардан түседі және салықтардың әртүрлерінен жергілікті бюджет шотына жергілікті мәні бар шаруашылық объектілері салынады. Ақырғы жылдары жергілікті бюджет пен орталықтандырылған бюджеттің арасында кең таралған байланыс туындады. Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің 92.5 % әртүрлі салықтық түсімдердің түсуінен қалыптасады, соның ішінде 53% сауда өндірістік салық құрайды, 23% мемлекеттік кәсіпорындардың табыс салығы құрайды. Бюджеттің шығыс бөлігінің 29%-ға жуығын капиталдық құрылымның ассигнованияларына келеді, 16% мәдениет сферасына, ғылымға, білім беруге, медициналық қамсыздандыру, 8.5% қорғаныс, 7% әкімшілік басқарушылық шығындары. Ақырғы жылдары мемлекеттік бюджет көбіне дефицитке кез болуда. Дефицит және займдар бойынша қарыздар бюджеттің шығыс бөлігінің 10% - на жеткен. Қытайда салықтың 26 түрі бар. 11 түрі мемлекеттік кәсіпорындардікі. Бүкіл халықтық қытай өкілдерінің жиналысы мемлекеттің ең

жоғарғы басқаруы болып табылады.

